

Г 2004
523 к




МАФИРА ҚОЖАХМЕТОВА

**КҮННИҢ
АЛТЫН СЫНЫҒЫ**







Г 2004/523 к

Мағира Қожахметова

КҮННІҢ
АЛТЫН СЫНЫҒЫ

ӘҢГІМЕЛЕР



«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ

Алматы—1980

Қаз2
Қ 56



Қожахметова А. 1980
К 56 Күннің алтын сынығы.— Алматы.: Жалын, 1980.—
136 бет., 1 сурет.

«Күннің алтын сынығы» — М. Қожахметованың тұңғыш кітабы. Жинақтағы әңгімелердің ортақ тақырыбы бар. Ол — достық, махаббат. Автор жас қаһарман проблемасын да өзінше, жаңаша шешуге ұмтылады.

Қаз 2

К $\frac{70303-143}{408(05)80}$ 210 — 80 — 4702230200

© «Жалын» баспасы, 1980

Жуас

Есікті әрең ашты. Денесі қорғасын тартып, аяғын әр жерден бір алады. Әбден шаршағанын сезіп, кереуетке бұрылғаны сол еді, қабырғадағы ұлының суреті көзіне оттай басылып, көңілі жылып сала берді. Бір ноқатқа аңтарыла қараған сәби жанары қашан, қанша қараса да Дүйсекті жалықтырмай, өзінің моп-момақан сүйкімділігімен жүрегін одан сайын елжіретті.

Сырт киімдерін орындық арқалығына іле салып, кереуетке қисайды. Буын-буынын шалған жаңағы марғаулықтан құтылғандай жеңілейіп қалғанымен, жалғыз жатқандықтан ба, қайдағы көңілсіз ойлардан басы айналатын сияқты, әлде өзегі талды ма, алдынан ас әзірлеп күтетін қай келіншегі отыр? Жігіттермен бірге тамақтанбай, жекеден-жеке асханаға барса, ас батпайды. Әлдекім келіп қолқаламаса, нәр сызбай жата беретінін қайтерсің. «Сонда кімге қыр көрсеткенім, кім керек қылып жатыр мені... мына суық бөлмеден ертелі-кеш шықпай қойса, селт етер ме екен жанындағылар? Қуаныштың осында тұрады дегені болмаса, анда-санда ғана соғып кететіні бар. Ермек күні бойы жұмыста, кешке сабақ деп жанталасады. Сонда өзі ғана бөлмені жалғыз жайлайтын. ...Қазір ғой іні-қарындастарының бастары қосылып, мәре-сәре, анасы кешкі сауыннан соң сүт пісіріп, інір қарбаласы басталған шығар. Әрине, Дүйсектің орны үңірейіп тұр. Әсіресе, шешесі балаларына зар төгетінін бұл мына жақта, туған ошағынан пәлен жүз шақырым жерде жүріп-ақ іші сезіп отыр. «Отымның алды, суымның тұнығы, тұлабойы тұңғышымның қызығы — Думанымды кімге ғана жаутаңдатып қойдыңдар...» Анасының сарнаған даусы құлағының дәл түбінен

естілгендей, Дүйсек аядай бөлмені әденеше рет айналып шықты.

...Мағынасыздық... неден туды, кім кімді алдап, кімге кімнің тісі батты? Мұның не кінәсі бар? Есін білгеннен адамдардың қас-қабағын аңдып, тірі тышқанның көңілін қалдырмасам деп келе жатқан жоқ па? Осы жасқа жеткенше біреуді иығынан қағып көріп пе еді... әлі күнге дейін айналасындағыларға жалтақтайды. Не үшін? Өзі де білмейді мұның себебін, бірақ осы тірлігінің әлдеқандай сиқырлы күшке тәуелділігін лажсыз мойындайды. Тіпті әр қимыл-қозғалысы, іс-әрекеті, сана-сезімі еркінен тыс қандай да бір құбылысқа бағынышты екен. Ойлап отырса, отызға таяған жасының ішінде бұл басқалар белшесінен кешіп, кенеліп жүрміз деген тәтті тірлігінің мән-маңызын әлі де ұғынбайды. Әрине, мұның да өзгелер сияқты тойған қозыдай момақан қарекет кешкісі келетіні рас. Әзірше ойлағаны алдынан шыққан емес, басқаларға ұқсап кейде биікке самғайтындай іштей қомданғанымен, бұнысы тасбақаның аяқ алысындай әурешіліктен әрі аспайды. Мандай терін сыпырып, ақ адал күнкөріс кешсе де, бір де бір ісі алға баспай, босқа қара тер болатынына қайран. Тұрақсыздығынан тауып жүр-ау. Қолынан келмейтіні жоқ болғанымен тындырғаны шамалы. Трактор, комбайн айдады, қой да бақты. Ақыр аяғында бәріне қолын сілтеп, қалаға қашып келді, қазір құрылыста тас қалаушы. Бұдан екі жыл бұрын Дүйсек мынау талайсыз тағдырындағы өрмекшінің торындай шытырман оқиғалардан мүлдем бейхабар-ды. Болашағын болжай алса, ата-анасынан, бауырларынан шалғайға ұзамас па еді, кім білсін?!

* * *

— Жасың жиырмадан асса да үйленетін ниетің жоқ, бұ қалай? Тым болмаса ауру ананды аясаңшы, әлде қыздарға көңілің толмай ма.— Бейсенкүл дастарқан ба-

сындағыларға оң көзін қысып қойды,— ә, Дүйсек...

— Жж-жоқ,— деді жігіт тұтығып. Былай да тұтықпа тілі қазір мүлдем күрмелді. Қараторы жүзі одан әрмен күреңітіп, танауының астынан естілер-естілмес миңгірлейді. Қаны бетке теуіп, Рымжан отырған жаққа әлсін-әлсін қарады, қыз жанарын тайдырып әкетті. Осынша қызды үйіне ертіп кеп, солардың ортасында жалғыз отырғанына өзі де таң. Топтың арасынан соның, дәл соның өзі бұған ұрлана көз жүгірткенін жігіт сезіп отыр. Бір ғажабы — Дүйсектің жүрек түкпірінде тығылған жасырын ойын қыздар қысылып-қымтырылмай-ақ әшкерелеп отыр. Мұның көкейіндегісін, ешкімге айтуға батылы жетпеген сырын мыналар қалайша оп-оңай түсіне қойған? Бірінің аузынан екіншісі қағып алып, Дүйсек пен Рымжанның тіл табысуын, екеуінің бірге болуын қалайтындықтарын, бұлардың бақыты үшін шарап емес, арақ ішкілері келетіндігін ашық айтқандарын-ай! Мұның бәрі Дүйсекке ұнай бастады. Қыздармен рюмка қағыстырып ішкен сайын ұяндықтан құтылып, болмысында бітпеген бір өжеттік қиялына қанат байлағандай. «Бәрі де менің ойымдағыны қайталайды, менің айта алмай келгенімді жеткізіп жатыр... Қандай қызық...» Осы кезге дейін өзіне әйел пендесінің ықылас аударғанын байқап та көрмеген жігітті жаңағы айтылған жылы лебіздер кәдімгідей есеңгіреткендей. Анда-санда жалт етіп қадалған көздерден бұрын-сонды ешкімнен кездестірмеген жылылықты, тағдырының қандай да жазмышына мойынсұнған көнбістік пе, әлде ізгілік пе, әйтеуір Рымжанның сол сәттегі бар қылығы көңіліндегісін дөп тауып, жігіт ерекше толқыған. Алды-артын бағдарлауына келтірген жоқ, әлден уақытта қызып алған қыздар екеуін оңаша қалдырып, қолдарын қатты-қатты қысып, әдемі тілектер айтып, тайып тұрды.

Ертеңіне жұрттың бәрінен бұрын ояңған Дүйсек

демін ішіне бүгіп, далаға атып шықты. Ұяттан екі беті дуылдап, көпке шейін үйіне кіруге дәрмені жетпей, әр нәрсенің басын шалып жүріп-ақ, қорадағы шаруаның біразын тындырып қойды. Бір шешімге белді бекем бұғанымен әлденеден жасқанады... Оңайлықпен басына қонған бақытына сенер-сенбестей, үміт пен күдік қатар жарысып, көңілі дал. Жүрегі дүрс-дүрс соғып, үй жаққа беттей алмай жүр.

Қылмыс жасағандай іштей қуыстанып, сонша қорыққаны несі екен? Енді ол күні кешегіге дейінгі мұңсыз, қамсыз кешкен тірлігін аңсап кетті. Ешкімнің де назарына ілінбей жүргеннің өзі-ақ жақсы екен ғой. Қазір өзінен-өзі қаймығып тұр. Шалбарына қарап еді, қыры кетіп қалыпты, қолдары да жарылып-жарылып, өз әлпетіне өзі ыза болды.

— Балам, кір үйге...— Дүйсек шешесінің қатқылдау шыққан үнінен селк етті. Аяғын әрең басып, ілгері аттады-ау. Ішке кіргенде анасының алдында басын төмен тұқыртып, соншалықты биязылықпен жайғасқан Рымжанды көріп, жүрегі елжіреп жүре берді. «Мен келімін...» дегенді үнсіз білдіреді түрі.

Дүйсек толқып кетті. Бұған дейін басынан кешпеген таңғажайып сәтпен ұшырасып, өзі елестетіп те көрмеген әйелдің сүйкімділігімен тұңғыш рет дидарласқандай. Жанары жәудіреп көп жәйтті ишарамен ұғындырған жас келіншек жігітті есінен тандыра жаздап отыр. Екеуі өзара тіл қатыспағанымен, бір-бірін жұмбақ күш байлап-матап тастаған. Рымжанның осы қалпы Дүйсекке жүктелген борышты, оның біреулерге сүйеніш боларлықтай жағдайын дәлелдеп, азаматтық міндеті басқалардың алдында кәдімгідей қомақтана түсті. Кірпіктерін анда-санда дірілдете қағып, қарашығын төңкере қарағанда, жігітке дүние атаулы аударылып-төңкеріле, теңселіп кетті. Кімге не айтып, не қойғаны есінде жоқ, қуаныштан ба, әлде тағдырын мүлдем бөлек арнаға

бұрып жіберген қас қағым сәттегі өзгерістен бе, денесі бір ысып, бір суып, екі беті күйіп барады. Таңертеңнен бергі беймазалық лезде ғайып боп, ойын сан-саққа жүгерткен күдіктен арылған. Жігіттің есі-дертін алып, мысын құртқан не? Бұрын-соңды өзіне ешкімнің көңілі осынша құлап көрмегендігінен де, мүмкін қыздың болымсыз қылымсығанына-ақ масайған шығар.

Өзгелердің өзгеше тірлігі бұның әлі күнге ештеңе өндірмей жүрген мардымсыздығын әрдайым есіне салатын. Түн ұйқысы төрт бөлініп, мазасыз ойлардан басы қазандай боп жарылып кете жаздағанда түйетіні: «Неге әрбір жұмыр бастының оп-оңай қолы жетіп жатқанына менің дәрменім жетпейді, неге мен бірнеше жанның ғұмырын өткергендей хал кешіп, солардың әрқайсысының басына қонған базарлы бақыттың тым болмаса жарты-жарымын иеленбеймін, неге мен адамдарға көп жаутаңдаймын...» Сөйтсе, мұның бәрі жалған екен, бұған да жаутаңдап отыр және кім десеңші! Бәлкі қарттардың жиі айтатын бақ-дәулет дегені осы шығар?

Рымжан біразға дейін басын көтерген жоқ. Бірте-бірте тал бойындағы жарасымдылық жалбарынышқа айналып, жанындағылардан жылы емеурін іздегендей. Әсіресе, не қуанғаны, не ренжігені белгісіз, аракідік әр нәрсені сұраумен ғана шектеліп отырған қара торы әйелдің көзіне тура қарай алмайды.

Ұлы мен алдында тізе бүккен бейтаныс қызға алмакезек қарады анасы. Бәрін де іші сезеді, келініңмін деп сыңай танытқан бойжеткенде әлдеқандай кіріптарлық бар, әйтпесе несіне бүгежектеп жүзін жасырады? Әдетте қыздар арындап кеп, асқақтап отырмайтын ба еді, әлде?...

Сұраулы ксіппен Дүйсекке бұрылды. Сөзін күлімдеп бастап, аяғында тұтығып, зорлана жымиған ұлының түрін көргенде шешесі жерге қарады. Ауыр күрсініп: «Жақсы, жақсы алдарыңнан жарылқасын...»— дей бер-

ді. Көзіне келіп қалған жасын тыя алмай, орнынан тұрып барып, Рымжанның маңдайынан иіскеді. Келініне еміренгені ме, баласының кемістігіне налып жылағаны ма, байқатқан жоқ.

Кім ұлын ұяға, қызын қияға қондыруды қаламайды, дiттегенi алдынан оралып, ойлағаны орнынан табылса, неге қуанбасын. Бұл қуанышының ар жағында кеудесін кемiрген күдiгiн жасырып, кешеден бергi жағдаймен сырттай санасып отыр. Әжiм сызған жүзi терең мұннан кiреукеленiп, iштен тынған сыңай танытты. Оңашада көзiнiң жасын сығып алып, таңертеңнен үйiне ерсiлi-қарсылы келiп жатқан көршi-көлемдерiне кәдiмгiдей күлiмсiрейдi. Ауыздарынан ақ тiлектер ақтарылғанымен, көп күдiктi iштерiне түйiп, бұларды көздерiмен iшiп-жеп, сынай қарағандарға көңiл түкпiрiнде тығылған түйткiлiн тiптi де сездiрер ме? Өкiнiш өртiне күйiп-жанғанымен, уайымға бой алдырмай нық жүр.

Балаларының ертеңiн ойлайды-дағы, кәрi жүрегi бiр ыңғайсыздықты аңғарғанымен, кекесiн жымыстардан Дүйсегiнiң басын арашалап алғысы келедi. Үнемі қабағы салыңқы жүретiн ұлының бойынан қазiр ерекше елгезектiктi көрдi. «Осынысынан жазбаса жарар-ды»,— деп күбiрледi әлсiн-әлсiн. Жастайынан бұйығы өскен тұңғышының тындырымсыздығы мен жасықтығына, есейген сайын қатарластарынан оқшауланып, елеусiз кешкен күндерiнiң не мақсаты барлығына әркез алаңдайтын. Тең құрбыларынан қалмай жолын тауып, өздерiне өкпе артпаса деп тiлейтiн. Жалғанда ұрпағыңның өзiңе артқан кiнәсiн мойындау қиын, әйтпесе Дүйсектiң жадау тартқан түрiн көргенде, неге жерге кiре жаздайды? Пәлендей айыбым жоқ дегенiмен, бауыр етi баласының дәрменсiздiгi үшiн, мақаулығы үшiн өзiн кiнәлайтыны анық. Сондықтан да оның жер-жебiрiне жетiп, ұрысар жағдайы жоқ. Және қазiргi жастардың қай қылығына қарсы тұрарсың: «Өз аяғымен келiп қалған екен, ұлы-

ның етегінен ұстаған екен, қайтеміз, ұзағынан сүйіндірсін... Тек осы ұяндығынан жазбасын, момақансығаны өтірік мүләйімсу боп, түбінде шикілік жатпасын... Жо-жоқ, не шатасып тұрмын... о бастан ниетіміз таза жандар едік, қай пиғылымызға көрінсін жамандық... думандатындар, ағайын, қуанышымызға ортақтасып, тойымызды қызықтандар...»

Есік саңлауынан бастарын қылтитып, мойындарын ішке созған балалар мен ақ батасын жаудырған қариялардың өздеріне деген ерекше ілтипатынан Дүйсектің жүрегі аттай тулады. Бұдан былайғы тірлігі өзгеше өрнектеліп, енді ел санатына қосылатындай. Тіпті бұрын уақытын текке өткізген екен. Қазір әр минутын есепке алып, үйдің де, совхоздың да шаруасына етене араласып, ісі соншалықты тындырымды.

Көңілінде титтей күдік жоқ еді Дүйсектің. Рымжанмен қосылғаннан кейін көп уақыт өтпей-ақ, келіншегінің өткен өмірінен өзінен өзгенің бәрі хабардар болып шықты. Бұрынғы күйеуінің мекен-жайын жерсінбей сәбиін сонда тастап кеткені де рас екен.

Мұның бәрін басқалардың аузынан естігені ішін удай ашытқан. Бірақ ыстық құшақ аясында Рымжан ақтарыла бар сырын жайып салғанда, күйеуі оны кешірген. Тәңірінің мандайға жазғанына көнеді-дағы, тілейтіні — осы жарастықтарынан көз жазып қалмау. Дәл қазіргі жағдайына жігіт дән риза, сәл өзгеше жүйеге түссе, бағыт-бағдарынан айрылып қалатын сияқты.

Әттең, алғашқы айлардағы жігіттің басын айналдырған бақытты күндері бірте-бірте сиреп, майда мінез деп жүрген келіншегі бөтен қылық көрсетті. Анасы ауырып, ауруханада жатқанда, пысықтық танытып, бөлек отау боп шықты екеуі. Ғұмырында адам баласына қарсы келмеген Дүйсек бұл жолы да үндеген жоқ.

Ішінен ыңғайсызданып жүргенімен, ауруханадан

оралған анасы бұларға ренжіген сыңай танытпаған соң, ұлының көңілі жай тапты. «Өздерің келіссендер, маған керегі сол, арманым — немере сүю, құдай қаласа ол күн де жақын»,— деп бұрын байқатпаған мінез танытып, келініне емірене, ет-бауыры елжірей тіл қатқанда, өткен-кеткен өкініш мынау жарасымдылықтың жанында ештеңе болмай қалды. Ұй-ішіндегілер осыған қуанса керек, әйтеуір қай-қайсысының қабағынан кірбің кетіп, ошақ басына қалыпты тірлік қайта оралды.

Дүйсек қандай жағдайда да анасының қабағына қарайды. Жанының жүдеулігін жасыруға бейім тұратын ана бөгде сөзге тіпті де ынғай берген жоқ. Мұнды жанарын ешкімге көрсеткісі келмейді, өйткені, кейбіреулердің өсегіне осының өзі-ақ жеткілікті екендігін сезеді. Жұрттың онсыз да сан-саққа өрбіткен қызыл сөздерінен жүрегі шайлығып, ұлы мен келінін суық сыбыстан арашалап алсам дейді. Бірақ...

Сонау кезде өзіне тура қарауға қаймыққан келінінің енді ештеңеден тайынбай кердең басып, тіпті дүниенің тынысы өзіне тірелгендей сыңай танытқаны енесінің шымбайына қатты батты. Бауыр етін елжіретіп, есіне алса емшегін идірген бейкүнә Думанының қызығы үшін ғана бәрін-бәрін кешірімділікпен қарайды. Бұлардың арасындағы салқындықтың тігісін жатқызатын дәнекер тек кішкентай сәби. Енесінің немересіне періштедей сиынуы Рымжанның кеудесіне нан пісірді ме, жас келін барған сайын шалқая түсті. Көпті көрген ананың сезімтал жүрегі мұның артында мүлдем басқа жәйттің жатқанын ұқты.

Шын сүйген жар жөн-жосықсыз кісімсінер ме, тіпті солай болғанның өзінде де бір жарасымдылық жатпайтын ба еді? Көңілі жат жандар ғана бір-бірінің бетінен алып, алды-артының ашылып-шашылғанына қарамас, сонда Рымжанның о бастағы ойы өзге болғаны ма?..

Анасы бекер күдіктенбеген екен. Дүйсектің өкпесі

қабынып, ауруханаға түскенде, Рымжан күйеуінің жағдайын білуге артынан барған жоқ. Үйінің есік-терезесін бекітіп жапты да: «Дүйсек жазылып келсе, бізді алып қайтар»,— деп баласымен төркініне кетті. Бейқамдық па, әлде барып тұрған безбұйректік пе, Рымжанның мына қылығы жанын жаралап, жар көңілі мүлдем суынды. Емделіп шыққаннан кейін Дүйсек бірден әкешесінің үйіне оралды. Кім-кім де оны келіншегін алып келер деп ойлаған. Бірақ Дүйсек қайын жұртына ат ізін салмады, Рымжан да үн-түнсіз жатып алды. Тек ана қабағы жазылмай, жиі-жиі күрсінетінді шығарды. Кейде қайғысы ішіне сыймай кете ме, өз-өзінен таусыла жылап алады.

Өзі өзгелерге жаутандағанымен, өзгелердің өзіне жаутандағанына дағдыланбаған Дүйсекке бататыны — әке-шешесінің ел бетіне қарай алмай қалғандығы. Дүйсек жұрт күтпеген мінез көрсетті. Тірі жанмен тіл қатыспай, ертелі-кеш сенделіп жүрді де қойды. Аз күннің ішінде жағы қушып шыға келді. Ақыр аяғында ешкіммен ақылдаспастан алысқа аттанды. Ауылдастары келіншегін алып келуге кетті деп түсінген.

* * *

...Бәлкім, сонда қайын-жұртына барып, Рымжанды алып келгенде, кем-кетіктің бәрі орнына түсер ме еді, қайтер еді? Қазіргіден гөрі жағдайы жақсы болар еді-ау. Салқын бөлмеде серейіп жатпас еді, әке-шешесіне, бауырларына, баласына, деген сағыныштан жүрегі сыздап ауырмас еді, аулынан алыста адасып жүрмес еді... «Адасып қалды деп кім айтты, алып астанада өзі сияқты өрен жастардың ортасында жұмыс істеп жүр, құрыш білекті құрылысшы... Бірақ, неге үнемі әлдене жетіспей тұрады?.. Мүмкін, шынында да Рымжанның аяғына барып жығылу, жалыну дұрыс па еді?»

Шешесі мен баласына деген сағыныштан іштей езіледі де жүреді. Күні бойы жұмыс істеп, кешке жатақханаға тұлабойы салдырап оралғанда, кірпіш қалағаннан емес, сарсаң ойдан шаршайтын сияқты. Серпілер сәт туар ма... Тым болмаса, ұлы үшін өмір сүруі керек емес пе? Қабырғадағы суретке тесіле қарағаннан Дүйсектің басы айналды.

— Қашан кірсем, дөңбекшисің де жатасың, бір уақ бой көтеріп, серуендемейсің бе, айналаң толған қызқырқын... өзінмен-өзің арпалысқанша, адамдармен арпалыс... қарашы, жаныңа, жанталасқан жұрт, қайда барсаң, алды-артыннан ентелеген ел... ал, сен ығысып келесің, сондағы тығылып, тыныш табар жерің мына төрт қабырға ма... — Қуаныш ішке сөйлей енді. — Одан да жайсаң тіршілікті жалпағынан басып, шалқып-толқып жүрмейсің бе... әй, менің «ангел» досым-ай...

Дүйсек осы жігітке таң қалады. Қатарынан үш жыл бойы қалаған оқуына түсе алмаса да ренжігенін байқатпайды. Қашан көрсең, езуі екі құлағында, аузына тыным жоқ, тіпті жалықпайды-ау... Қуаныштың айтқанын тындамаған сыңай танытқанымен, сөздері көкейін дөп басып жатқанын қайтерсің. Қалай дегенмен Қуанышқа деген жылылық бар жүрегінде. Сыр ашып, төс қағыстырмағанмен екеуінің арасында жарасымды жақындық бар. Мұқым топтың ішінен Қуаныш қана іш тартып, анда-санда соққанда қоярда-қоймай қыдыруға ертіп шығады. Жігіттің өзіне деген ықыласына шүбәсіз бе, әлде басқа себебі бар ма, Дүйсек анау не айтса да кешірімділікпен қарайтыны рас.

— Оу, «ангел» досым, үйіңнен хат-хабар бар ма?

Дүйсек кереуетті сықырлата бері аунап түсті.

— Қарындастарымнан хат алғанмын, аман-есен... «Жуырда Думан үшке толады ғой, ұмытқан жоқсың ба?»—депті. Қайдан ұмытайын...

— Міне, идея... басымыз көптен бері қосылмай жүр

еді, біз осы қаншамыз? Ой, ресторанды дүрілдетейікші құмарымыз қанғанша, дүбірі ауылыңа жетсін, ұлың да, біз де риза боламыз сонда.

«Рас-ау, неге ұлының туған күнін тойламасқа? Иә, иә, төңірегіндегі жақын-ау деген бірнеше жігіттің басын қосып шақыру керек. Мейлі, қалаған қыздарымен келсін. Ертең бұл ұлының суретін көбейтіп, шақыру билетін жасатады. Сосын билеттердің бір тобын ауылдағыларға жібереді. Рымжанға да».

Сергіп сала берді. Кенеттен келген ойын енді жүзеге асырғанша асықты. Ғұмырында ешкімге ашылып сөйлемейтін Дүйсектің мына қылығы Қуанышты әжептәуір таңырқатты. Бұрын-сонды дәл қазіргідей мінезін байқамаған жігіттің бүгінгі елгезектігі жаңалық еді. Өзгеше бір ой құшағында жүретін Дүйсек жанындағылар үшін кейде делқұлы, кейде есуас көрінетіндігін Қуаныш ептеп сезеді.

Әйтсе де осынау жұмбақ жан сол өзінің «жарымжандығымен» ғана жақын бұған. Қуаныштың айтқанын ынты-шынтымен тындап, не істесе де құптайтын жалғыз сол. «Жанындағылар неғұрлым жігерсіз болса, саған соғұрлым даңғыл жол ашылары хақ. Аңғалдардың аясында ғана ақылың ашық айқындалып, арамдығың жеткен жеріне дейін шалқып-шырқарсың. Өйткені, адалдығыңды айғақтауға арамдық, пысықтығыңды дәлелдеуге пасықтық қажет екен. Ал, аңғалдығыңмен, адалдығыңмен ақталу — барып тұрған ақымақтық».

Ендеше, Қуаныш мұндай жандарды аямайды: «Өзіне де, өзгеге де пайда-зияны жоқ, өмір бойы басын жерге тұқыртып бүкшендеген бейшаралар... Жо-жок, бұның жақсылығы да көп-ау, егер әркім өзінің «өзім» екендігін дәлелдеп өзеуресе, дүние атаулыны тек өктемдік жайлап, тіршілік атаулы адамдардың бір-біріне деген өшпенділігі боп жалғасар еді. Сонда жұрт атаулы бір-бірімен жағаласа жүріп, бәрі бірдей өрліктен дәмеленер

еді. Өзіне жақсы болу үшін, біреулердің дәрменсіздікпен жанкешті қарекет кешуі керек қой. Күштілер онсыз өктемдігін дәлелдей алар ма, яғни барлық өзгелердің бір-саран «өзі» болуы керек-ау... Дүйсек сол толып жатқан «өзгелердің» бірі... Бірақ, неге сонша ез боп туды екен, неге?»

Сондықтан Қуаныштың Дүйсекке жаны ашиды. Қуаныштан басқа кім Дүйсектің жағдайымен санасып, елеспекеріп жатыр? Обалы нешік, бригадалас жігіттердің ешқайсысы Дүйсекті қызық-қуаныштары, той-томалақтарынан қалдырмайды. Жалақы алған күндері де бастары қосылып, мәре-сәре. Бірақ, Дүйсектің мінезін түсінбейді олар, екі кісінің басы қосылған жерден тайып тұратын адамды қалай бауырларына тартсын? Енді міне, кісікиік деп келген «ангел» достары аяқ астынан ақ жүрегімен ақтарылып, бұларға баласының туған күнін тойламақ. «Әй, «ангел» дос-ай, қазір де өзінің аңғалдығын көрсетіп отыр. Әйтпесе, бірнеше жыл қатынсыз қаңғырып жүр, амалын тауып, үйленудің қамын қарастырмай ма? Сол ұл ертең Дүйсектің қадіріне жетер ме, әлде әке бейнесі мәңгі-бақи жүрегін сыздатып өтетін өкінішпен шектеліп қалар ма? Ержеткеннен кейін ұлы бәрібір әкесін кешірмейді. Мейлі, Дүйсектің еш кінәсі жоқ делік, бәрібір кешіре алмас. Әке-шешесінің қайсысы ақ, қайсысы қара екенін түсінгенше, сәбидің көкейіндегі көп күдік шемен боп қатып, есейгенде ашу-ыза боп атылар айналасындағыларға. Айдаладан «айналайын» деп, емешегі үзіліп өтер әкесін кейін «есалаң» деп білер. «Жар қылығынан жүрегім шайлығып, тіршіліктен бездім, адамдарға жаутандаудан жалықтым, сондықтан да өзіммен-өзім кеттім» деп күні ертең баласына қайтып ұғындырар? Ұғындырар сәт туса да тірі жанның ұғымына сыймайтын мұндай бақилық бойкүйездікке баласы да, басқа да түкіріп кетер. Сонда «ангел» достың сенетіні нендей күш, сүйеушісі қандай әулие?!


Әлде шынымен ешкімге сенбей, ешкімді сендірмей-ақ сандалып өтпек пе. Өле-өлгенше есесін жіберіп, өзгелердің өкшесінде езіліп жатса, кім мұны көтеріп алсын, бұл кімге керек? Кеудесінде жаны болса, көзін неге кеңірек ашпайды? Қозғалыс жоқ па дерсің бойында. Еңгезердей денесімен елпелектеп, қалбалақтауы ебедейсіз-ақ. Бірақ кім өзінің табиғи тұлғасына лайықты тірлік кеше алған, көзіне көрінгенді қойны-қоншына тықпалап, қарындары тойса, қайсыбір қораштар қолдары аяқтарына жете алмай, иіліп-бүгілуден қалады, сонда да тырысуын қоймай, көсемсіп «өледі», ал біреулерге көсемсу жарасқанымен, өмірбақи күбіжіктеп, шегіншектеп өтетіні және рас...»

Қуаныштың «ангел» досы ше? Жұмбақ қылығымен қынжылтады да жүреді жұртты. Тірлігі қарын ашырады, ісіне қарасың, бәрі әурешілік. «Әй, мейлі, мен несіне таусыламын, дегенмен, баламның туған күні деп отыр ғой... энеугі өзім таныстырған қызды тағы алып келсем ғой, қырын келтіре алмайды...»

* * *

Ешкімім жоқ деп, Дүйсектің жүдейтіні бекершілік екен. Кешке жиналғандардың бас-аяғы түгелденгенде, көңіл жақыны, көз көргені, жерлесі бар, он бес шақты адамның басы қосылды. Іші-баурына кіріп, лыпып тұрған жігіттер мен қиыла қарап, қылымсыған қыздардың назары өзіне ауғанын байқаған Дүйсек бара-бара қысылайын деді. Шетінен елжіреп, мұны қолпаштай сөйлейді. Қай-қайсының да бұған айтар ақ ниеті таусылар емес. Осынша жұрттың айтуына қарағанда «Дүйсектей жомарт, Дүйсектей адал жігіт жоқ, Дүйсек нағыз азамат...»

Абыройын аспандатқан тостардың талайын төңкеріп тастаған Дүйсектің басы айналды. Арақтан берген-



де, бойын игере алмай қайтадан отырды. Небір әдемі тілектер, мақтаулардан көңілі масайғандай, әттен жүрегінің лоблығаны несі? Азаматтығынды асқақтатар қошаметтен жүрек, сірә де, айныр ма, керісінше мұндай сөздер сезімді селдетіп, күшіне қайрат қоспай ма! Ендеше, неге буын-буыны әлсіреп, жүрегі лоблиды? Жұрттың ақтарыла айтқан сөзіне мас, әлде алды-артын шамаламай сылқытқан араққа мас. Көзінің алды тұманданып, жанындағылардың жүзін көруден қалды.

Әрлі-берлі сермелген қолдар, ырғалған бастар, желп-желп еткен шаштар... «Құдай-ау, мыналарға не көрінген, жаңа ғана бәрі жарыса сөйлеп, бұған әдемі тілектерін тізбектеп отырған жоқ па еді». Енді қараса, бір-бірімен төбелесіп жатқан сияқты, тіпті біреулері шыңғырады, біреулері сақылдап күледі, кімнің кім екендігін айырып болар емес.

Көз алдында дүние айналып жатыр, айналып жатыр, басы шырқобелек... Жан-жағына қарап еді, қаңыраған орындықтар... Әлдекім қолынан тартты:—«билейік»...— дейді.

Мынау әлгі Қуаныш таныстырған Қал-ды-күл ғой... Екі аяғын селкілдетіп, тыпыршып-ақ тұр. Қыздың көзіне қараған Дүйсек оның мүлдем басқа жаққа алаңдап, қолымен ғана өзін жұлқылап жатқанын аңғарды. Қыз қадалған жақта оңды-солды ербеңдескен денелер. Қалдыкүлдің қабағымен кімді бағып жүргенін Дүйсек білген жоқ. Жұлынып тұрған қыздың жұлқа тартқанына жауап қатпай отыра берді. Басқадан күтсе де, мұндайды дәл Дүйсектен күтпеген Қалдыкүл сасып қалды. Болмысында ештеңеге селт етпей маңқиып жүретін кекеш жігіттің мына қылығы күлкілі көрінді оған: «Әй, өмірінде билеп көрді дейсің бе, осы байғұс... Үстіне үй құласа, былқ етпес бұл... Жігіттер де қызық, тілдері жеткенше мақтап мұны... Әй, бірақ оларға ішіп-жеуге сылтау керек, әйтпесе...»

Өзіне біразға дейін аңтарыла қарап, бұрылып жүре берген Қалдықүлдің еденді сындырып жіберердей тепкілей адымдағанына тесіліп қалған Дүйсек қыздың аяғының астында шашылып жатқан суреттерді көрді. Бұлттың-бұлттың еткен балтырлар анау суреттердің үстінде ойнап барады. Орнынан әрең көтерілген Дүйсек теңселе басып, ағараңдаған суреттердің бірін қолына алды. Шошып кетті: ұлының суреті, сүйкімді ұлының бейнесі, жәудіреген жанары... Өзінің бірнеше күн жүгіріп жасатқан шақыру билеттері ойқаң-қойқаң билеген топтың аяқ астында шашылып жатыр. Әлгі әзірде ғана сүйікті ұлының болашағы үшін талай-талай тост көтеріп, өзінің қадір-қасиетін арттырғандардың аяқтарының астында... «Сонда қалай?». Дүйсектің басы шыңылдап кетті, маңдайын зіл темір құрсаулағандай екі шекесі зірк-зірк.

Сәл нәрсеге ренжіп, назаланса, басы осылай ауыратын әдеті. Қазір, тіпті тіл-аузы байланып, жүрегі тоқтап қалатындай көрінді өзіне. Тынысы тарылып, демін кең алайын десе, үзіліп кететін сияқты, әрлі-берлі қимылдайын десе, басы қозғалтпайды. Қолындағы майысып жыртылғалы тұрған баласының суретіне тесіліп ұзақ отырды. Содан соң билеген қыз-жігіттерге қарай аяңдап, әр аяқтың астындағы ағараңдаған шақыру билеттерін жинастыра бастады. Өзгелер оның не істеп, не қойғанын байқар емес.

Қуаныш нығынан тартып: «Ангел» дос, не ғып бүкшеңдеп қалдың, қыздармен билейік»,— деп Дүйсекті сүйрей жөнелді.

— Жоқ, одан да ішейікші,— деді Дүйсек,— арақ ішейік...— Онсыз да умаждалған суреттерді қалтасына бүктеп-бүктеп тыға салды.

— Ал, «ангел» дос, сен үшін!

— Күй, тағы күй...

Басының ауырғаны жазылайын деді. Күні бойғы қысылып-қымтырылуы түк емес екен, ұзақты күн жанар-

ларымен мұны жасқандырып келген қыздар да ештеңе емес екен, бұрыш-бұрыштағы столдарда коньякты керіле ішіп, темекіні тамсана шеккендердің маңғаздығы да, томпаңдай дедектеген даяшылардың елгезектігі де ештеңе емес екен. Дүйсектің бойында батылдық оялды. «Мен ғой анау қылымсыған қыз-келіншектердің кез-келгенін биге шақырамын, кез-келгенімен көше кезіп кетемін, кең залды ерсілі-қарсылы жүгірген даяшының кез-келгеніне «маған лангет... экстра»... деп бұйырамын. Әкелгені көңіліме жақпаса, қайтарып жіберемін... Анау бір ыңырана ырғалған дөкейдің қасына барып, шылымды тұтатамын. Әй-өзі де семіз екен, мейлі, мейлі, бәрібір жанына жетіп барып, мен де кербездене керілемін. Оң аяқты сол аяққа асып қойып, темекіні бұрқыратамын, сол да қиын боп па, ха-ха-ха... Мыналардың қай-қайсысына қарасаң, отырыстарында салмақ, мән жатыр: бірі екіншісінен ерекшеленіп, екіншісі үшіншісіне өршеленіп, өзара тәжікелескен біреулер. Ырду-дырду арасында, көк түтін астында да бұлар бірінің екіншісінен артықтығын көрсеткісі келеді. Не деген адамдар, бойларында асыптасыған күштері болса, соны орынды пайдаланбай ма? Әйтпесе, қолдарынан тұман «орнатып», тілдерімен «найзаласқандары» қай сасқандары? Одан да мен сияқты кекеш болғанның өзі дұрыс... Жо-жок, мен де осыларға кәдімгідей пысық екенімді білдіруім керек, қа-а-шанғы мен осылай жүре бермекпін... Міне, ақыр-аяғы мынау өзім шақырғандардың ортасында да ешкімге керек емеспін, ешкімге».

— Сонда барар тауым қайсы? Сірә, аулыма қайтқаным жөн-ау, барсам Рымжан да «кет әрі» демес. Күйеуден шыға беру оған оңай деймісің? Кім білсін, қылықты келіншекке кім қызықпас дейсің... Сонда қайда, қайда... Жұдырығын түйіп, қалтасына сүңгітіп жібергенде, қолына мыж-мыжы шыққан шақыру билеттері ілігіп, одан сайын умаждай түсті.

— Құй, тағы, тағы... егер мен-ні жерден көкке көтере мақтағандарың ра-сс болса... ақшасы төленген арақтың...

— Оу, саған не болған, осы біз көп ішіп қойдық-ау... Одан да жүрші... билейік...

Мана биге өзі келіп шақырған қызды іздеп, орнынан тұрды да, қисалаңдай жүріп келіп орындықтардың біреуіне сылқ етті. Қуаныш қалың нөпір — билегендердің арасына жоғалды.

Тәлтіректей басып, ресторанның түннің бір уағында шыққан Дүйсекті қонақтары байқамады ма, артынан іздеп ешкім шақырған жоқ.

Шамның жарығы

Оспан қарт көпке дейін көз ілмеді. Қасына бір уыс боп қисайған кемпірі теріс қараған бойы анда-санда уһілеп, басын бүркеп әуре.

— Әй, байғұс-ай, төсегінді сонша қушитып салғаның...— қарт әрі аунап түсті.

— Сен-ақ кең дүниені тарылтып... Тіпті теріңе сыймай қиналдың ғой,— манадан бері демін ішіне бүккен Бөпіш енді көрпесін ысырып, көзінен жас аққанша есінеді.— А, құдай, өзің жар бол...

— Әй,— деді әлден уақытта шалы,— осы сенің не білгенің бар? Анау жұрттың айтып жүргені не? Қартайғанда екеуміз еститін сөз бе еді бұл. Жалынып-жалбарынып тілеп алған жалғызымның жігерсіздігі ме, әлде келіннің қас-қабағына қараймыз деп жеткен жеріміз осы ма?

— Құдай-ау, маған не қыл дейсің? Сырғашым, Сырғажан деп дедек қағып, үш баласын арқама әлпештеп өсіргенім үшін жазықтымын ба, қызымдай қадірлеп аялағаным үшін...

— Міне, міне, пәленің өзі содан басталып отырған жоқ па? Сенің қадірлегенінді түсінгені, еркелеткеніңе, есіргені ғой оның мына қылығы.

— Естір құлаққа ұят-ау,— деп Бөпіш шалының екпіндетіп кеп тоқтаған сөзінен қаймыққандай ернін ғана жыбырлатты. Төргі бөлмеден баланың ыңырсн жылағаны естілді. Кемпір қалбалақтай тұрды да сол бөлмеге бет алды.

Даусын көтере сөйлеген жаңағы сәттен соң жүрегі жиі-жиі соғып, мазасы болмаған қарттың тынысы тарылғандай ауыр дем алып, кеудесін кере күрсінді. Кейінгі кезде өзінің уайымға бой алдыра бастағанын іштей

сезсе де, айналасындағыларға баяғы нар қалпынан таймағандай нық, томаға-тұйық. Оның таңды таңға ұрып қиналатынын да ешкім сезбейтін. Былайғы жұрттың алдында келіні мен ұлының төңірегіндегі көлденең сөзді мүлдем естімегендей. Күні кешегідей алшаңдай адымдап емес, әлденеден қуыстанғандай екі иығынан батпан күш басып, еңкіш жүретінді шығарды. Екі адамның басы қосылған жерден сырт айналып өтеді. Жанын жалғыздық жегідей жесе де тас-түйін боп алған. «Байғұс-ай,— деп ойлады анау жақта балаларын айналып-толғанған кемпір жайлы — бай десе, бала десе, бауыр десе лежіреп тұрған өзіндей болса-шы... Басымыздың жасында, жалындаған шағымызда ел деп, жер деп, тұрған топырақ деп шыбын жанды шүберекке түйіп қойып арпалыстық, адастық, ұрыстық, күрестік, жендік, алынбас асуларды, бұзылмас қамалдарды алдық. Сөйткен басым, міне енді бір шүйкебастың ұятына күйіп, еңсем езіліп жатырмын. Сонда неге мен күйзелемін, неге мен күйемін, өздері ше? Ат жалын тартқыза, асауды үйреткізе жүріп, ер жеткізген ұлым емес пе еді, енді кеп бір қатынға қайраты жетпей, қарабет боп ел-жұрттың алдында масқара қылғаны. Намыс қайда, намыс?.. Ер тағдырын, ар тағдырын ысырып қойып, басымызға секірген арсыз әйелдің желігі болған ғой біздің мұң бұ күнде...»

* * *

Ту сыртынан әлдекім құшақтай алғанда Сырға селк етіп иығына өзіне таныс қолдардың салмағы түскенде ғана жігіт құшағына еңтіге тығылды.— Қорқып кеттім ғой, қорқып... Осынша зәремді ұшырмай-ақ...

— Неге, неге? Зарықтырдың ғой әбден, кешке дейін шықпай қойдың дүкеніңнен. «Әлгің» үйде ме еді?

Келіншек Жабағыны құшақтап көзін жұмды, басы айналып барады. Күс-күс қолдар әйелді белінен құшақ-

тап, бұл да жігіттің мойнына бар салмағымен асылғанда, сүйсініші алпамса күштің несі екенін ұқты. Өзін ынтықтыратын, ынтықтыра тұрып қорқытатын, бірақ бәрібір еліктіріп әкететін күш... Алғаш жүздесе жүріп, оқыстан Жабағы мұны қапсыра құшақтағанда, өзі бұрын-соңды аңғармаған тегеурінге дес бере алмай, алқынып кеп құлаған. Буын-буынынан әл кетіп, әрең дегенде есін жиған. Қас қағымда бастап кешкенін ойласа, әлі күнге дейін көзін тарс жұмып, шарқ ұрады. Мұнысы — аңсағаны, шаршағаны, ұялғаны ма, ол жағын дауалағысы жоқ. Қалай дегенмен Жабағыны көргенде, қаны бетке теуіп тұла бойында өзіне де беймәлім сиқыр күш тулап шыға келеді.— Жаңалық па еді бұл мен үшін, көзім қарауытатындай жесірмін бе, таңырқайтын қыз да емеспін?! Ненің әсері сонда, ненің! Боларым боп, бояуы сіңіп, үш бала тапқанда, Ожармен сегіз жыл отасқанда сезбеген қызықты мен неге қазір ғана кешемін. Құдай-ау, мынадан кейін де Ожардың қасына... Анда-санда әрең тіл қатып, қорбандағаны, қорылдағаны — қандай сорлылық еді...— Сырға осыны ойлағанда жігітті құша түсті.— Мейлі, несіне жалтақтаймын, жұрт не десе о десін. Өтірік қылымсып, мүләйімсімеймін. Тайынбадым ештегенден, ешкімнен. Жығылсам да, сүрінсем де тіктім басымды жолыңа, не қылсаң да еркіндемін, жаным...— Әйелдің орамалы сусып жерге түсті. Жабағы оның қарашашын саусағымен салалай сипап, ұзақ иіскеді. Саумал аңқыған қолаң шаш, жасқанбай қараған өткір көз батылдыққа меңзейді, ишарасыз ұғындырады. «Жанары қандай отты еді,— деп ойлады Жабағы қараңғыда жалт-жұлт еткен көзінен сүйіп тұрып,— бұрын-соңды әйел атаулының бойынан байқамаған жалын бар, өрт пе дерсің! Өзі енді-енді құпиясын таптым деп жүрген жұмбақ ләззаттың әлі де бастан кешпеген қызығы, рахаты бар екен-ау!»

Әл-дәрменнен айрылған әйелді Жабағы көтеріп ал-

ды. Тастай қараңғы түнде көшені қақ жарып жүрген Жабағыға әйелдің мысқалдай да салмағы түспей, сергек сезімнің құшағында келеді. Мынау шүйкедей қара келіншек бұны кәдімгі еркек санатына қосып, аяғын алшаң-алшаң бастырады. Мынау шүйкедей қара келіншектің арқасында бұл енді айналасына аспандап қарап, биіктейтін болады. Мынау шүйкедей қара келіншектің...

Жігіттің ештеңеден қаймығар түрі жоқ, әсіресе, дәл қазір. Топан суы қаптаса да, жай оты түссе де, тәңірісінің қандай құдіретіне де илікпейтініне күмәнсіз. Кең дүниеден еншілегені — алақанында. Айнала меңіреу тыныштық, алда сайраған жол. Екеуінің аңсағаны бір арнаға құйылып, бірінің еркіне бірі құл боп, құрақ ұшады. Жабағының еркек атанып, құшақ керіп қысқаны, таңырқап-тамашалағаны осы келіншек болғандықтан да қуанышынан оңайлықпен айрылмақ емес. Жігітке бұл жағдайдың қашан, қалай басталғанынан гөрі қазіргісі маңыздырақ.

Алғашқы түннен кейін Сырғаны мүлдем көргісі келмей, жасықтығына қысылып, өне бойын дәрменсіздік буғанымен, артынан-ақ өзі қолын сілтеп кеткен сол сәтке асығатынын байқаған. Бұлдыр үміт пен сағыныш Жабағыны батылдандырып, ақыр аяғында сол түннен есінде қалған үзік-үзік сәттердің ұдайы құшағында қалғып-мүлгіп жүретін. Әлденеге соқтығысқысы кеп тынши алмай, бұған дейінгі соншалықты мимырт тірлігінің енді оралмасын, бұдан кейінгі тірлігі асығып-аптығу, аңсап-шаршау, сағынып-сарғаю, іздеп-адасу боп жалғасатын тәрізді. Қалың ұйқыдан оянып, шым-шытырық қиялы түстен кейінгі қара дүрсін күйбің сияқты кейінгі жағдайы. Әйел құшағында күйіп-жанудың алғашқы қуанышын таза күйінде сақтаған жас жігіт бәрібір қобалжулы. Ессіз емірену, әйелдің мұны көргенде ақылынан адасқандай, бейнебір ақырғы рет аймалағандай есеңгіреуі жігітті қаншалықты рахатқа бөлесе, сонша-

лықты састыратын. Ынты-шынтымен құшағына құлайтын Сырғаның бойынан нәзіктіктен гөрі үздігіп-талықсу, жалпы әйел табиғатында кездеседі деп қаперіне кірмеген ашқарақтықты көріп, оның лықсыған сезімін қалай игеріп әкетудің жөнін таппайтын. Оңаша кездескенде нәп-нәзік келіншектің алдында дәрменсіз жандай абдырайды. Бірақ, әйел жанының сиқыры бозбаланы бірте-бірте оятып, жасқандырмай, асықтырмай еліктірген. Мұның бойында мылқау күш бар екендігін айғақтатып жасқаншақ жігіттің жүрегіне өрліктің, намыстың отын өршелене тұтатқан.

Жабағы әйелді кеудесіне қысты. Манағыдай емес, тыныс алуы баяу. Әлден уақытта көзін ашты. Ешқашан да ешкім де мені дәл осылай құшағына қысқан емес, аялаған емес... ешқашан...

* * *

Ұлының сәлеміне әкесі үн қатқан жоқ. Қабағын қарс түйіп, шаруасымен айналыса берді. Жүгіріп жетіп аяғына оралған баласын көтеріп, үйге кірді.— Иә, хал-жағдайларың қалай, апа?

— Шүкір, өздерің ше?.. Әлгі келіннің есеп-қисабы не болды?

— Көңілдегідей шықпай... біраз ақша мойнымызда.

— Кұдай құртқан екен ғой,— деп Бөпіш шошып кетті,— сонда қанша?

— Дұрыс тексерсе, бір мың дейді.

— О, тоба, осынша ақша қайда кетпек, әлде орны бар ма, бірге жедіндер ме? Әлгі әкең естісе мұны...— Ожар жауап қатпады. Шешесі самауыр алып сыртқа шықты.

— Көке, атам мені тайға мінгізді, алысқа бардым, тайға отылып,.. құлаған жоқпын,— деп ұлы Әскербай Ожардың тізесіне жайғасып алды,— мен атаммен отын-

ға балдым, Айгүл жылады, мені апалмайсың деп... Айгүл екеуміз ойнадық, жылаған жоқпыз. Айгүл жылады, атам ұлысты... Сен мені машинаға мінгізесің бе?

Шай үнсіз ішілді. Даладан қолын шапалақтап Айгүл кірді. Томпаңдай басып әкесінің жанына отырды.

— Келе ғой, құлыным, ботақаным, қолыңды шапалақтап кірдің ғой үйге, олжа болар, олжа.

— Кенелерсің,— деді Оспан қарт,— кедей ырым етеді, ырымы қырын кетеді деп, о, несі-әй мээ болғаны... Сендер-ші,— деп Ожарға қарады.— Сен неменесе мээсің? Айдап жүрген астындағы төрт дөңгелегіне ме? Машина айдаймын деп қайда бара жатқаныңды білесің бе өзің?.. Бұлар ма, бұлар сезбейді қайда бара жатқаның! Күйттегені төрт дөңгелек, темір-терсек, басқа не білсін...

— Неге сонша таусыласыз, жәке?

— Әй, сендер ғой, сендер мені тауысқан, түбіме жеткен. Міңке жоқ, міңке.— Қарт дастарқанды ысырып, орнынан тұра берді.

— Байғұс-ау, апшың қуырылып, күйгелектеніп қалдың ғой, бата қайырмаушы ма едің.— Бөпіш асықпай алақанын жайып, күбір-күбір етіп, бетін сипады.

Ожар ұзақ аялдамастан машинасымен кейін қайтты. «Қырсыққанда қымыран іриді» деген осы. Қырсыздығымнан тауып жүрмін бе, әлде біреулердің арсыздығы ма! Салмақты Сырғашының, парасатты Сырғашының бұ күнде есінен де, есебінен де жаңылғаны-ау? Қайда кешегі мұңсыз, бұлтсыз күндері? Бір-біріне әй десіп, бет жыртысып көріп пе. Әке мен шешенің арқасында әлі күнге дейін қыз бен жігіттей емес пе еді! Баланы тапты деген аты болмаса, туғанынан бар таукіметін шешесі көріп жатыр. Таукімет деп қарамайды, немерелерін бағып-қағу ол үшін өмірдің қызығы, қуанышы. Енді, міне, таудай сүйенген қарттарының қайраты қайтар шақта «атаққа» таңылып жүргеніміз мынау. Не істеп, не қоярын, кімге қалай ұрынарын білмейді.

— Қалай басталды екен, қалай? Жалғанда ұрғашының ізін аңдып, адымын санап еркек болмай-ақ қойдым деуші едім. Еркіне жібергені сори екен ғой. Әлі де көңілі қимайды жамандыққа, бірақ келіншегінің қас-қабағы... Қарағаны қандай жат, мүлдем жат? Сенбес еді, алаңдамас еді, егер Сырғаның көзінен бөтендік көрмесе. ...Жәкеме де жеткізіпті, үлгеріпті айтып, әйтпесе неге өзінен-өзі бүлініп, терісіне сыймай қалды? «Балаларыңды алып кет, шешесі бақсын»,— деп неге айтты дейсің? Мен үшін қорланғаны-дағы.

Жігіт ойы сан тарау. Совхоздың орталығы мен өздері тұратын «Тышқанды» фермасының арасы бүгін әдеттегісінен ұзарып кеткендей. Кабина терезесінен айналасына қараған Ожарға бәрі-бәрі мұны мазақтап тұрғандай көрінді. Желдің гуілі, зу-зу етіп артта қалып бара жатқан дала ызыңы ма, мотордың ызыңы ма...

Жабағы кім еді бұның жанында? Ожар Сырғаны әкеп түсіргенде, көшенің шаңын бұрқыратып, тал шыбықты тай ғып мінген бала еді! Құдай-ау, сол Жабағың Сырғадан жеті-сегіз жас кіші емес пе!? Кім ойлаған!? Мазақ, ұят, мас-қа-ра, мас-қа-ра... а... ааа...— Ожардың құлағы шыңылдады.

Сырғаның қылығы қайғы боп жабысқалы жаны да, тәні де адам айтқысыз азап шегіп, ешкім түсінбейтін, ешкімге түсіндіре алмайтын дертке бой алдырғаны өзіне аян. Қатын қайғысынан еңбектеп қалған еркекті бұрынсоңды көрмесе де Сырғаның мына қылығы есеңгіретіп тастапты. Ожар қанша қиналса да осы жәйттердің себеп-салдарын іздеп таппады. Бір азаматтың атқарары мен арқаларын өзінше тындырып жүргендей. Өзгеге де өзіне де, ең бастысы — өміріне риза... әрқашан тоқ, бәлкі сондықтан да денесі етженденіп семіре бастаған. Кейде көңілденіп, қарнын сипай жұртқа маңғаздана қарағанда, осындай дертке шалдығамын деп сірә ойла-

ған ба? Атамаңыз... тұрмыс шат, көңіл кең, тойым-тірлік... уайымсыз... Енді соның бәрі алыстан бұлдырайды, әлсін-әлсін ауыр күрсінеді. Осы келе жатқанда көкірегің тырналаған ащы ойдан бойынан күш кетіп, әлі құрып барады...

Ұзыннан-ұзақ тас жолмен жарыса созылған бағана сымдарынан қарқ-қарқ етіп, бір топ қарға дүркірей ұшты. Қарқ-қарқ... қарқ-қарқ... Ожар ұшқан қарғаларға кіжіне қарады. Қарқ-қарқ... қарқ-қарқ-к...

Міне, саған мазақтаған, міне саған карқылдаған... құстырайын құса болсаң ғашықтықтан... кім деп жүрсің сен мені! Бұған дейін қол көтерсем қайда қалыппын. Өз обалың өзіңе. Қылығыңнан көрерсің көрешегінді.— Жүрегін қысқан запыран лықып бірақ ақтарылды. Үйдің астан-кестені шығып, ыдыс-аяқ, орындықтар сынды. Оңаша бөлмеде Ожар келіншегін қолының құрышы қанғанша ұрды. Ел-жұрттың алдында сүйектен кетпес дақ салғаныңды қалай ұмытайын. Еркекке зар ма едің қынсылаған қаншық... ашындырған өзің. Арсыз қатын болса да, намыссыз еркек болмайды...— Ызадан беті іскен Ожар әбден долданып алған. Қайыстай қара келіншегі бүктеліп еденге гүрс етті. Үсті-үстіне пергілеген соққыны арық денесі көтермей, жатып қалды. Айғайлаған да, шыңғырған да жоқ. Ешкімді көмекке шақырып, жүгірген де жоқ. Жүзі күреңітіп кетті. Жанарында жалынудың нышаны да білінбей, ұрсаң ұр дегендей сыңайы күйеуінің одан сайын ызасына тиді. Жалбарына жылаудың орнына «бәрін де көтердім, қорықпаймын таяғыңнан, кінәмді жуып-шайып жалбақтар жайым жоқ» дегенді ұқтырады. Сырғаның көзіне жас алмағанынан қаймықты бұл. Қаймыққан сайып, қорыққан сайын бар ашуын қолы мен аяғынан алды. Бірақ, әйелі үн берер емес.— Құдай-ау, мынаған не болған? Тас қой мелшиген, тас... Қалайша байқамағанмын...— Ожар тағы бір тепкенде анау қиналғандай дыбыс шығарып, ау-

дарылып түсті. Бет-аузы бір уыс боп, мандайында бұрын-соңды байқалмаған әжімдер жиырыла қалыпты.

Күйеуіне асқан жеккөрінішпен қарады.— Құмарыңнан сен де шығып бір байқа, жеңгенінді көрейін. Не біліп, не көріп тепкілейсің? Басқамен жүрсем сайқалдығымнан ба екен, жарылып кетсең де көңілім қалады Жабағыны. Әттең, шіркін, қол ұстасып кетейін десе, кетер едім соңынан алды-артыма қарамай... Сен мұны қайта тусаң да ұқпассың...

— Ах,..— әйел әлсіз ыңырсылды,— жаным-ай, жаным...

Сол жатқаннан Сырға үш күн тұрған жоқ. Көгерген бет-аузын жұртқа көрсетуге ұят, әрі денесі ап-ауыр боп өзін-өзі көтеруге халі болмай жатып алды. Көңілсіз күндер баяу жылжыды. Алып-ұшқан көңілін, сағымданған қиялын тұман басқан. Екі жыл бойы тірі жаннан жасырғаны, ардақтағаны, аңсағаны әп-сәтте жұртқа дабыраланып, жалаңаш қалғандай сезінді өзін. Ақталудың да, әлдекімге ақтарылудың да ретін таппады. Кіріп-шыққан келіншектерге де ашылып-шашылған жоқ.

Қызметінің түрі болса анау. Аудандық тұтынушылар одағынан келгендер дүкенді жаптырды да тастады. Жетпеген қаржының орнын қайтсе де толтыруы қажет. Оның үстіне Жабағы мен екеуінің қарым-қатыстары бүкіл жұртқа әйгіленіп, совхоз орталығына, одан асып ауданға жеткен. «Енді бұлардың тәртібін талқылайды екен, жазалайды екен» сияқты тиіп-қашпа сөздер гу-гу ағытылып, шет жағасы өзіне естіліп жатыр.

* * *

Жиналыс ұзаққа созылды. Совхоздың жұмысшылар комитетінің председателі және тағы бірнеше адам шалғайдағы «Тышқанды» фермасына келгенде, осынша кешігеміз деп ойламаған. Күн тәртібіндегі мәселе арнасы

бірте-бірте тереңдей берді. Мұның өзі «Тышқанды» тұрғындарының құлағына сирек естілетін жәйт-ті.

Қыза-қыза жұрт ақтарылып, совхоз басшыларына іштеріне түйген біраз ойларын, өкпе-наздарын айтты.

— Осындай көңілсіз көріністердің себебі қайда жатыр, біз соны неге айтпаймыз,— деді орнынан жасқана тұрған жас жігіт.— Мен Жабағының жастай қатар өскен жолдасымын, жұмыста да бірге. Мұны бәрің де білесіңдер. Жағдайға, қарт әке-шешемізге жалтақтап, әлі күнге оқуға да бара алмай жүрміз. Бірақ бәрібір түптің түбіне кетеміз қалаға... бірер жыл туған ауылымызда жұмыс істейік десек... ал Жабағы тіпті де кінәлі емес...

Жан-жақтан: «Бұлтартпай турасынан бассаңшы, Ырысбай...»— деген дауыстар естілді.

— Не турасы бар, өздерің айтыңдаршы, не бар біздің фермада... клуб жоқ, кітапхананың түрі анау... құмның қу шоқысында жатқан жағдайымыз. Жалғыз ғана дүкеніміз бар. Соны ермек қылмағанда, не істейміз енді. Қызығымыз да, қуанышымыз да — сол...

— Қарай гөр бұларды? Қызық-қуанышқа кенелткен Сырға екен ғой. Жарылқаған, жетістірген екен бәрімізді. Көрсетейін мен сендерге,— орнынан атып тұрған Ожар жас жігіттерге қарай ұмтылды.— Мына бокмұрындарға қызық керек, қызық... әй, қызық керек болса, қыздар қаптап жүр ғой, ауылда, қаптап жүр... оңай олжаға кенелгендерін қарай гөр...

Төрде отырған жүзі сынық қара бұжыр столды жұдырығымен қойып қалды.

— Тоқтатыңдар! Бұ не бассыздық?

Екі жігіт алқына дем алған Ожарды сыртқа алып кетті. Әйелдер жағы Сырға отырған бұрышты көздерімен тесіп барады.— Мелшиуін... Сазаруын...

— Ал, Жабағы Қойбағаров, сіз не айтасыз?— Қара бұжыр жұрттың алдына шық дегендей ыңғай танытты.

Жабағы орнынан ықылассыз көтерілген, біразға дейін үндеген жоқ.

Манадан бері селкос отырған Сырғаның жүрегі алқына соқты. «Не дер екен!? Көңілім қалады, рұқсат етсеңдер, қосылар едім... жағдай осылай болды. Сырғашсыз маған тірлік жоқ, сүйемін... бағым ба, әлде сорым ба, болашақ айқындар. Ал қазір мен Сырғадан айрылмаймын. Айбаттама, ағайын, жағдай осылай...»

Бірақ... еңгезердей жігіт мұрнының астынан болар-болмас міңгірледі:

— Не айтамын мен... рас еді... қателескен шығармын... Сырғаның өзі де...

Сырғаның жүрегі аузына тығылды.— Не болған мынаған? Кімнен жасқанады, неге жалтарады... Күш-қайраты екеуіне ортақ оңаша сәттерінен аспағаны ма... қайда, қайда ыстық құшақтар аясында айтылған әуенді сөздер... алданғаны ма, абыройы төгілгені онсыз да аз емес еді ғой. Енді соның бәріне өзі ғана кінәлі болып шыққаны ма? Әттең, опасыз дүние-ай. Жерге қаратып кеттің-ау. Не істейін, не...— Ол енді кімнің не айтып, не қойғанын тыңдаған жоқ. Қас-қағымда көңілі жүдеп, жан-дүниесі құлазып, бар үмітінің тас-талқаны шықты. Қара торы жүзі түтігіп, ызадан, өксік-өкініштен жарылып кетер ме дерсін. Басқалардың өзі жайлы онды-солды, артық-кем айтылған манадан бергі ғайбат сөздеріне селт етпеген әйел Жабағының дәрменсіз түрі мен бір ауыз сөзінен қабырғасы қайысып жүре берді. Көзінің алды бұлдырып, басы айналды. Жанары жасқа шыланып, бүкшиіп отырды да қалды.

Есікті айқара ашып, ішке Оспан қарт енді. Жүзі қарауытып кетіпті.

— Жетер осынша найқалғандарың... Сендерге ермек табылмады ма бұдан басқа? Әлде шаруаларың қалмаған ба бұдан басқа? О заманда, бұ заман, қалың ел жиналып, бір әйелдің қылығының шегіне жете алмай

осынша қиналар ма? Түбіне жетпей отырғандарын не?.. Біреудің қотырын қасып, арызданып жүрген қайсың? Әй, Ожар, еркек екенің рас болса, тарат мына дүрмекті! Өсек керек, мазақ керек бұларға! Қолыңа ал, келіншегіңді. Мені де, өзінді де күйік қылма, жауабын да, сазайын да өзің бер. Жұрттың өсегі мен мазағына тиек боп, ақымақ па едіңдер? Тоқтатындар, «соттарыңды». Ал келін «кетемін, ажырасамын» десе, көрейін, кәне, қалай безер екен баласынан?— Қарт саптама етігінен қапсыра ұстап алған кішкентай Әскербайды қолынан дедектетіп әкеліп, Сырғаның тізесіне итере салды.

Онсыз да тамағын өксік тіреп, булыққан келіншек баласын құшақтай алды. Айнала бейтаныс адамдардың көздерінен бе, әлде қорықты ма, әлде атасының өзін жек көргендей сыңай байқатқанын дәл қазіргідей сезбегендіктен бе, Әскербай бақырып жіберді. Атасы торы атты жегіп, басқаларын емес, тек Әскербайды қасына отырғызғанда, бұл қандай қуанып еді! Сондағы асыққандары, торы атты қамшылап жеткендері... мына сұмдыққа асыққандары екен ғой...

Баланың бақыра жылағаны жиналыстың сәнін бұзды. Және оқыстан кіріп келген Оспан қарттың айбатынан былай да қаймығатын жұрт ыдырап тарай бастады.

— Ақсақал, мұныңыз қалай? Әдейі осы үшін уақытымызды бөліп, келіп отырған жоқпыз ба? Әйтпесе еріккен ешкім жоқ. Бұл оңай мәселе емес. Ертең олай-бұлай боп қалса, бізден сұрайды.— Қара бұжыр қартқа ренжи қарады.— Келініңіздің суық жүріске салынғаны, азғындыққа бой ұрғаны және рас. Мемлекеттің ақшасын жегені және шындық... тіпті, ауылдың басқа да кейбір келіншектерін бөтен жолға тартқан...

— Жә, шырағым, ренжіме маған, ерлі-зайыптылардың арасындағы кикілжіңге ешқандай бастықтың, біле

білсендер, бұған ешкімнің соты да жүрмейді... Түзетіп алсын жағдайларын бастықтар мен соттың төңірегін торуламай... Бірім екеу, екеуім үшеу болсын деген жанмын... Тиіспеңдер, шаруаларың болмасын... Тек қана өтінерім — келінге бұдан былай қызмет береміз деп әурелемендер... Ақшасын төлерміз... Ел бар, жұрт бар, ағайын бар... Солай, шырақтарым...

* * *

Қанша күн, қанша түн. Кірпігі кірпікке тимей, ұзақ атқан тандар. Алған жазасы — жалғыздық. Мұның есігін ешкім ашпайды, жағдай, жаңалық сұрап құрбы-келіншектер де баса көктеп топырламайды. Күйттейтіні — күйеуінің қас-қабағын үнсіз анду. Басар жер, шығар тауы шағылған. Соған өкінбейтін де сияқты. Жанарын бір нүктеден айырмай ұзақ отырады, сол кезде ауыртпалық атаулы көзіне түсіп, өз салмағының тепе-теңдігін ұстай алмай қиналады. Жалғыздықтан жаны да, тәні де жаралы. Ойға кетсе, өткенін еске алу да қасірет. Көзін жұмса, көңілі әлдекімді іздеп аласұрады. Бірақ, жақындар жан жоқ.

Күйеуі жуымайды қасына, тіпті екеуінің соңғы рет қашан қатар жатқандары да есінде жоқ. Артық ауыз сөзге бармайды екеуі де. Бір-біріне деген пиғылдарын көңіл түкпірінде жасырған.

Кешегі күнге дейін әлдебір өзін мығым ұстап өрлік танытып келген келіншектің өктемдігі басылған. Ол енді үріккендей, қорыққандай сақ жүреді. Алды-артын ойлап, келешегін кесіп-пішкенде, Сырға басына қандай күн туса да тірегі, демеуі Жабағы екеніне күмәнданбайтын. Тәніріндей табынған бәйтерегі түбірінен кесіліп, көлденеінен түскенде-ақ бұл бар асылынан оңай айрылған. Бұған дейін кеудесін қуанышқа толтырған сиқырлы

сезім енді жүрек түкпіріндегі мұңына айналып, жұбана-ры да, сүйенері де қалмай, қорқынышты тыныштық ор-наған. О баста көздегені басқа еді. Қазір жігері мұқа-лып, не ойласа да құмға сіңген судай тып-типыл. Екі қолын төбесіне қойып және кете алмады. Ағайынның арқасы емес пе жетпегенін жеткізіп, қысылып-қымты-рылғанда демеп, көмектескені, әйтпесе, бүгінгі күні не болар, түрмеде отыратын ба, қайтетін еді. Қауым жұрт-тың қиындықта қол ұшын бергені, толып жатқан басқа да жәйттер үшін қайын атасына, анау қикар қара шалға қарыздар-ау. Келіні мұны іштей мойындағандықтан бе-лін бекем буа алмады батыл шешімге.

Ожардың есебі ішінде, тапталған намыс кегін өз өресінше қайтармақ. Ажырасып, көзінің алдында әйелі-нің басқамен бақыт тапқанын көруден асқан күйік бар ма? Сондықтан ол келіншегінен айырылмайды. Сырға мұның кім екенін білсін! Кім екенін біліп барып, еркек кіндіктінің зарын тартсын. Зарын тартып жүріп, аяғына жығылсын, жалынсын! Сонда көрер бұл өзін менсінбе-ген қатынды...

Ожардың дөңгеленген қарны кейінгі кезде әжептәуір тартылып, бұған дейін ойына келмеген жәйттерге басын қатырады. Жеңіл деп түсінген ұғымдарының күрделілі-гін ұғынғандай. Жұрт бұрынғыдан гөрі тесіле, мүсіркей қарайтын сияқты ма, әйтеуір Ожар көзіне түскеннің бә-рінен күдіктенетін. Жігіттің тоқмейілсіген көңілі басы-лып, айналасына көзін ашып қарайды. Бұ күнде Ожар көріп-білгенін көкірекке үнсіз түйген.

Сырғаны кешірді ме, жоқ па, беймәлім. Тіс жармай-ды. Мұны әйел кешіргені деп ұққан. Ожардың тарапы-нан не жылылықтың, не өшпенділіктің нышанын көрмей, талай кешті батырып, талай танды азаппен атырған әйелдің соңғы кезде үнсіздік жанын жегідей жейтін. Соңғы кезде өзгеше өзгеріс күткен сыңайы бар. Өйтке-

ні, мұның ойынша уақыттың жазбайтын жарасы, өшірмейтін өкініші жоқ. Олай болса, екеуінің бір жағына шығатындай мезгіл жетпеді ме? Қашанғы тығылмақ ойнаймыз дейді... Әттең, шіркін, тағдыр алдап соқты Сырғаны. Әйтпесе, аңсағаны басқа еді ғой, басқа... Қайтейін, алдандым деп қалай түңілейін тіршіліктен... алдаса да, арбаса да шіркін Жабағы ыстық едің-ау... бірақ, енді... әй, қайдам, суыған жүрек, қалған көңіл, ақиқатталған жағдай... мұны ешкім де қайтара алмас. Аз күнгі қызық-қуаныштары қауым елге әйгіленбегенде, мүмкін екеуіне ортақ ықыластары баяғы ыстық қалпын сақтар ма еді, шіркін. Қалай дегенмен, екеуі ғана түсінер құпия сезім басқалардың тіліне тиек болғанда соншалықты лайланып, кешегі есінен тандырған ғажайып сәттерінің қара түнекке айналып, осыған дейінгі өліп-өшіп жеткеннің түкке тұрғысыздығы, осыған дейінгі таңдай қақтырған, жанардың жауын алған жарық дүниенің жасықтығы қас қаққанша айқындалып, жүрек шайлықтырар деп кім ойлаған. Суық қолдан, сақ құлақтан, өткір көзден сақтап жылдар бойы жасырған асылын абайсызда жоғалтқан. Жоғалтқаны — сенімі, үміті, қиялы ма, әйтеуір, Сырға қазір күдігі мол мазасыздық құшағында. Тағдыр тәлкегін мойындағандықтан да былқ етпей безерген күйеуінің қысыңқы көздеріне жауаңдаумен әлек. Қабағы салбырап, еті өскен шегір көздер мұны елемейді. Өзгеріс күтіп, іштей дайындалғанымен, келіншегі де еміренбеді. Жалғыздықтан жарыла жаздап жүрсе де өкпе-назын, өкініш-мұңын қанша жасырғанымен, көп жағдайда жанары сыр алдырып қалатын. Бүгінгі жағдайының жұмбақтығы ертеңгі күнінің бақытсыздығына бастағандай, кейде болашағын түңіле болжайды. Жапан түзде жалғыз жолаушыдай жан-жағына елендегенімен, күн өткен сайын тірлігі бұрынғы болымсыздығынан арылар емес. Алға жылжыған әр ми-

нут бұлардың арасын алшақтатып, ұайымын қалындата түсті.

Дәл қазір... еркіне салса күйеуінің құшағына тығыла кешірім сұрар еді, ағыл-тегіл егілер еді. Жылы-жылы сөздер айтып, есі кеткенше аймалар еді... сонда ол танымай қалар еді келіншегін...— Ожардың сұп-сұр жүзіне көзі түскенде, жаңағы әдемі ойларының быт-шыты шықты.

Қабағының астынан салқын ғана көз қиығын жүгіртіп, күйеуі жантая кеткенде Сырғаның тұла бойы мұздап қоя берді. Әлгі әзірде ғана денесін қытықтаған тәтті қиялы сап тыйылып, қалш-қалш етті — безбүйрек,— деді күбірлеп, мейірімсіз, саз бет... Осынша қанарын төгетіндей... жарты жылдан асты ғой... ұмытатын шақ жетті ғой... құдай-ау, бұл адам емес шығар, әйтпесе...

Тамағын тіреген өксік сыртқа лықсып, дауыс шығара жылағанын да аңғармады. Өзіне ғана аян ащы мұң ішіне сыймай, бұршақ-бұршақ жас боп, бет-аузын айғыздап жатыр.— Жоға деймін-ау, шыдамның да шегі бар емес пе. Ел-жұрттың алдында қара бет болғаным аздай... мына қорлығына қалай шыдарсың, кеудеңде жаның тұрғанда... құдай-ау, құдай, бос белбеу, боркемік байыңның жат болғаны қиын екен. Әр-беріден соң өзін тапқан балаң да жат боп...— өзіне-өзі арызданған әйелдің біразға дейін солығы басылмады. Көкірегін тескен шерін тұншыға айтып, әбден шаршағанда Ожар жаққа қарады. Енді байқады, бөлменің іші алакеуім тартыпты. Тек қана Ожардың қорылдағаны естіледі. Ызаға булыққан әйел орнынан ұшып тұрып, екі бөлменің де шамын жақты. Күйеуі былқ етер емес. Тісін қайрап, ыңырана бір аударылып түсті де, қайта қорылға басты.

Сырға бір тұрып, бір отырды. Көңілі одан сайын өрекпіді. Қаперсіз ұйықтаған Ожарға, тап-түйнақтай

жиналған мүлік жиназдарға кезек қараған сайын суық ой жүрегін сыздатты. Ушықтырып барып, уытын жаятын, үздік-создықтанған дерт. Жан дүниесін жаншып, тұла бойын суытқан салқын ойдан оңай құтылмайтынын ұғынды әйел. Ең сұмдығы — әлі құрыған сайын дәрменсіздігін саналап, сынған шөлмектің бірікпейтіні, жыртық жамаудың жараспайтыны есіне түсіп, өзегі өртенді. Бұын-бұыны дірілдеп, шамды да өшірмей, төсекке киімшең құлай кетті.

* * *

— Ата, ата-оуу.. деймін, атты мен айдайыншы.— Тұлыпқа оранған Әскербай басын қылтитып, қыңқылдай бастады,— келдік пе, ата, көкемнің үйіне... Ата, деймін, божыны берші деймін...

Аспан мен жерді астастырып жіберген аппақ даланы қақ айырған жолдың сорабымен сар желіске салып келе жатқан торы аттың тұяғынан ұшқан шиыршық қаршананың үстіне шашырайды. Кеңістікті еркін кезген ерке жел екпінділігіне қарамастан ызғарсыз. Майборанның жұмсақ аязы бетке майда тиіп, көңіл түкпіріндегі тәтті ойларды оятып, Оспан қарттың есіне қиялдай ғажайып хиссаларды оралтады.

— Ата, ата-оуу деймін... божыны берші деймін...

Жайма қоңыр даусымен ұзақ бір хиссаны бастап кетті. Алды-артынан ұйтқыған жел қарттың ә дегенін қағып алып, айнала тіршілік жанға жайлы әдемі бір ырғаққа бөленген. Долаң даланың беймаза ызыңы Оспан қарттың жүрегіне соншалықты жақын, соншалықты жылы. Қөне хиссаның шумақтары бірінен соң бірі шырқала шырқау шыңға шығандап, аппақ даланың қойнауында шашылып қалып жатыр, қалып жатыр...

— Ата-оуу деймін... қамшыны берші деймін... оһо,

ата... әне, әне шамдар жанып тұр... иттер үреді...— немересі беліне жармасқанда ғана оның тұмшалап тастаған тұлыптан сытылып, жұқа киімшің қалғанын көрді. Тонып қалған екен деп жалма-жан қайтадан орай бастады Әскербайды.

Төбенің астынан жарықтары жылт-жылт еткен ауыл көрінді. Ел шетіне аттың басын бұрғаннан қарт көзі өзіне таныс еңселі үйді іздеді. Көңілі жылып сала берді, анадайдан қарағаннан-ақ Ожардың үйінің терезелерінен түскен жарық төңіректі самаладай сәулелендіріп тұр екен.

Күннің алтын сынғы

Соңғы кездегідей түп-тұнық кештер Ботабаланың аулында сирек ұшырасатын. Күн-түні дамыл таппай мазасыз ызыңмен мезі етер тұрлаусыз желдің беті әрі қарағалы бұлардың үйінде бұрын-соңды байқалмаған үнсіздік орнап, әдетте даусын көтере сөйлейтін мамына дейін аяқтарын ұштарынан басып жүр. Әкесін ауруханадан алып келгеннен бері осындай жайма шуақ боп тұрғаны өзіне де таңсық. Бірақ бұл шуақтың үйдегілердің ешқайсысына қуаныш әкеп жатпағанын және іші сезеді. Үлкендердің қас-қабағы көңілсіздікті аңғартып, соның әсерінен Ботабаланың да балалармен ойнауға құлқы соқпай, үй маңын айналсоқтап, ұзай алар емес.

Былайғы шақта жөңкіле көшетін бұлттар Түкті шоқыларын қуалай сақиналаған да көгілдендіре созылып, қоюланған тұсы таумен астасып, оның тұлғасын одан әрмен биіктетіп тұр... Бұлтқа тұмшаланған басы аспанды найзалап, ию-қиюы араласып үлгерген бояулардың арқасында кәдімгі қара шоқылар асқақтай мұнартады. Мына түрінде алып таудай-ақ елестеп, төңіректің сәнін келтіріп тұр. Сәнінен гөрі сұсы басымырақ ұшып-қонба бұлттардың аяқ астынан киізденіп, бір төбені бір төбеге жалғастыра тапжылмай қалғаны Ботабаланы елендете берді. Қашан көрсе де басынан бұлты тарқамай ұзынынан шудаланып бара жатқан байырғы әдетінен айнып, тау-тастың шұқыр-шұқырына сіңе кеткен тосын мінезіне жатырқап, көкпеңбек тұтасқан жаққа қайта-қайта жауғандады. Кенеттен тау тұрғызған қою бұлттар көзінің жауын алып, көңілін алаңдатқанымен, мұның ар жағында ақылына бойлатпайтын құйтырқылық жатқанын еміс-еміс сезінді. Біраздан кейін-ақ олардың тайқып шығар тұрақсыздығын есіне түсіргенде, қабағын түйіп,

жанарын дереу бұрып әкетті. Әрине, бұ жерді дәл осы қалпында тұңғыш көрген адам таулары қандай еді деп таңдай қағары сөзсіз. Ботабаланың көз алдына тамсанған сол адамның келбеті оралды. Аспан аясын көмкерген көк бояуға көзін ашып-жұмған әлгі бейтаныстың ойын жиып үлгермей-ақ, ұйқы-тұйқы желдің бір соғып өткенінен ығып берер бұлттардың астында жалаңаш қалған таудың қораш түрін қомсынып, санын соққызар өкінген қалпын елестетіп, Ботабала еріксіз жымиды. Қалай да бірақ бұлттардың ыдырамауын тіледі іштей.

Қәбінесе көп нөсерден кейін байқайтын мұндайды. Ал, жауынға дейінгі аспан әлемін алыстағы «әй-әй тәтесінің» айтатын ертегілерімен ғана салыстыра алар еді. Кеңестікті қаңырата жарып жүзген бұлттар тізбегінің ұшы-қиыры көрінбейтін. Қайысқан қара орманға шейін теңселтіп, жер мен көктің арасы айқас алаңын елестеткенде, міне, міне қайда ертегінің көкесі. Күрең қошқыл бұлттар тауға түйіліп-түйіліп үдере көшкенде, шоқы-шоқының бәрі орындарынан жылжып қалысатын. Ақырында таулардың өзі орнынан қозғалып бара жатқандай айналаны бұрқан-тарқан ғып, соңы қатты нөсерге ұласады. Сол кездегі нөсердің екпіні көз аштырмайды. Басыңнан аяғыңа дейін сабалап, үйге қуып тығады. Көз аштырмас жылдамдықпен басталса солғұрлым тез басылады да, артынша аспан мөп-мөлдір боп шыға келеді. Неғұрлым сылбыр басталса, аяғы ақ жауынға ұласып, сылп-сылп лайсаң төңіректі жайлады дей бер. Ондайда манағы таңғажайып өрнектерінен із де қалмай аспан бір өңкей сұрқай реңге малынып сіреседі де қалады. Сол сірескеннен қарс түйіліп, түбі тесілгендей шүмектеп құяр жауын бірте-бірте сыбырға ауысады. Әуел бастағы екілене жылағанынан гөрі демін ішіне бүгіп, қыстыға сыбырлағаны жанға әлдеқайда жайлырақ. Үздіге шыққан жауынның жалынышты әні Ботабаланың күні бойғы үрей билеген жағдайынан арылта сиқырлы

бір халге бөлеп, үзік-үзік сыбырға жауап қатқысы келетіні бар. Тырс-тырс тамшылар көңіліне жеңіл мұң ұялатып, біркелкі әуенге жалғасады да, біресе күбірлеп, біресе тұншыға мұңын шағып, мауқы басыла қоймайтын ақ жауынның үздік-создықтана жалғасар жоқтауы кей-кейде тым жалықтырып та жібереді. Қиялдай тәтті суреттерді ап-анық әкелген мұңлы ән ұзаққа созылған сайын бастапқы қасиетінен жұрдай боп, бара-бара мүлдем жалықтырады. Қандай ғажап болғанымен қайталанан берген соң, ақ жауынның сыңсыған әнінің де Ботабала үшін қызығы таусылып қалады.

Түкті шоқыларын естері кете аймалаған бұлттардың тапжылмастан қалындай түскені Ботабаланың ойына бұ маңның жиі қонағы — жауынның не бір қылықтарын оралтып, мұндай керемет суреттер шынында да нөсерден кейін туатын еді ғой деп қойды.

Манағы сәтте алай-түлей соққан жел жауын тамшыларын жерге түсірмей қағып әкетіп тұрған. Сәл саябыр тапқан кезде, ұзақты күн жан-жақтан жамыраған бұлттар Түктінің төбесіне жиналып, шатқалдардың кем-кетігін толтырып үлгерген-ді. Толтырып қана қоймай шоқыларды табиғи тұрпатынан әлдеқайда шалқақтатып, қасқағымда көз жетер дүниенің келбетін өзгертіп жібергені Ботабаланы есінен тандыра жаздап тұрды. Сақасына құйылған қорғасындай-ақ төбешіктердің ойы-қырын тегістей жымдастырған бұлттардың жауынға дейінгі және жауыннан кейінгі әлегін елестеткенде, мұның ар жағында өзіндік себептері болатын. Әдетте Түктінің бауырына бұлт қонақтаса, қалай да нөсер құйып өтетін. Таунаын жауынның иісі жарғанымен, төңіректі біразға шейін кернеген дымқыл ауа бұ жолы сейіле бастады.

Тағы да бір тұп-тұнық кеш түсіп келе жатты. Ең алдымен тыныштықты бұзып, ауыл шетіне қой-ешкілердің өрісі кірді. Орал, Алмагүл үшеуі жан-жағынан қаумалай жүгірісіп, ұсақ малдарды бөліп алды. Қора сыр-

тындағы шарбақтың ішіне қамалған қой-ешкі көшені азан-қазан қылған өрістестерінің соңынан мойындарын соза маңырасып, өріс әбден ұзап кеткенде ғана тынышталды.

— Ерте әкелгені несі бұларды? Қызыл іңірден қамап қойған соң мал қонданатын ба еді?— Мамасы үйден сөйлей шықты.— Әлі биені де ағытқан жоқпыз...

Ботабала елең етті. Кер биені құлынымен жылқыға өзі апарып қосатын күнделікті міндетін қалай ұмытты екен? Бір жағынан қуанып та кетті. Анау шығандаған тау сілемдеріне бүйірі бұрып-ақ тұрған, ал жылқыны со маңда бағады. Екі-үш секіргенде, бие саууға отыра берген мамасының жанына жетті. Биенің құлақтары тікірейіп, мамасы жабысқан аяғын көтере берді. Мамасының жалт қарағанынан өзінің кер биені үркіте жаздағанын ұқты. Сауылып жатқан малдың қасында жүгірме дегенді талай естісе де құлақ аспайды. Енесінің басына тақап, құлынның кекілін сипай еркелеткен «атақайына» жақындап, мамасына жаутандай көз тастады да, ақырын ғана құлынның мойнына қолын созды. Оймақтан сәл үлкендеу қоңырауы аяқтарымен жер тартыған сайын сыңғыр етіп, әр қозғалысынан сүйкімділік ескен құлыншағының көздері мөлт-мөлт...

— Құлыншақайым менің! Сен менің құлыншағым-сың, мен папамның құлыншағымын...

Әлгінде ғана ұрсады-ау деген мамасы бұның сөздеріне еріксіз күлді. Шелегін анадай қоя салып, Ботабаланың шашынан емірене иіскеді. Иіскеп жатып әлдене дегенімен, сөздерін анық естіген жоқ. Тек қана «иә, иә, папаның құлынысың» дегенді құлағы шалды. Өзінің қолдары құлыннан, мамасының қолдары бұдан айырылар емес. «Папасының құлынынан айналдым»,— деді Ботабаланы құшағынан босатып.

Ноқтасын басынан сыпырып алған Талғат құлынды енесінің құйрығына қарай икемдей ойкастатты.

— Атақай,— Ботабаланың даусы жалынышты естілді,— мен апарып қосайыншы...

Құлынды енесінің құйрығына байласа, өзіне ерік тимейтінін біледі. Ноқтадан босаған құлын енесінің соңынан жүгіріп отырудың орнына жан-жаққа алаңдап, кейде тіпті орта жолдың үстінде айдалаға лағып кететін тентектігі бар. Ондайда Талғат «атақайы» енесінің құйрық-жалымен құлынның мойнынан орап, түйіп тастайды.

— Қой,— деді «атақайы»,— соныра шеше алмайсын.

— Байламашы, өзі-ақ еріп кетеді, өзі-ақ... Нанбасаң, қазір көресің...

— Жарайды!— Талғат құлынды босатып жіберді,— кел, отырғызайын.

— Өзім, өзім мінейін...

— Жә, жә...— Үнсіз жымиған Талғат інісінің тырбын-тырбын әрекетіне төзімі жетпей, аяғынан демеп жіберді. Ботабаланың бұртиғанын аңғарған жоқ.

— Ту-у-у, өзім де мінетін едім!

— Ендеше, түс те, өзің міне ғой...

Ботабала аттан домалай топ етіп, құлауға шақ қалды. Алақанымен жер тірей еңкейіп, ұшып тұрды да жүгіре жөнелді. Сол екпінмен кері жүгіріп кеп, секірейін дегенде, аяғы тайып кетті. Сіңірінің тартылғанына назар салмастан қайтадан жүгірді. Үшінші рет секіргенінде ме, әйтеуір кер биенің үстіне қонды-ау.

— Міне, жігіт,— деді «атақайы» арқасынан қағып,— құлынды байқа, қалып қоймасын. Жылқылар ұзап кеткен шығар, қайтарда қорықпайсың ба?

— Жо-о-ға... өзің жігіт дедің ғой мені!— Ботабаланың қынжыла қабағын түйгеніне Талғат мәз болып қала берді.

Бүлк-бүлк жүріспен желген кер биенің жүгенін сәл босатып, артына бұрылып еді, папасы мен мамасы есік алдында отыр екен. Екеуі де өзіне қарап қуанып отыр-

ған сияқтанды. Бір түрлі мерейі өсіп, жүзі бал-бұл жанды. Бір қолымен жүгенді тартқылап, екіншісімен аттың санынан шапалақтап, енесінің соңынан ойнақтаған құлынға әлдене деп келеді. Енді бірде құлынға қарай қолын соза қатар жүрейік дегендей ымдап, негін көтеріп-көтеріп қойды.

Дәл қашан екенін есінде сақтамапты, алғаш рет осы кер биеге мінгенде аспанға бір-ақ ытқығандай сезінген. Бойына қанат біткендей қалықтап, бұрын-соңды ұшыраспаған қуанышқа кенелген. Өзін тіпті «әй-әй тәтесі» айтатын ертегілердің ішіндегі самолетпен ұшқандай көзін тарс жұмған. «Саған не болды, шошынғаннан саумысың» деген «атақайының» сөзінен есін жиып, екі езуі екі құлағына жеткенше сықылықтаған. «Сен мына түріңмен буыныңды ұстай алмассың»,— деп, ақырында «атақайы» мұның еркімен санаспастан, жерге түсірген.

Сол алғашқы әсерін қазір де бойынан өткеріп келеді. Тағы да «әй-әй тәтесінің» ертегісіндегі сиқырлы самолетті ойлады. Әрине, сиқырлы самолетпен алысқа-алысқа ұшып кетеді, бірақ қайта оралып түбінде Түктінің ең биік деген нүктесіне қонатыны анық.

Күн арғы бетке ауған сайын шоқыларға мінгескен бұлттар қарауыта түнеріп, көз жеткен жердің тең жарымын Түкті алып жатқандай. Қия шатқалдардың ара-арасынан сыздықтаған алтын сәулелер кер биенің бүлкіліне орай сан құбылып, Ботабалаға қасын кере жымындайды. Әр тұстан ұшқын шашып, аракідік лапылдаған от тәрізді ирелендегенде, Ботабаланың көздері жыпылық-жыпылық етті. От пен күнге ортақ сары бояудың жанар тайдырар сиқыры неде екен осы?! Қалайда тура қаратпауға тырысып бағады. Тіпті қарай қалса да жүзі шыдамайды. Өткен жылы жазда Мәшім кемпірдің үйі қора-қопсысымен тал түсте өртеніп кеткенде, аспанға шапшыған жалынның сап-сары тілдерінен қатты қорқып, есіне түссе, әлі күнге жаны түршіге-

ді. Айналасы бау-бақша, ақ шатырлы үйден түк те қалмай күлге айналғаннан бері сары түсті ішінен жақтырмайды.

Бірақ күннің жөні бөлек қой, шіркін! «эй-эй тәтесінің» ертегісіндегі самолетімен әйтеуір бір жетер-ау оған да! Кенеттен тауға айналдым деп шірене қалған мынау бұлттарды бұзып-жарып, күнге жетсе, міне ғой, ертегінің нағыз көкесі! Сонда ол сары бояудың барлық сиқырын ашып, оған міндетті түрде тура қарауды үйренер еді-ау.

Өзімен бірге тығылмақ ойнағандай желе жарысып бара жатқан күннің найза кірпіктері әлдебір шоқының артына жасырынғанда айнала алакөлеңкеленіп, тұнық кештің еңсесі көтеріліп жүре берді, көк бояудың сан жетпес түсінен көз сүрінді. Найза кірпіктердің соңғы рет қармана дір еткенінен жан-жағына шашылып үлгермеген шапақтың әлсіз сызаттары тау-тастың құшағына құлап көрінбей кетті.

Ботабаланың денесі тоңази бастады. Әлгіндегі алау жолақтар көңілінің хошын ұрлап әкеткендей, бұны құлазытып жіберді. Күні бойғы көтеріңкі лебінен із де қалмай көзін байлаған қараңғылықтан маңайы түгел дерлік түнерген тас қамалға айналған сияқтанды. Салқын ауаны қанша емірене жұтқанымен көкірегін әлдене түйнегендей. Құлағына күмбір-күмбір үн естілгенде ғана жеңілдік туды. Тынысын тарылтқан кеудесінде лықсып, арнасын таппай тұншыққан үзік-үзік әуен екенін өзі ұққан жоқ. Бірақ көкірегі сайрап қоя берді. Соншалықты ап-анық үннің қайдан шыққанын білмей алысқа құлағын түріп еді, әр буыны кәдімгідей ұзаққа созылып, шырқауға жетелеп барады. Ымырттың таумен астасқан қойнауынан төгіліп жатыр ма, ажырата алмады. Жүрегін өректітіп, сыртқа бұлқыған толқыныстарының кенеттен сан қилы дыбыстардың үндестігіне жалғасқандығын түйсінді.

Қызыл іңірге дейінгі көгілдір бояулар мен тұп-тұнық кештің кеудесіне күй күмбірлетіп, өң мен түстің арасындағыдай хал кешкеніне өзі де таң қалды. Жанарын жыпылықтатқан бояулардың түн құшағынан жаңғырықтана тіл қатқаны, неге екені белгісіз, көкейіне мұң ұялатты. Батар алдындағы күннің айналасының әлем тапырығын шығарған алтын сынықтары көз ұшынан көмескіленіп, қошқыл тарта көлбендегенде, бұрыш-бұрыштан жалбарынған дауыстар анталап қоя бергендей-ді. Қара бояу қоюланған сайын жаңағы сыбырқыбыр жалынышты жоқтаудың сай-сүйекті сырқыратар шумақтарындай сарнап кете барған.

Содан ұзаққа шырқап, батқан күннің соңынан зарыға сыңсығанымен, баяулап барып сабасына түскен жеркөктің көпке шейін солығы басылмай жатты. Ботабаланы мұның бәрі бей-жай қалдырмай, әр-бірден кейін жүрегін түйнеген зарлы өксіктен тұла бойы түршігіп, екі иығы дір-дір етті. Көкірегінде сайраған біркелкі әуен түсінікіз де мардымсыз бірдеңе сияқты басын айналтты. Манағы сәтте құлағына естілген күмбір-күмбір үн алыстан талып жетіп, талып жетіп, мүлде ғайып болды.

Жанын сергітер-ау деген сол әуенді енді есіне түсіре алмады. Қанша әлектенсе де Түктіні басына көтере сарнай жөнелген жіңішке үннен өзге ештеңені шалмады. Әуеде қалықтап тұрып алған шыр-шыр дауыс бұны байлап-матап тастағандай. Көкжиектің құлақ естіп, көз көрмес арғы беткейіне құлаған күнді жоқтап, шұрқыраған ащы шырыл біресе өзінің өзегін жарып шыққандай болса, біресе алыстан жеткендей әсер қалдырды. Сондықтан да өзі мен өзгенің бәрі бір тұтасып, айнала табиғат пен екеуінің арасында титтей айырмашылық жоқтай көрінді.

Ащы шырылдан өзін әрең ажыратты. Есін жиғанда, құр сұлдері қалған денесін көтеруге мұршасы жетпеді.

Қолына ұстаған жүгенін умаждай қысып, теңселіп кетті. Кері биені жылқының үйіріне апарып қосты, содан кейін жаяу қайтты, содан кейін... Арқа тұсының қайта-қайта қағып, мазасызданғанын біледі. Тіпті сүйектері орындарынан жылжып, ашылып-жабылғандай болды-ау, ә?!

«Барсың ба, қайдасың...» деген оқыс дауыстан селк етіп, жан-жағына алақтай қарады. «Атақайы» екен, үнінен шырамытты: «Үйдегілер саған не болды деп үрейленіп отыр, манадан бері не істедің, біз сені кер биеден құлап, мертiгiп қалды ма деп қорқып...»

Жақындай берген «атақайының» аяғынан Ботабала құшақтай жығылды.

— Өй, жігітім, не болды саған, өзің қорыққаннан саумысың, мен сені жігіт деп жүрсем...— Талғат еңкейіп барып беліне жармасқан бауырын тік көтеріп, кеудесіне қысты.

Ботабала солқ-солқ жылады. «Атақайының» мойнынан тарс құшақтап, босатар емес. Арасында көз жасына булыға сөйлеп қояды.

— Мен ештеңеден де қорыққан жоқпын. Еш-те-неден қо-ры-ққ-пай-мын...

— Өйткені сен батырсың ғой, папасының құлын баласы қорқа ма екен.— Қашан өксігені басылғанша, Ботабаланы құшағынан айырмай шашынан, бетінен иіскеп, еркелете алдандырды. Жерге түсіріп қолынан жетектей аяңдады.

Анда-санда селк-селк етіп, білегімен танауын сүрткілеп қояды. «Атақайының» оң қолынан мықтап ұстап алған соң жаны сая табайын деді. Екі кештің ортасында не болып, не қойғанын дәл ұқпағанымен, әйтеуір үлкен бір өзгерісті басынан кешкендей. Бірақ соның бір де бірін «атақайына» айтып жеткізу мүмкін емес тәрізді: құрдымға жоғалған бояулар, қараңғылық қойнауынан

шыққан жаңғырық және бүкіл дүниені теңселтіп жіберген айғай, жо-жоқ, мұны түсіндіру қиын, қиын...

— Атақай,— деді көзінің жасы құрғаған соң,— арқасы қақса не болады?

— Қалай, қалай?— Талғат түкке түсінген жоқ.

— Арқаң қақса деймін... Міне былай, еңкейші өзін...

— Ә-ә-ә... онда ма, иә, онда жаңа киім киесің!

— Жаңа киім?! «Әй-әй тәтем» келеді екен ғой!— Ботабала қуанғанынан секіріп-секіріп қалды. «Әй-әй тәтесінің» келетінін ойлағанда, еңсесі көтеріліп жүре берді. «Атақайының» жетектегенінен босанып, қолдарын шапалақтай алға ұмтылды. Тап қазір алдынан кездесетіндей асығып, ағасының білегінен тез жүрші дегендей тартқылады.

— Келсе екен тез! Әй-әй тәте-ау...— Даусы кәдімгідей қатты шықты. Қа-ша-ан келесің деймін?

Талғат күліп жіберді. Інісінің соншалықты тебірене айтқан сөздері ұйыған тыныштықта жаңғырыға қайталады.

— «Әй-әй тәтенді» сағынған екенсің ғой!

— Бүгін келе ме?— деді Ботабала «атақайына» жақындап.

— Саған «әй-әй тәтең» не деп еді кетерінде?

— Сен бәрібір білмейсің ғой не дегенін... Сен бәрібір ертегі білмейсің ғой... маған «әй-әй тәтем» айтқан: мен келгенше көп-көп ертегі дайындап қой...

— Ал, сен бірде-бір ертегі ойлап тапқан жоқсың.

— Иә, саған... менің «әй-әй тәтеме» деген ертегім дап-дайын, бірақ оны басқа ешкімге айтпаймын...

— Маған ше?

— Сен «әй-әй тәтем» емессің ғой: ол он рет, мен бір рет айтатынмын, ал сен он ертегіні бірден білмейсің ғой...

— Неге білмеймін? Нанбасаң, тында...

— «Әй-әй тәтем» келгесін! — Ботабаланың үні жуасып шықты. — Сен тек ұмытып қалма, жарай ма?

— Жарайды!

Түктінің жоғарғы тұсынан ай сұлбаланды. Төңіректі жайлаған қара қошқыл тұс сұйыла шашылып, шоқылардың үстіне жатып алған қорғасын бұлттар енді күрт төмендеп, шатқал-шатқалға жасырыныпты. Ұзақты күн жайраң қаққан шоқылар меңіреу күйге еніп, манағы тау тұрғызған бұлттарды жұтып қойғандай. Кеңейіп жүре берген кеңістіктің әр-әр тұсынан жұлдыздар жымындай бастады. Сұлбаланған айдың нұсқасы алғашында тым жүдеулеу көрінгенімен, артынша өздеріне қарсы жүзіп келіп, кетігіне шейін айшықтала қалды.

— Шыныңды айтшы, — деді Талғат, — неге жыладың?

— Білмеймін... рас білмеймін...

— Қызық екен?!

— Жылағым келді, сені көргенде...

Одан әрі Талғат мазалаған жоқ. Мұңая қалған Ботабаланың арқасынан қағып-қағып қойды. Арқасынан қаққан осынау қимылының түп-төркінінде жасырынған мейірімділікті жан тәнімен қабылдап, сенімге шақырған аға ниетін соншалықты жақыннан ұғынды. Былайғы шақта бауырына тарта бермейтін ағасының үнсіз еміренгені өнбойын лезде жылытып жіберді. Басынан кешкен таңғажайыптарын «атақайымен» бөліскісі кеп, сайрай жөнелетіндей тамағын кенеді.

— Сен, білсең ғой, шіркін, — деп тамсанып біраз тұрды. Одан әрі тұтығып қалды.

— Атақай, — деді содан кейін, — бүгін сенімен жатайыншы!

— Солай ма? Папанды қайтесің?..

— Папам бәрібір жалғыз жатады ғой, маған өзі айтқан келгеннен кейін... «Түнімен маза бермеспін», — деп, ауырады ғой...

Қатты ұйықтаған екен. Оқыстан оянғанында, күн сәулесі шақырайып, терезенің ар жағынан қып-қызыл боп көтеріліп келе жатты. Жанарын қайтадан жұмды. Ағасы ертелетіп жұмысына кетсе керек, мал бағатын кезегі ғой, кеше үйде болған...

Далаға шыққанда, Ботабала көзіне сенер-сенбесін білмей аңтарылып тұрды да қалды. Жинаулы отын шетінде папасы шалғы шындап отыр. Бір жылдан бері ауырып жүрген әкесін мұндай жағдайда көптен көрмегендіктен бе, таң қала қуанып, жұмысынан бөліп жібермейін дегендей сақ қимылмен бір, екі... аттады. Тіпті жүрегі дүрс-дүрс соғып, қуаныштан жарыла жаздап тұр. Мамасы мұны көрсе, сөз жоқ қуанады, басқалары да...

Ойын папасының жұмсақ даусы бөлді. — Кел, келе ғой, құлын-бала! Не ғып ерте тұрдың? Бірақ дұрыс болған оянғаның, екеуміз шөп шабуға барамыз... Қалай, келістік пе, әлде...

— Барамыз, барамыз!— бір секіргенде папасының қасына жетті,— маған да шалғы керек қой... Атақайым ылғи да мені апармайды... бәрін өзі істейді...

— Бұдан былай апарайды!

Таңертеңгі шайды бәрі көңілді ішті. Дастарқан басында әдеттегіден гөрі ұзағырақ отырған Ботабала мамасының мандайы жіпсігенін байқады. Бұл соңғы кезде сирек кездесетін жайт. Шай үстінде мамасының мандайы шып-шып терлемесе, қабағы кешке шейін ашыла қоймайды, ал енді мандайы жіпси қалса қуана бер. Ботабаланың қандай да тілегі орындалып, мамасы ұзақты күн маңайындағының бәрін айналып-толғанып жүреді. Папалары ауырғалы мұндай емес. Жиі-жиі күрсініп, құдайдың атын күніне сан қайталайды.

Папасы тайды арбаға жетектеп әкеп, ең алдымен

қамытты салды мойнына. Бұрынғыдай емес, жүрісі тым сылбыр. Әнеугіден гөрі құла тай да жуасып калыпты. Ауылда осы құла тайдан өзге жетекке үйретілген тайды Ботабала білмейді. Алғашында көкке шапшып, жалына жан жуытпаған құланы қатты аяған. Ен далада ерсілі-қарсылы шауып, арбаның жетегін қирата жаздаған. «Атақайы» сонда да қоймастан, ақырында үйретіп тынды.

— Басқа үйлердің тайлары неге арбаға жүрмейді,— деді жетекті көтере берген папасына.

— Мұны басқа үйлердің «атақайларына» айту керек. — Папасы қуақылана езу тартты.

— Мен де «атақайым» сияқты боламын өскенде, иә, папа?

— Біздің құлын-бала өскенде бәрінен де мықты болады. — Сөздерін әндете созып, содан рахат тапқандай-ақ әкесі енді тезірек қимылдады. Тайды жегіп болғаннан кейін шалғыны арбаның ұзына бойғы арқауына жіктей орналастырды. Ботабала арбаның ортасына шөп жайып, мамасы ұсынған құрақ көрпені төседі. Қымыз құйылған ақ бидонды екі тізесінің арасына қысып, арбаға жақындаған әкесіне ығыса орын берді.

Таудың етегіндегі орманға апаратын жолға бұрылғанда, Ботабала әкесінің арқасына арқасын сүйеп, аяғын арт жаққа созып жіберген. Әлгі екі ортада ұйып үлгерген аяқтары икемге әрең көндікті. Арбаның шай-қалақтағанынан бидонның қақпағы бір ашылып, бір жабылып, сыртқа лықсыған қымыздың иісі танауын жарды. Өзі де байқамай жұтынып қалғанында, таңдайына қышқылтым дәм үйірілді. Өтеген-ай, мамасының тостағанға құйып қойған қымызын әлгінде үйге кіріп-шығып жүргенде сіміріп алуды тарс ұмытқанын қарашы... Ауылдан ұзап үлгермей, ішіндегісін төгіп-шашып бидонды басына төңкеріп жатқанын көрсе, Орал мен Алмағұл қалай ұрсар еді?

— Папа-а-а,— деді әндете,— атақайым қымызға су қосады, сонда шөлдемейсің дейді... Мен су қосылған қымызды ішкім келмейді...

— Ішпегенің дұрыс, құлын-бала!

— Атақайым ше?

— Оған да ішпе деу керек.

— Папа, ертең келеміз бе, шөпке? Бұдан былай күнде келейік, иә, папа... Сосын отын тасимыз.

Мүлгіген орманның шетіне кіргенде, арба доңғалақтарының сықыры күшейіп, құла тай да манадан бергі жүрісінен жаңыла берді. Қайта-қайта секіріп, байыз таппаған Ботабалаға: «Шалғыға түсіп қаларсың»,— деп, ақырында алдына отырғызып алды. Аракідік кездескен алаңқайларда үйілген көпенелер жыпырлай қалып барады. Қайбір жерінде кеуіп үлгермеген атжал-атжал шөп жатыр. Одан әріректе көгалды белуардан кешкен екі-үш адам жүр. Шалғыларының сырылы естілмесе де шөп шауып жатқандары қимылдарынан байқалады. Папасы құла тайды со жаққа бұра берді.

— Онда адамдар көп қой, ешкімі жоқ жерге барайық та!

— Бәрібір ғой, құлын-бала, Түктінің шөбі бәрімізге жетеді, бәрімізге... Әсіресе биылғыдай молшылық жылы... Қандай құрғақшылықта да бұл маңнан маялап таситынбыз.

Ағаштың көлеңкесіне кеп тоқтаған бұларға анадай жүргендер пәлендей назар аудармады. Қай-қайсысы да шаруаларымен әлек. Күннің шуағын барынша пайдаланайық дегендей, қимылдары тым ширақ. Дәл осы шақтағы аспанның ашықтығы ауылдастарына көл-көсір қуаныш әкелетінін Ботабала да біледі. «Атақайы» шөп шапқан күндері мамасының ықыласы аспанға ауатын және тәтесі келеді-ау дегенде, әйтпесе үйден аттанып кеткенде де аспанның қабағын бағады. Күннің сәл бұзылған райын байқаса «самолеті ұшпайды-ау енді» деп

уайымдап отырғаны. Бұл үлкендерді түсініп бітпейсің бірақ. Біресе жауын тілесе, біресе құрғақшылықты қалайды, әйтеуір құдайдың құтты күні аспаннан қайыр күтіп, сол күткендері болсын-болмасын, жанталасады да жатады. Қазір жұрттың бәрі далада. Таң атқаннан жандары бір дамыл таппайды, отын мен шөптің науқаны. Уһ деп үлгергендерінше, күздің қара суығы да жетеді. Қара суыққа шейін қораның іргесі шөпке толып, мааның төбесі қаланса, әсіресе мамасы қуанады. Мамасы қуанса, ар жағын айтудың қажеті шамалы, үйдің іші жарқырап шыға келеді. Дүниедегі ең қорқатыны — мамасының ренжігенін көру, ондайда Ботабаланың ештеңеге зауқы соқпайды. Ешкімнің көзіне шалынбай шатырдың ішіне тығылып жатып алады. Таңертеңгідей мамасының жадырағанын көптен аңғарған емес.

Папасы құла тайды тоқтатып үлгерместен-ақ Ботабала арбадан секіріп түсті. Қолындағы бидоны домалай салдыр-гүлдір етіп, ішіндегісі лақылдай төгілді. Жалма-жан ұстайын дегенінше түк те қалған жоқ. Папасы басын шайқады. «Мамаңа айтпай-ақ қой»,—деді.

Әрине, айтпайды, ұзақты күн сусын ішпегендерін етсе, не болатынын өзі де сезіп тұр ғой. Сәл нәрсеге мамасының қапаланатынын біледі, сондықтан жұмған аузын ашпас.

— Шөп көбейсін, жігіттер!— Папасы әрі беттеді.

— О, біздің мұғалім екен ғой...

— Төрлетіңіз, мұғалім!

— Сізді көрмегелі қашан? Тәуірсіз бе?

— Аман-сау оралыпты деп естіп жатырмыз, көңіл сұрап баруға мұрша келмей жүр еді...

— Өзіңіз білесіз, қазір әр сағат есепте...

— Қыстай құлағымыз сіздің үйде болды: қалай екен мұғалім деп, әйтеуір операция сәтті жасалыпты деп естідік... Қазір қалайсыз?

Қызық: осы ауылдың кәрі-жасы түгелімен папасын

«мұғалім» дейді. «Папаң қайда, папаң келді ме»,— деп емес, «мұғалім қайда, мұғалім келді ме»,— деп сұрайды. Әнеубір жігіттерге жарасып тұр, ал мынау бергі шеттегі Қапан шалдың «мұғалім» дегені Ботабалаға әрі күлкілі, әрі ерсілеу көрінеді.

Қастарынан арбамен өткенде бастарын көтермеп еді, енді кеп бәрі папасының қолын қысып, шүйіркелесе қалыпты. Сірә, өздері де шаршаған шығар, құрысқан белдерін жазып, арқаларын кеңге жая шалғыларын лақтырып тастады. Әсіресе, Қапан шал алабөтен қалжыраған сияқты. Маңдайынан сауылдаған терді белін шарт буынған орамалдың шетімен әлсін-әлсін сүрткілейді. Папасының хал-жағдайын сұрасқаннан кейін әңгіме «күн жарықтықтың жылы қабағына» ойысты. Бір емес, биыл бірнеше жылдық азық жиып алуға мүмкіндік бар екендігін, бірақ арты жақсылыққа ұласып, халыққа тыныштық болғай десті. Совхоздың сүрлемі жиылып терілгеннен кейін үй басына бір-бір телешка зеленка берілетіні, сонда да қапы қалмайық, артық етпес деп, әжептәуір шөп шауып алғандары, егін жарықтықтың да көз тойдыра жайқалғаны», енді тек бозқырау сұлатып кетпесе жарар-ды деген күдіктері — әйтеуір айтылмаған жайт жоқ. Әрлі-берлі қарап біраз тұрған Ботабала жалыға бастады, қызу әңгімеге кіріскен үлкендер мұны елер емес. Арбаның үстіндегі бос бидонды кұшақтап, тоғайға беттеді. Папасы шөлдегенде жейтін бүлдірген теріп әкелейін деді ішінен. Қымыздан кем емес, шіркін қант қосып жесе ғой!

Жақын тұстағы бүлдірген де, жидек те теріліп қойылыпты. Жидектің жапырақтары шашырай жайқалғанымен, қанша үңілсе де теріліп алынған, аракідік ағып кеткен қалдықтары ұшырасады. Бірнешеуін аузына тығып та жіберді, тәп-тәтті екен. Әбден толысып аққалы тұрған жидектің ерекше дәмі тілді үйіріп әкеткенімен, өкінішке орай сілекейін шұбыртып, тым сирек кездесті.

Бидонын салдыратып Ботабала ұзақ жүрді. Орманның қырға өрлеген тұсына беттеді. Бүлдіргеннің ашы алаңда өспейтінін, тек таза жерде, ағаштардың бауырында моншақтай мөлдіреп тұратынын есіне түсірді. Есіне түсірдім дегені, көргені екен, жасыл жапырақтардың арасынан бүлдіргендер көзіне қып-қызыл оттай басылды. Бірден шоқ-шоқ бүлдіргенді жапырағымен шайнап, аузын толтыра бірер асағаннан кейін ғана тоқтатты. Піскелі бері адамның аяғы баспағаны байқалып тұр.

Бұтақтарына шейін айқаса өріліп, арасынан адам баласының тіке бойлап өтуі қиын қалың жыныстың ішінде көбірек кідірген Ботабала әлдебір сәтте папасынан тым алыстап кеткенін ұқты. Қай тұстан енді қалай бұрылу керектігін білмей тұр. Жыпырлаған ағаштан өзге ештеңе шалынбады. Жоғарылаған сайын жапырақтары желбірей қоюланып, әбден тұтасып кеткен талы, терегі, қайыңы, қарағайы, емені — аяқ астынан үрей туғызды. Бүлдіргеннің қызығымен ұзақ жүрген екен, бидоны толуға жақындапты.

Өзінің қай манда жүргенін шамалап болса да болжау үшін басын шалқайтып күнді іздеді. Бұлардың үйі күн шығатын тұста, яғни орманға әкелетін жол да сонда, ендеше... Күн дәл төбеде ...Ботабала түкке түсінбеді. Таңдайы кеберсіп шөлдегендей болды. Бүлдіргенді уыстай апара бергенде, тістері дыз ете түсті, тіпті бастырар емес.

Іштей кесіп-пішкен жағына жүре түсіп, тағы да күннің көзін сүзді жанарымен. Тым болмаса таудың қай беткейде қалғанын білейін дегенімен, ағаштардан өзге ештеңе шалынар емес, әдетте түстен кейін күн Түктіге қарай ауатын.

Болжамы дұрыс екен, біраздан кейін-ақ қисаландыған таныс соқпақты тауып алды. Жақын маңнан шық-

қан айғай әлденеше жанғырығып барып құлағын тұндырды:— Бо-та-ба-а-а-ла-а-а...

— М-е-е-н мұн-да-мын!— Орманды басына көтерген Ботабала бидонды қос қолымен омырауына қысып, жүгіре жөнелді.

— Папа,— деді анадайдан қуанып,— мен саған бүлдірген теріп әкелдім, шөлдедің ғой сен...

Ең алдымен папасы аздап ұрысқан сынай танытты. «Қасқыр жеп қойса қайтесін»,— деді. Артынша ашуы тарқап, манайындағыларды шақырып алды. Асықпай-саспай келгендер бұларға қарама-қарсы малдастарын құра жайғасып, бірі айранын, екіншісі нанын, қымызын ортаға қойды. «Қандай тәтті, қалай тап-таза ғып тергенсің»,— деп, бүлдіргенді бәрі тамсана жеді. Сәл кешіксе Ботабаланы іздеуге шыққалы отырғандарын, өздерінің қорыққандарын айтты. Қайбір жылдары дәрігер келіншек Дариганың кішкентай қызы орманда адасып, күн түсіп өлгенін өкінішпен әңгімелеп, апат пен ажал қас қаққанша ғой, оның алдында бәріміз де шарасызбыз десті.

— О-о-о!— Ботабала қисая сұлаған атжалдардың қатарын санап, қолын шапалақтады. — Көп шауыпсың, иә... бұны енді Орал мен Алмагүлдер көпенелейді, иә... мен тырнауышпен тазалаймын, иә...

— Иә, иә,— деді папасы жымыып.

Күннің қызуы қайтқан кезде арбаға жас шөпті тиіп, әкелі-балалы екеуі ауылға беттеді. Көк шөптің балғын иісі мұрнын қытықтап, әрлі-берлі аунақшыған Ботабала шалқасынан жатты. Мұндай да рахат болады екен-ау! Аяқ-қолын созып жібергенде күнге қарай ұшып бара жатқандай сезінді. Құла тайдың желе жортқанынан теңселе ырғатылған арба ағаштарының сықыры құлағына майдай жағып, аспанға төбесі бір елі жетпегендей! Қолдарын созып еді, папасының иығына тиді.

— Папа, бір нәрсе сұрасам айтасын ба?

— Білсем айтайын...

— Күннің жасы нешеде?

Әкесі жауап бермеді. Біраз ойланып барып: «Күннің жасын қайтесің?»— деп, ұлының өзіне сауал тастады.

— Білгім келеді... жай әншейін қанша жаста екен дегенім ғой...

— Күннің жасына біз білетін сан жетпейтін шығар!

— Біз білмейтін де сан бола ма?

— Болғаны-дағы...

— Папа, осы сені неге жұрттың бәрі «мұғалім» дейді?

— Өйткені кішкентай кездерінде оларды оқытқанмын, кейін балаларын оқыттым... Қазір де...

— Сонда Қапан шал да сенен оқыды ма?

— Жоқ. — Папасы күліп жіберді. — Әй, құлын-бала! Ойыңа келмейтін нәрсе жоқ-ау! Осы сен өскенде кім болар екенсің?!

— Мен өскенде күнге ұшамын!

— Жарайсың, құлын, жарайсың!

— Және мен өскенде, папа, сені асыраймын, мамам екеуіңді. Папа,— деді тағы да ойына әлдене түскендей,— сен бұдан былай сабақ бермейсің бе?

— Неге?

— Бәрі айтып жүр ғой солай деп...

— Онда рас шығар.

Ботабала әкесінің біртүрлі көңілсіздеу даусынан мұнайып қалды. Сонда қалай, балалардың: «Папан енді мұғалім емес, аурулығына байланысты пенсияға шығарыпты»,— дегендері рас болғаны ма? Шалқасынан жатқан Ботабала қиялға шомғанымен, ойы әкесінің енді мектепте сабақ бермейтініне кеп тіреле берді. Онсыз да биылғы жылды ауруханамен екі ортада өткізіп, қыстай науқастанып шыққанын, қатарға қосылғанына бірер күн ғана өткенін, әйтеуір бұдан былай ауырмаса екен деп ойлады. Мейлі, сол пенсиясын алсын-ақ, тіпті мұға-

лімдігін де қойсып, тек бпылғыдай мүлдем жатып қалмаса екен?! Әкелеріңіз үйлеріңіз қыстай қаңырап тұрғаны рас қой. Тіпті оның қойнына жатуды да ұмытыпты...

Сол күні Ботабала папасымен бірге ұйықтады. Ертеңіне бұлардың үйі ауылдың барлық шал-кемпірін шақырып, ең семіз деген қойды құрмалдыққа шалды. «Әй-әй тәтесі» болған жоқ, бірақ сол тәтесі сияқты ең жақсы көретін апатайы, мамасының, папасының — бәрінің апатайы келді. Өзінен бастап барлығының маңдайынан сүйіп шығатын апатайы келсе, қашан да мерекел! Аппақ апатайының жанында ешкімнің қабағын кірбің шалмайды. Мамасы да қуанып, әбдіренің түбінде жатқан ою-өрнек құрақтарын шығара бастайды. Алаша тоқуға деп иірген жіптерін көрсетіп, өзара қуанышқа кенеледі де қалады. Бұған дейін ешқайсысы көңіл бөлмеген ұсақ-түйек шаруалар апатайының алтын қолдарының арқасында кенеттен дөңгеленіп жүре береді. Бұ жолы да солай: «атақайы» мен екеуіне қоянның терісінен малақай пішіліп, Оралдың етек-жеңі қырқылған тоны Алмагүлге шақталып ықшамдалды, аңшы нағашысы бірде Талғатқа байлаған суырдың үш-төрт тулағы жататын, сәті түсіп олар да иленді, қыздар «бөрік тік-тіреміз» деп мәре-сәре.

— Осындайда, шіркін, «әй-әй тәтесі» келсе ғой!

* * *

Соңғы он күннің ішінде ойламаған жерден папасының екі ұрты солып, күрт жүдеді. Бұрынғыдай ас ішпейді. Тек балалары орманнан теріп әкелген бүлдіргеннен екі-үш қасық талшық етіп жүр. Тамақтан қалса да шаруадан қалғысы келер түрі жоқ. Ертелі-кеш жаны тыным таппай, біресе отын жиып, біресе шөп үйіп әлек. Өткенде тіпті үйдегілердің қарсыласқанына қарамастан Тал-

ғатпен тауға барып, отын дайындасып қайтты. Содан қатты төмендеп, екі-үш тәуліктен бері артық қимылдан да қалды. Үн-түнсіз есіктің алдында отырады. Ертелікеш қасынан шықпайтын Ботабаламен де баяғыдай сөйлеспейді. Анда-санда ғана шашынан сипап, бауырына тартқанымен, соның өзіне күші жетпейді. Бірер рет апатайы мен мамасы қолтығынан демеп жіберетіндей ыңғай танытып-еді, «жо-жоқ, өзім, өзім...» деп қабағын шытқан. Бойынан күш-қуат тайғанын өзі де мойындамай, өзгелерге де мойындатқысы келмей ме, қас-қабақтарымен құрақ ұшқандардың тым-тым бүгежектегенін жаратпайтын сияқты.

Көңіл сұрап келушілер көбейді. Папасы қай-қайсын да есіктің алдында тұнжырап отырған қалпы қарсы алады, тұнжырап отырған қалпы шығарып салады. Әңгімеге араласса, басын шайқап, әйтпесе басын изеумен шектеледі. Осының бәрін көңіліне түйген Ботабала папасы қашан асап-асап тамақ жейді деп армандап жүр. Оның үстіне өткендегідей бақытты күндер енді қайталанбайтындай. Папасы жазылмаса, не істейтіндері өзіне мүлдем белгісіз. Қой сойылып, төрт бөлме кісіге лық толғанда, шіркін, қандай шаттанып еді. Содан кейін папасы қайтадан ауырар деген ой қаперіне кірмеген. Жас ет пен сорпа ішіп, шөлдерін шаймен басып қауқылдасқан шал-кемпірлердің әрқайсысы: «Кұрмалдықтарын қабыл болсын»,— деп, ризашылықтарын білдірген кезде, Ботабала «е, папам бұдан былай ауырмасын дегендері шығар» деп және бұл ойына ішінен құлай сенген. Көптің тілеуі орындалмауы мүмкін емес қой. Осынша халықтың ақ батасын алғанда, шынымен папасының тағы да сырқаттанғаны ма? Сол жолы: «Папам енді ешқашан ауырмайды, ғой, иә?»— деп сұрағанында, «Аузыңа май, періштенің құлағына шалынсын»,— деген еді апатайы.

— Періште деген не?

— Сен ғой періште, жарығым, сен періштесің... ал, періштелердің ойы орындалуға тиіс...

— Алақай, мен періштемін!— Ботабала апатайы мен екеуінің арасындағы әңгімені есіне түсірді. Өне кетемін, міне кетемін деп жүріп, апатайы ақырында ауылына: «Әлі біраз кідіремін»,— деп хабар айтып жіберген. Кеше тракторымен кіші ұлы келіп қайтты. Алғашында Ботабала апатайын алып кетер деп қорыққан. Алда-жалда апатайы кетсе, үйдің іші құлазып қалатындай. Қоранын іргесіндегі трактор қашан ұзағанша, апатайының қасынан бір адым жылжыған жоқ. Қамзолының етегінен қос-қолдап ұстап алыпты.

— Апатай, осы сен неге кете бересің үйден?

— Менің өзімнің үйім бар ғой.

— Біз ше?

— Сендер де өз үйім.

— Сонда сенің көп үйің бар ма?

— Иә, көп үйім бар!

— Сен папамнан да үлкенсің, иә... ол да сені апатай дейді... Ал сенен үлкен кім?

— Менен үлкен дейсің бе... Оларды білмейсің сен... қазір жоқ. Қайда дейсің бе? Жұмақта... әрине, жұмақта болу керек... Өскенде бәрін түсінесің... Не, не?... Жұмақ па... Жұмақ... Күннің арғы беткейіндегі нұр ғой, нұр... О жақта нұр жауып тұрады...

— Бізде түн болғанда ма? Қызық, қандай қызық, ә! Мен күнге жетсем, сол нұрды көремін!

— Тек, тек, ондай сөзді айтпа?

— Неге, өзің айттың ғой, нұр жауған жақсы, жұмақ деп...

— Жо-жоқ... нұр дегенім...— апатайының сөздері шашырай шығып, абдырап қалды. Ботабала одан әрі мазаламады, бірақ «күннің арғы беткейінде нұр жауып тұрады» деген сөзді көкейіне мықтап түйді.— Нұр дегені жауын емес шығар, әрине, жауын емес...

Ботабаланың танымайтын туыстары көп екен, аттылысы бар, мотоциклі, машинасы бар, күн құрғатпай бірінен соң бірі келіп жатыр. Бұған дейін көрмегендіктен бе, қай-қайсысы да Ботабалаға сонау қиырдан сапар шеккендей, бірақ бәрі де қонбастан аттанады. Соған қарағанда жақыннан-ау деп те ойлады. Бұрын қонақтар даурығын-дабырласып келетін, мыналардың пошымы өзгеше, Қабақтарынан қар жауып келеді де түнеріп аттанады. Дегенмен де солардың бой көрсеткені дұрыс-ау, мамасы мен апатайының қабағы соны аңғартады. Орал мен Алмагүлге тыным жоқ, неше мезгіл бауырсақ пісіріп, шай қайнату, келген-кеткендерді күту солардың мойнында. Әнеукүнгі «бөрік тіктіреміз, алаша тоқытамыз» дегенді енді естеріне алмайды.

Бәрі де кенеттен өзгерді. Түрегеп жүрген папасын түстен кейін Талғат ортаңғы бөлмеге сүйемелдеп әкеп жатқызды. Сол күні таңертеңнен Ботабаланың арқасы анау бір кешкі інірдегідей қайта-қайта қағып, мазасы кетіп жүрген. Одан арғысы есінде жоқ, тек қана арқасының қатты қаққан тұсын есі кіресілі-шығасылы жатқан әкесінің оң қолымен құшырлана құшақтағанын біледі. Әйелдердің дауыс салып жылағаны, үйдің іші халыққа лық толғаны... Содан кейін кер биенің пышаққа іліккені... Содан кейін ойдан-қырдан ағылған жұрт ат басын бұлардың үйінің алдындағы арқар мүйізді жалғыз ағашқа тіреп, бірнеше күн бойы толас таппағаны...

* * *

Балауса шалғынды белуардан кешкен Ботабала көз ұшында мұнартқан сағымды бетке ұстап жүгіріп келеді. Кеңістікті еркін кезген жел жалаң омырауын қытықтап алады да, алыстай беріп, әр жерге бір қонақтайды. Жанға жайлы самалдың лебінен қылтиған көк шөпке дейін қылымси майыса қалыпты.

Қиялына қанат байлаған көкжиек жеткізер емес. Табаны удай ашып, орнында біраз тұрып еді, тізесі ғалып, жалмажан кейін бұрылды. Неткен қызық, мана өзі жүгіріп өткен өткел де енді көгілдір түске малыныпты. Алды-артына алаңдамай қолын сілтеп өте шыққанда, өзі шарқ ұрып соңынан жүгірген сағымы енді артта бұлдырайды.

Тағы да өзін самғай ұшқан құстай сезінді. Қос қол қанатымен кеңістік әуелі сызғылап ұшып келеді!

Сондай бір сәтті күн

Кітапханадан түс ауа шыққан Лағыл аялдамаға тоқтамастан жаяу тартты. Таңертеннен бері қағаздан көз алмай сарыла отырғаннан ба, әлде шақырайған күннің жарығынан ба, жанарына ештеңе шалынбай басы зеңіп келеді. Бұған ыстық аптап қосылып, тынышы кете бастаған соң, қасынан өтіп барып, «Аққу» кафесіне бұрылды. Көлеңкенің салқын саясында бірі қымыз ішіп, бірі балмұздақ сорып, қайсыбірі сыраға тойып, қызара бөртеп отырғандарды жанай өткенімен ешқайсысына назар аудармай, қос аққу жүзген шалшық суды жиектей қатарласқан орындықтарға қарай жүрді.

Көзін жұмып біраз отырды. «Шаршағанда, көз алдына көк теңізді әкел де, өзінді бейнебір шағаламын, теңіздің төсінде ұшып жүр екенмін деп сендір» деген әлдекімнің сөзі есіне түсе кетті. Теңіздің үстінде қалықтай ұшуды былай қойғанда, сол шалқар дарияның түрін де, түсін де елестете алған жоқ. Тұла бойы аздап серги бастағанда ғана елестете алмаған теңіз туралы ойлаудың өзі де ғанибет екенін ұғынды.

— Қарындас-ай, жолымыз түйісе берді ғой, кешеден бері бір емес, үш рет кездесіп... ғашық жандар да бұлай кездесе бермес,— деген дауысқа жалт қараған Лағыл шынында да өзіне жүзі таныс жігітті көрді.

Есіне бірден оралды: кездейсоқ ұшырасып қалып, бұған өлеңдерін тақпақтай жөнелген. Атының да, затының да кім екенін білмейді, бірақ жылы ұшырай сәлемдесіп, Лағылдың тыңдаған-тыңдамағанына қарамастан өлең оқи бастайды.

— Мұндай жақсы болар ма, өзінді кездестіргенім, жана өлең жазып едім... — Талайдан тарақтың тісі батпағандай, шашы қобырап, өзі-өзінен мәз-мейрам

боп, қалтасынан әлденеше бүктетілген қағазды шығарды.

Шығандаса шырқау шыңға қиялым,
Кең дүниеге қалай ғана сиярмын...

Оң қолын әрлі-берлі сермеп, сол қолымен әлсін-әлсін шашын сипап, ештеңеге ден қоймай өлеңін оқи жөнелгенде, Лағыл оған әрі таң қала, әрі қызыға қарады. Былайғы жұртқа титтей назар салсайшы, ешкімнен қымсынбастан, бір шумақтан соң бір шумағын төгіп жатыр.

Ақынмын деген жігіт өзін-өзі қызықтап, содан рақатқа батып отырғандай көрінді Лағылға. «Мен болсам, талай күн көзмайымды тауысып салған суретімді біреуге көрсетпек түгілі, сурет салдым деп айтуға батылым жетпейді. Мына жігіт қандай бақытты,— деп ойлады Лағыл,— бөгде жан, көлденең көзқараспен мүлдем санасар емес, өзіне-өзі мейілінше риза. Екпініне қарасаң, шынында да жер бетіне сыймай тұр».

— Бұны мен ұзақ толғауға айналдырамын,— деп бірақ тоқтады жігіт,— байқадың ба, қарындас, мүлдем бөлек үн, өзгеше сарын ғой, ә... Кім айтып еді мұндай ойды?..

— Өлеңіңіз жақсы екен, маған ұнады.— Манадан бері назарын жігіттің өлең оқыған сәттегі бет-әлпетіне, қимыл-қозғалысына аударып, өлеңнің мән-мағынасына зер салмаса да өтірік айтты.

— Сіз кешіріңіз... Осылай өлеңдеріңізді оқи берсеңіз, оқи берсеңіз, ал мен сіздің суретіңізді салсам, яғни тұр-тұлғаңызды қағаз бетіне түсірсем, қалай қарайсыз?

— Сонда... не дедің өзі... қалайша,— деп Лағылдың не айтқанына түсінбеген жігіт абдырап қалды. Жаңағы әзірдегі көтеріңкі көңілінен із де қалмаған.

Өзі көп сөйлеп, өзгенің сөзіне ден қоймайтындығы-

нан ба, біразға шейін ештеңенің мән-мағынасын ұқпай Лағылға қайта-қайта жаутандады.

Асқақ леппен өлеңдетіп тұрған жігіттің аяқ астынан асып-сасқанына, сауалына жауап бермек түгілі мұның сөзін пайымдап та үлгермеген түріне енді ғана көз тоқтатқан қыз ақтарыла күліп алды.

— Суретіңізді... портретіңізді салғым келеді,— деді,— өлең оқып тұрған сәтіңізді айтамын-дағы, сондай әсерлі!

— Мм... суретшімін де, қарай гөр, ә...

— Биыл бітіремін училищені. Суретші емеспін және болу-болмауым екі талай. Дипломдық жұмысым күйіп барады,— деп Лағыл әңгімесін батылдана жалғастырды. — «Әке» деген тақырыпты алғанмын, ауылыма барып, ауруханада жатса да әкемің портретін жазғанмын. Кәріліктің, аурудың азабы көбірек көрініп кеткен дейді, өмірдің шуағын көрсету керек дейді... жарамайтын түрі бар. Сонымен өмірдің шуағын, қуанышын іздеп жүрген жағдай...

— Қызық, міне, қызық,— деді жігіт Лағылға барынша салмақпен қарап,— мен ешқашан суретші қызбен танысқан емеспін...

— Жо-жоқ, мен суретші емеспін дедім ғой, әлі ешкім де емеспін, кім білсін, мүмкін...— Ойланып қалған Лағыл біраз үнсіздіктен соң жігітке күлімсірей қарады.

— Сонымен алдыңызда тұрған қарындасыңыз сіздің «қайталанбас» тұлғанызды халыққа таныстырып, қолдарыңызбен әлемді құшақтатып, бүкіл тіршіліктен айналып-аймалап тұрған сәтіңізді бейнелейді де, оған «Ақын шабыты» деген тақырып қояды! Қалай?

— Ойпырмай, қарындас-ай, мені өзіңе ғашық бол қалады деп қорықпай, осының бәрін қалай айтып тұрсың? Сонда қалай, қалай... менің, ақынның құшағына бүткіл дүние сыйып кетеді, ә... керемет идея... Осының

бәрін өзің айтып тұрғаның рас, ә... Шынымен ғашық боп қалар ма екенмін?

— Несі бар? Қорықпасаңыз, ғашық боп байқаңыз.

— О жағын кейін көрерміз, ал қазір жақынырақ танысып алайықшы...

— Несі бар, танысайық, мен Лағылмын, қайда оқитынымды әлгінде айттым ғой.

— Сұлу қыздардың есімдері де ерекше болатыны пеліктен екен, ә... Неге Бағыла емес, неге Сейсенкүл емес, неге Лағыл, Лағыл...

— Сіз өтірік таңқала бермеңіз. Өзіңіз кімсіз?

— Қарындасым-ай, «өтірік таңқалмаңыз» дедің бе... сендей қарындасты көргенде, таңқалмақ түгілі, талып түсерміз... Айналайын, Лағыл, екеуміздің танысқан құрметімізге мына «Аққуға» кіріп шықсақ, қалай қарайсың?

— Несі бар, кіріп шығайық.

Бірден келіседі деген ой қаперіне келмеген болуы керек, «кеттік» деген қыздың соңынан қалбалақтап ере жөнелді.

— Бұл кафені мен жақсы көремін,— деді Лағыл бос столдың жанындағы орындыққа жайғасып,— сондықтан да жиі келемін.

— Жігіттермен ғой, әрине.

— Жоқ, жалғыз өзім.

— Оның жақсы екен.

— Несі жақсы?

— Сен жалғыз жүрмегенде, екеуміз танысар ма, таныспас па едік?

— Маған бәрібір, сізбен танысқаннан мен бақытты боп кетер дейсіз бе?

— Өзің кіп-кішкентай боп, сөзің түйеден түскендей ғой... дегенмен тегін қыз емессің...

— О жағын өзім де білемін! Сонымен аты-жөніңіз...

— Шынымен, мені танымайсың ба? Әлде өлең, поэзия ешқашан қызықтырмағаны ма?

— Поэзияға сіздің атыңыздың қандай қатысы бар?

— Мен ақынмын дедім ғой, әлгінде ғана өлеңімді мақтап едің...

— Ақынмын дегеннің бәрінің поэзияға қатысы жоқ шығар... кім білсін, бәлкі сіздің ақын да болуыңыз...

— «Жазира дала», «Алатауым — асқар тауым» деген өлең жинақтарын оқыған боларсың?

— Кешіріңіз, оқыған жоқпын және оқу-оқымауым екіталай. Даланың далиған кең, өзеннің асау, Алатаудың асқар екенін онсыз да білеміз.

— Міне, саған сюрприз! Енді не істедім? Сен мені өлтірдің, қарындасым!— Ақын қарқ-қарқ күлді. Бір есептен өлеңдерімді оқымағаның да дұрыс. Ал Еркін Шабарманов деген ақынды білесің бе? Және ол жайлы не естігенің бар?

— Не естігенімді қайтесіз, міне, өзіңізді көріп тұрмын, одан артық не керек?

— Жөн, жөн... әйткенмен сөздерің тым-тым кесек...

— Сонымен келістік қой, Еркін аға! Мен сіздің портретіңізді жазамын!

— Мен келісемін. Бірақ бір де бір өлеңімді оқымағансың, тіпті Еркін Шабарманов деген ақыннан хабарың жоқ, сөйте тұра...

— Маған сіздің өлеңдеріңіз емес, соларды оқып тұрған сәтіңіз қажет.

— Мәссаған? Мынауың, айналып кетейін қарындасым, тап-таза қорлау. Өттең келіспеске шара жоқ. Сенен түптің түбінде атақты суретші шығуы мүмкін.

— Шықпауы да мүмкін, бірақ атақ-даңқты қайғыратын жағдайым жоқ... керек десеңіз, маған дәрігерлер қағазбен, бояумен жұмыс істеуге шек қойған. «Жанарыңнан айырыласың»,— дейді. Мені, өзіңіз де байқап тұрсыз, көзілдіріксіз менің түрімді қалай елестетер

едіңіз? Жарайды, мұның бәрі түк емес, одан да кәне, өлең оқып байқаңызшы.

— Міне, міне, жөн-ақ, манадан бері солай демейсін бе?! .

... Осы мен әлі күнге баламын ба,
Әлде бір ісі өнбейтін шаламын ба?
Өзімді баламын деп жүргенімде,
Өмірге қарыздар боп қаламын ба?
Жастықтың қызығына масаттанып,
Ештеңе бітіре алмай соламын ба?

Лағыл айналасына көз жүгіртіп, өздерімен көршілес отырғандарға қарап еді, абырой болғанда, әркім өздерімен-өздері әлек, бұларға назар аударған ешкім көрінбейді.

— Қалай?

Жүзі бал-бұл жанған ақынға Лағыл тағы да таңырқай қарады. Оны қызықтырған шынында да ақынның өлең оқығанда бет әлпетінің, кимыл-қозғалысының құлпырып сала берген ерекшелігі еді. Бір сәтке өлең оқып тұрған ақын сүйкімді сәбидей көрінді.

— Менің де әкем өлең жазады!

— Не дейсің?— Анау бұған жалт қарады.— Кім?

— Жо-жоқ, шошымаңыз... сіз танымайсыз... ешкім де танымайды оны. Өлеңдерін ол ешқашан айғайлап оқыған емес, ешқайда ұсынған да емес. Әкеміздің өлең жазатынын тіпті анамыз да білмейтін болуы керек, мен ғана білемін.

— Қызық екен?

— Не қызығы бар? Қез-келген қазақ өлең жазады, жо-жоқ, ертеде өлең шығармаған қазақ болмаған деседі ғой. Ал қазір кім-кімнің де өзінің өлеңдерін жарыққа шығаруына мүмкіндік бар... бірақ менің әкем, неге екенін білмеймін, өлеңдерін ешкімге көрсеткен емес.

— Қызық... солай де... өзің қайда тұрасың, жатақ-ханада ма?

— Жоқ, үйде тұрамын, өзімнен үлкен тәтем бар осында. Звондап тұруыңызға болады, мен сізге телефон номерін айтайын...

— О! Жақсы, жақсы! Рахмет, айналып кетейін, қарындасым!

— Ал, енді Еркін аға, жүріңіз, мен сізді шығарып салайын,— деді Лағыл орнынан көтеріліп.— Келістік қой... міндетті түрде телефон соғыңыз, үш сеанста портретіңізді бітіремін, әйтпесе дипломдық жұмысым күйіп барады.

— Міндетті түрде! Бірақ қазір... қазір қайда барасыз? Мүмкін біраз қыдыармыз... уақытыңыз болса...

— Жоқ, кейін қыдырамыз ғой. Бүгін аса маңызды жұмыстарым бар...

— Жөн, жөн... Сендей сүйкімді қарындаспен танысқанымға өте қуаныштымын... бүгін сондай бір сәтті күн болды.

— Үйіңе шығарып салайын,— деді жігіт ағыллы жатқан жеңіл машиналардың біріне қолын көтере беріп.

— Рахмет, Еркін аға! Менің осы манда кідіретін шаруам бар. Сіз қаласаныз, бұдан былай кездесіп тұратын болдық қой.

— Оған сөз бар ма, қарындасым! Бүгін сондай бір сәтті күн болды! Несін айтасың, сондай бір сәтті күн!

— Мен үшін де...— Қыз «хош болыңыз» дегендей, қолын бұлғап қала берді.

* * *

Лағыл кафеге кері бұрылды. Манағы сәтте отырған орындығын іздеп, алға жүре беріп еді, оған басқа біреулер жайғасып алыпты. Қолға үйретіліп, әбден жуасыған аққулар жүзген жасанды көлшіктің арғы бетіндегі бос орындыққа кеп отырды. Ауқымы аядай ғана, ортасында бір-бірінен жырақтау өскен қарағаштың жапырақтары

су бетіне салбырай иіліп, баяу ырғалады. Суды жағалай ерсілі-қарсылы өткендер аққуларға тесіле қарап асыға адымдап барады.

Мүлдем аспандап кеткен тау шындарының арғы беткейіне ойыстаған күннің сәулесі айналасын қызыл бояуға малындырып тұр. Ағыны, толқыны жоқ көлшік жасылдана жарқырайды. Оның өлшеулі шеңберінен өлшеусіз әуе кеңестігін көріп, сол сәтте анау жүзген аққулар су бетінде емес, аспанның төсін аймалап ұшқандайды. Әріректе, екі жағын жасыл ағаш көмкерген асфальт бойымен ағылған машиналар шуылы, дабыр-дұбыр дауыстар құлақ құрышын әбден қандырып, мезі қылғандай. Қалай дегенмен де дәл қазір Лағылға айналасындағының бәрі мынау көлшікке қатысы бардай көрінді.

Әрине, алыстағы туған жері — Зерендідегі, қай бағытқа бұрылса да алдынан күмістей жылтырап шыға келетін, күнмен шағылысқан шалқар көлдерді есіне алғанда, мынау жасанды көлшікке құрақ ұшуы күлкілі де. Сол күміс көлдердің жағасында өскені рас. Қайда жүрсе де сулы-нулы жер іздейтіні сондықтан шығар. Әйтеуір сылдыраған бұлақ, сарқыраған өзен, ағарандаған су көрсе, жақындап барып, жиегінде үн-түнсіз тұрады. Міне қазір де.

Қазір ғана емес, бұл маңға қашан келсе де жаны сергіп қалады. Жұбын жазбай қалқыған аққулар көңіліне қуаныш ұялатып, таңғажайып әсерге бөленеді. Сол таңғажайып әсердің анық не екенін тілімен жеткізе алмаса да соңғы кезде өзгеше бір мейірімділіктің, өзгеше елжіреудің құшағында жүргені рас. Мұндай күүді Лағыл бұрын басынан кешпеген. Қанша шарқ ұрғанымен, сиқырына бойлатпай қойған жан дүниесіндегі өзгерістен қайда барса да арылатын сыңайы жоқ. Жүрегі лүп-лүп соғып, елендейді де тұрады. Тірлігінің бүкіл мән-мағынасын кенеттен жаулап алып, күндіз есінен,

түнде түсінен шықпайтын сол жұмбақ жанның атып атауға Лағылдың батылы бармайды. Байқаусызда Оның есімін курстас құрбыларының аузынан ести қалса, жүзі өрттей жанып қоя беретін.

— Эттең,— деп қалды ішінен. Жанарына жас үйіріліп, көкірегін мұң кернеді.— Эттең, шіркін... мына қос аққудай тізіліп, екеуі алысқа ұшып кетсе ғой...

Жап-жағына елендей қарады. Өзінің жалғыз отырғанына қапаланып, мазасыздана берді. Жүрегін сыздатқан сағыныш көз алдына сол жұмбақ жанның бейнесін әкелді, біртүрлі еркелегісі кеп кетті.

Сөз жоқ, екеуінің тіл табысатын сәті туса, ең алдымен Оны ну орманды, айдын көлді туған мекеніне алып барар еді, ертегідей таңғажайып өлкеде екеуінің түсініспеуі мүмкін емес қой.

Мынау әлем астында Зерендідей — ертегідей ғажап жер сірә де бар ма екен! Жылдың төрт маусымына тән бояулардың түрін, түсін Лағыл Зерендіден ғана анық ажыратады. Аулынан ұзап шықпай тұрғанда оған жер атаулының бәрі өзінің өлкесіндей елестейтін. Зерендінің бояуын кейін өзі аралаған ешқандай өңірден, тіпті ешбір суретшінің шығармасынан кездестірмей қатты таңғалған.

Шіркін, көз сүріңдетін сол бояудың күдіретіне күндердің күнінде басқаларды да табындырып, көңіл түкпірінде тығылып жатқан қиялып іске асырса ғой! Бірақ оған дейін Зерендінің қайталанбас сұлулығын, әрине, аяулысы да дәл өзі сияқты сезінуі тиіс. Әйтпесе бәрі-бәрі бос әурешілік. Алда-жалда сол сұлулық, сол бояу-реңк Оған әсер етпейтінін сезсе, Лағыл үшін жарық дүниенің титтей маңызы қалмас.

— Жо-жоқ, мүмкін емес.— Лағыл күбірлеп қойды.— Зерендідей — ертегідей өлке Оған ұнамауы тіпті де мүмкін емес қой. Егер Ол Зерендіні тым болмаса бір рет көрсе... бір рет...

Жүрсін кернеген қуаныштан қыз орнынан ұшып тұрды. Суға үңіле түсіп, өзінің бет әлпетін су бетінен аққулармен жанастыра көрсейін деп, анадайда алаңсыз жүзген құстарды дауыстай шақырды. Тіпті күмп беріп, солармен қатар жүзе жөнелгісі келді.

«Шынында бүгін мен үшін де сәтті күн болу керек! Оның өзін көремін... «Кешке келесің ғой, иә, Лағыл»,— деп сұрағаны рас, яғни ол үшін менің келу-келмеуімнің маңызды болғаны!»

Көз алдына Оның бейнесін елестетіп еді, өзін соншалықты ерке сезініп, рахат халге енді. Жанарында жалт-жұлт ұшқын ойнап, содан айналасына сәуле шашырағандай, әлдекімдердің өзіне сұқтана қарап тұрғанын да аңғарған жоқ.

Лағыл аққуларға ұза-ақ, қайта-қайта қарап бара жатты. Сонда ғана орындықта құшақтасып отырған қыз бен жігітті, немересін жетектеген қартаң әйелді, кара көзілдірікті әнеубір қоңқақ мұрынды еркектің өзіне тесіле қарап қалғанын байқап, бәрі-бәріне жанарын асыға жүгіртіп өте шықты.

Мандайын самал жел сипап өтті. Айнала алағеуім тартып үлгеріпті. Лағыл бүгінгі болатын кешті сондай қуанышпен тағы есіне түсірді.

* * *

Би десе Лағылдан ежелден ес кететін. Мейлі вальс, мейлі фокстрот, ешқандай бидің зандылығына сыймайтын қазіргілердің тарсылы болсын, қандай да болмасын әуесі оны бейжай қалдырмайтын, ортаға бірден суырылып шығатын.

Бұ жолы да сөйтті. Құрбыларының «бүгін сен құлпырып кетіпсің» деген сөздеріне де мән беруге мұршасы келмей жүр. Әлемтапырығы шыққан көңіл-күйінің аптығын баса алмай, ұзақты кеш бар ынтызары тек бір адамда. Былайғы жұртқа соншалықты көңілді көрініп,

биден би құтайтпаған қыздың қимылына қарағанда, одан мұнсыз жан жоқ сияқты.

Әдеттегі аққұба жүзі алаулай күреңітіп, бал-бұл жанады. Құлақтары ду-ду етіп, беті күйіп бара жатқандай. Кіммен билеп жүргеніне назар аудармастан, ішінен «бәрі де осы кеште шешіледі» деп әлденеше қайталады. Қалай да Онымен осы кеште табыспаса, кейін ешқашан сәті түспейді деп шешті.

Бастапқы кезде Ол Лағылды байқамағандай сыңай танытты. Тіпті мүлдем жуымай қойғанын қайтерсін. Басқалармен билеп жүрген қызға біраз уақытқа дейін титтей ықылас білдірмеді. Сыр бермеуге тырысып қашанғы батылдығынан айнымай, өзін қандай еркін ұстайын десе де мазасыз халін сырт көзден жасыра алмады. Көңілінің хошын ұрлаған жігітке қараған сайын жанарын тайдырып, ол билеп жүрген тұстан қашқақтай, екінші бір бұрышқа жөнөп береді.

Реті келіп, қайбір сәтте екеуі вальске шықты-ау! Оның бетіне тіке қарауға шамасы жоқ, Лағыл ұшып кете жаздап жеңіл айналғанын біледі. Соңынан би аяқталғанда, бұрын-соңды ешкімнің тарапынан аңғармаған керемет ептілікпен өзін қыздардың тобына әкеп салған. Жігіттің қолы тиген білегі өрттей жанды. Жүрегінің соғуы жиілеп, қыздардың қатарына әрең жетті.

Келесі биге тағы да Ол шақырды.

— Сен жақсы билейді екенсің, Лағыл!

— Жо-жок... сен ғой?!

— Мен сені осынша әдемі билейді деп ойлаған емеспін?

— Бір кезде балерина болуды армандағанмын.

— Солай ма? Сен ауылда туған жоқсың ба?

— Ауылда туып өскенім рас. Менің ең жақсы көретін досым бар, бірге оқыдық мектепте. Ол балерина болсам деп қиялдайтын. Мен де...

— Досың қайда?

— Елде, Зерендіде... Кітапханашы...

— Бәрібір сен жақсы билейсің!— Ол Лағылдың белінен орай тартқанда, қыздың денесін әлдеқандай сиқыр шарпып өтіп, дір ете қалды.

Бұл түні топ-топқа бөлініп, олар ұзақ қыдырды. Алдың-ала келісім бойынша таңды тауда қарсы алмақ боп, өрге қарай көп жүрді. Біразға шейін бірге жүрген қыз-жігіттер бөлек-бөлек ыдырай бастады.

Лағылдың қуанышында шек жоқ. Енді қайтсін! Жанында аяулысы жүрсе, бұдан артық не керек? Күннің ұясынан шығар алдындағы таңғажайып сәтін қызықтай жүріп, жігіттің иығынан құшақтап, қатарласа келе жатқандарына бойы үйрене бастады.

Бүгіннен бастап Лағылдың күдіреті жетпейтін жайт жоқ тәрізді. Бұдан былай ойына алғанның бәрі де орындалатындай. Құдайындай табынған адамы өзін қазіргідей демеп жүрсе, қолдан келмейтін не бар дейсің!? Сүйіктісі жанында тұрғанда, ештеңе де тосқауыл бола алмайды.

Таудан құлаған сарқырама бұлақты қызықтап, екеуі төменге беттеді. Енді ол қызды басқалардан оқшаулай, мүлдем бөлек соқпаққа түсті.

— Лағыл, сен өзіңнен суретші шығатынына сенесің бе?

— Сен күмәнданасың ба?.. Сірә, қыздардан не шығушы еді деп ойлайсың ғой...— Лағыл сөзін аяқтамады.

Жігіт Лағылдың шашынан сипады. Таңғы салқын самалдан бойы тоңазыған қыз Оның бауырына тығыла түсті.

Екеуден екеу қалғандарына іштей таңырқап, әлдене дегісі келмегенімен, даусын шығаруға батылы жетпеді. Өзі де түсінбейтін өзгеше күштің құшағында тыпыршып, мазасы кетіп келеді. Денесін бір қуаныш, бір үрей жарыса билеп, аракідік дір-дір етіп қалады.

Ол Лағылды тағы да құшағына тартты. Бұл тағы да

қарсылық білдірген жоқ. Тек қана тегеурінді қолдардан денесіне жайылып ұлгерген сиқырлы әсерінен жасқана берген.

Тәңірім-ау, өңім бе, түсім бе! Мен сені айлар, жылдар бойы қиялдағанда, осыны ойладым ба... Құзар биіктен, буалдыр тұманның ара-арасынан көзім әрең-әрең жеткенде, бірде алыстап, бірде жақындағаныңмен, бәрібір қасыма жоламайтын едің. Бейнең бұлдыр-бұлдыр елестеп, жарқ етіп жоғалғанда, жарық дүниенің мен үшін қызығы таусылғандай, шарқ ұрып қала беруші едім. Соның бәрі қазір елес, міне, Сен жанымдасың, әулием менің! Өзімді құшып тұрсың, анық, құшып тұрсың. Кеше ғана өзіңді үмітсіз күткендей-дім, енді соның бәрі түс...

Балғын денесін майыстыра өзіне еріксіз тартқан дүлей күшке қарсылық көрсетпей, ұялғанынан басын жігіттің кеудесіне сүйсіп, көзін жұма берді.

Лағылдың үлбіреген ерніне Жігіт сондай жұмсақ құштарлықпен ұзақ қадалды. Қызды еліктіріп әкеткен де осы майды қимыл еді. Жігіттің нәзіктікпен аймалағанына үнсіз жауап қатып, жаны мен тәнін бұрын ешқашан таныс емес қорқынышты да рахат сезім арбай жөнелді.

Көзін ашқанда, Жігіттің жүзінен мүлдем басқа суретті аңғарды. Әлгі әзірдегі майда қимыл дегені елес боп шықты. Жақыннан қарағанда Жігіттің көздері тым-тым мейірімсіз, зәрлі екен. Қолдарымен мұны шашынап сипалап есі кеткенімен, айдалаға алақтаған жанары Лағыл үшін тосып көрініп, бірден есін жиғызды. Дәл осындай көзқарасты бұрын да бір ұшыратқан, бірақ қашан, қайда кездестіргенін есіне түсіре алмады. Әйтеуір зәрін көзіне жиған мынау жанардың жақсылыққа мегземейтінін түсінді. Нені де болса, түгімен жұтып қоятынын оқыстан танытқан Оның қай қимылы, қай мінезі екенін де анық ұққан жоқ.

Ессіз табынған сүйіктісінің көздеріне мүлдем ұқсамайды. Тіпті Оның көзқарасына ұқсамайтыны несі деп қалғанымен, екінші қайтара бұлай ойлауға батылы жетпеді. Өз ойынан өзі түршігіп, Жігіттің қолдарын итере берді.

— Неге, неге... аяқ астынан өзгеріп шыға келгені несі?— Лағыл кейін шегінді...— Мен бұрын да көргенмін дәл осындай жымысқы жымысты... Иә, иә, мұндай жымыстардан бәрін-бәрін күтуге болады. Жақсылықтан басқаның бәрін... Жылуы жоқ жымыс.

Бірте-бірте бұған да бойы үйренейін деді. Бірақ уыты көздерінен жасапды ұшқын ойнап, емірене өзеуреген Жігіт бар күшімен өзіне жұлқи тартқанда, қыз тіпті қорқып кетті. Жанарындағы ызғар Жігіттің өн бойына дарып үлгергендей, қимыл-қозғалысы одан әрмен дөрсілене түсті.

Іші удай ашып, жүрегін тас түйнегендей сезінді Лағыл. Жалт етіп жоғалған манағы бір сәт! Енді шарқ ұрып қанша іздесе де қайталанбас сол бір сәтте, шіркін, қандай тұнықтық, тазалық, мөлдір нәзіктік жатыр еді!

Жігіт жүзіне әлсін-әлсін жаутаңдағанда, өзі жоғалтып алған манағы таңғажайып сәтті іздеді. Жәудіреген түрінен Лағылдың аяқ астынан керемет өзгеріс күткен сыңайы бар.

Тұла бойын шошытқан сүйкімсіз құшақтан бұлқына шыққан қыз жүгіре жөнелді. О бастан нәзік жаратылған қыз баланы аялау дегеннің не екенінен мақұрым Жігіттің тәніне ебедейсіз жүгірген оспадар қолдары Лағылдың әлігіндегі қиялының тас-талқанын шығарды.

Осыған дейінгі Жігіттің алдындағы дәрменсіздіктен әт-сәтте айықты. Сиынған піріне деген небір сиқырлы сезімдірінің адыра қалып, бұдан әрі Онымен емін-еркін сөйлей алатынын, керек десе, тап қазір жағынан шапалакпен тартып қалуға батылы жететінін ұқты.

Жігіт орнынан тапжылған жоқ. Құшағынан үрейлене

қашқан қызға самарқау бір қарады да, еріне есінеп алды.

Лағыл іштей қиналғанмен, Жігітке сыр бермеді. Керісінше мәз-мейрам қуанышқа бөленгендей лезде өзгеріп, араларындағы ыңғайсыз үнсіздікті өзі бұзды.

— Атып келе жатқан таң қандай әдемі, соңынан жүгірер ме еді шіркін!

— Жете алсақ, жүгірейік.

— Жетпесек те жүгірейік.

— Мен өзім жете алмайтынымды сезсем, ештеңенің соңынан қуып әуреленбеймін.

— Ал, мен, жығылғанша, жүгіре берер едім.— Әдеттегіден қаттырақ соққан желден Лағылдың тұла бойы тітіркеніп кетті.

— Не сен, тоңып қалдың ба?— Жігіт қайтадан жақындады.

Өзіне кекесінмен қарағанын елеместен, құшақтамақ болып еді, қыз жуымады. Амалсыздан костюмін шешіп ұсынды.

— Сен,— деді әлден уақытта Жігітке өзі жақындап,— сен манағы бір сәтте сондай әдемі боп кетіп едің, мен сені үнемі сондай түрде көргім келеді. Сен манағыдай сұлу бола аласың ба?

— Қызық екенсің, Лағыл? Әдемі адамдар үнемі әдемі қалпынан айнымайды. Бағана қандай әдемі болсам, қазір де...

— Жо-жоқ. Егер нанбасаң, кәне, мені сүйіп байқашы.

— Алдымен сен сүйіп көр мені.

— Мен тек сәбилерді сүйемін, кішкентай нәрестені ғана аймалағанды ұнатамын, ересек адамдарды, сірә, ешқашан да сүйе алмаспын.

— Мәселен, мен сенің жақсы көретін жігітің делік, мысалға айтамын... Ал, қазір жігітті өзі сүйгені өтімді және жарасымды, яғни, модно...

— О жағын өзім де білемін.

— Ендеше неге түк білмейтіндей сөйлейсің?

— Жәй әншейін, әдейі қылымсып тұрмын. Жалған қылымсығанды жаным ұнатады.

Мардымсыз әңгімеге неліктен құштар бола қалған себебін өзі де түсінген жоқ. Осыған дейін жігітке құдайындай табынып жүргені жеңіл болымсыздыққа ауысып, өзі соған сенгісі де келмей көңілі құлазып жүре берді.

Манағы бір ыстық көрінген керемет сәтті көз алдына қайтадан әкеле алмай, талай-талай қиялдаған суретінің жалт етіп, жоғалғанына өкініп, енді не айтып, не қойғанына есеп бермей, селсоқ келе жатыр. Бара-бара екеуі де үнсіз қалды.

Баяу бұрылып, Лағыл көз қиығын Жігітке тікті. Жүзі солғын, шаршаңқы көрінді. Оңаша келе жатқандарына тіпті де риза емес сияқты. Енжар жүріс, сылбыр қадамынан көңілсіздіктің нышаны есіп, қызға жақын арада назар аударатын түрі аңғарылмады.

Манағы сәтте өзін өліп-өшіп аймалаған осы Жігіт екеніне әрі күмәнданып, әрі таңырқап, қыз одан сайын құлазыды. Бір-біріне тіл қатпай ұзақ жүрген екеуі таудың баурайынан басталған кең тас жолға беттеген.

Лағыл қалай бұрылса, Жігіт солай еріп келеді. Қыз енді жүрісін шапшаңдатты. Алды-артына алаңдамай асыққаны сонша, әп-сәтте екеуінің арасы ат шаптырым жерге ұзарып шыға келді. Ұйыған тыныштықты бұзып-жарып, оқыс шыққан әлдекімнің дарақы айғайынан селт еткен Лағыл кері жүгіре жөнеліп, қалайша Жігіттің құшағына құлағанын да байқаған жоқ.

— Не болды?— деді қапелімде ештеңеге түсінбеген Жігіт.

— Біреу айғайлап жатыр ғой.

— Қайдағы айғай?— Жігіт қарқ-қарқ күлді.

Оның күлкісі Лағылға әлгіндегі дауыстан да сорақы естілді.

Лезде жігіт құшағынан босап, состиып орнында тұрып қалды.

— Өзің қызық екенсің,— деді анау күлкісін әлі тия алмай,— ғашық жандар бір-біріне өлең оқып бара жатқан жоқ па, ал сен...

Қас-қағымда не істегеніне есеп бермеген Лағыл құлағына тұрпайы жаңағы дауысқа қайтадан құлақ салып еді, әлдекім көтеріңкі леппен өлең оқып барады екен.

— Тоқта, тоқташы,— деді Оның қолынан ұстап.

— Тоқташы, құдай үшін,— деді тағы да сыбырлап,— түкке түсінер емеспін.

— Сен деп соғып тұр ғой менің жүрегім,
Сен деп соғып тұр ғой ыстық жүрегім...

— Не түсінбейтіні...

Жігіттің сөзін аяқтатқызбай Лағыл алақанымен аузын жаба қойды:— тс-тс-тс...

Шығандаса шырқау шыңға қиялым
Кең дүниеге қалай ғана сниямын.

— Саған не болды, Лағыл? Сен ауырып қалдың ғой деймін.

— Сәл тоқтай тұр дедім ғой, сөйлемеші.

«Бүгін мен үшін сондай бір сәтті күн болды, қарындасым, сондай бір сәтті күн...»

— Сондай бір сәтті күн,— Лағыл естігенін қайталай күбірледі.

— Біздің мынауымыз ұят, екеуін андығандай, сондарынан қалмай келеміз, құдай үшін бұрылып кетейікші,— деді Жігіт сыбырлай сөйлеп.

— Шынында да ұят екен, ұят...— Үшінде кекесін, әлде мысқыл, өкініш, әлде қамығу ма, айыру мүмкін емес-ті.

— Қайдан білесің, мүмкін ақын шығар, өлеңдері де тәп-тәуір, сондықтан айғайлап барады. Ақындарға айғай жарасады.

— Бәлкім, жарасатын да шығар?— Лағылдың даусы мүлдем бәсең шықты,— тіпті өленді тәуір жазатыны да рас шығар, бірақ бұған менің қандай қатысым бар?

Соңғы сұрағын кімге қойғаны өзіне де беймәлім еді.

«Құрысыншы бәрі». Лағылдың тынышы кете бастады. Керемет қадір тұтатын адамының ұрлығының үстінен түскендей, өзін қоярға жер таппай қуыстана ыңғайсызданды. Аттаған әр адымы аяқтарына ала бөтен салмақ артып, жүрісі өнбеді.

— Шаршадың ғой деймін, Лағыл?

— Қатты шаршадым.

— Шыныңды айтшы, неден сонша шошындың? Сенің түріңнен өзім де қорқып кеттім.

Лағыл жауап қатпады. Манағы сауалды іштей өзіне қойып біраз тұрды. Тіпті өзі де түсінбейтін, өзгеге де түсіндіре алмайтын мардымсыз бірдеме екен-ау. Кеше өзіне айтылған сөздердің айна қатесіз со күйінде басқаға да айтылғанынан осынша әуреге түскені несі. Мүмкін, ақын жігітке әрбір күн сәтті шығар, ендеше... Бірақ оқығаны сол кешегі өлеңі, айтқаны сол кешегі сөзі... қызық!

— Мұның бәрі түк емес,— деді Жігіт,— бәрінен де біздің жеке бөлініп қалғанымыз ұят болды-ау...

— Сен не, қорқасың ба?

— Жоқ, мен неге қорқайын, қыз емеспін ғой, ертең сен туралы әр қилы әңгіме тарап жүрсе, өзіңе қиын бола ма дегенім ғой... Сені ойлап...

Лағылдың қадала қараған көзінен қаймыққандай, Жігіт соңғы сөзін естілер-естілмес міңгірледі.

— Мұндайда... иә... шаршағанда машина да кездесе қоймайды,— деді сасқалақтап.

— Қорықсаң, барып тауып ал,— Лағыл зілдене жымыды.— Арамызда ештеңе бола көрген жоқ деп ант су іш. Мүмкін сонда нанар... Алда-жалда сенбесе, амал нешік?— Шашын сілкіп тастап, сондай жеңіл қимылмен жүре берді.

— Үйіңе дейін апарып салайын,— деді Жігіт Лағыл бұрылып бара жатқанда.

— Керек емес.

— Ертең звондаймын...

Алыстай берген Лағыл Жігіттің сөздерін естіген жоқ.

Жүрісін шапшаңдатқан сайын еңсесін басқан ауырлықтан сауығып, тұла бойы жеңіл тартты. Манағы сәтте жүрегін түйнеген запыраң да сыртқа лықсып, көзі енді ашылды.

Былай шыға жеңіл машина кездесіп, «орталыққа» деді де отыра кетті. Опера және балет театры үйінің жанынан түсіп қалды.

Манаураған таң құшағында «Аққу» кафесіне қалай бұрылғанын да аңғармады. Бәрі де кеше өзі көргеніндей, тек айнала мөп-мөлдір тыныштыққа ораныпты. Сол мөлдірлік пен тыныштықты айырықша сезінген қос аққудың қимылдары да кешегіден гөрі әлдеқайда сергек.

— Ештеңе де өзгерген жоқ,— деді аққуларға мұңая қараған Лағыл,— ештеңе де, бәрі де кешегідей...

Төңірек көгілдір бояуға малынып, таң атып келе жатты. Табиғаттың ғажайып сұлулығы мен мүлгіген тыныштық тылсымын қабыстыра арайлап атқан таң нұры айналаға өз шапағын баяу шаша бастады. Түн таңмен астасып, екеуі бір сәтке ғана қосылып, бір-бірін қимай, әрең-әрең айырылысып бара жатқандай. Жер ананы сол қимастықтан маужырата балқытып, қас-қағымдық ләззаттан қуат ала рақаттанғандай барша атырап шапағаттана нұрланып, таң сәулесі тірлік атаулыны маужырата жылытып әкетті.

Алыстан трамвайдың тарсылы естілді.

Ұзақ атқан таң

Биік жотадағы Шоққарағай баурайынан ауылға құлай созылған соқпақпен төмен аяндаған Ұлдай билей жөнелген құйыннап бетін қалқалай ыққа бұрыла жүрді. Өзіне қарсы жолыққандарды байқамады. Кешкі сауынға асыққан қыз-келіншектер қашан да бір қалпынан айнымайтын салқын қабақты әйелді танып, ығыса жол берді.

— Балаңыз аман-есен келіп, көзайым болдыңыз ба, апа, қуанышыңызға ортақпыз!

— Бәріміз де сондай қуанып жатырмыз...

— Рақмет шырақтарым, құрметтерің құдайдан қайтсын. Үйге келіндер, қонақ болындар.

Жүзіне жадырай қарағандардың алыстай беріп сыбырласқандары бұған ап-анық естіліп, орнында қалшып тұрып қалды:

— Баласы әлгі Әлипанға үйленбекші көрінеді...

— Қойшы-ей, қайдағыны айтпай, қыз құрып қалып па?

— Е, түрмеден келген кісіге қатыны не, қызы не!

— Ойбай-ау, алса, несі сөкет, өзінің жеңгесі емес пе!

— Жетісер жеңгесін алса. Бәрінен де сорлы шешесін айтсаңдаршы. Баласы сотталып кеткенде де сыр бермеп еді...

— Қайтсін, жалғызы ғой... бала, бала деп бар ғұмырын босқа өткізгенін де түсінбейтін шығар байғұс.

Үйіне қалай жеткенін сезген жоқ. Әл-дәрмені құрып, өрістен қайтқан бірер тұяқ қой-ешкіні әрең дегенде қараға қамап қу бұталарды ішке алып кіргенде, төңіректі қою қараңғылық басқан-ды. Ешкім жоқ екенін сезсе де: «Тіржан, қайдасың?»— деді ақырын.

Жауап болған жоқ. Тып-тыныш. Тек қос бөлменің

ортасында орналасқан пеште от ұшқыны маздап, тәтті қиялға жетелейді. Күндізгі шудан із қалмаған, аракідік ауыл сыртындағы тас жолмен ерсілі-қарсылы өткен машина гүрілі естіледі.— Құдай бергеніңе шүкір,— деп күбір етті ол,— япырау, осы уақытқа дейін Тіржан қайда жүр, әлде Әлипаның үйіне кетті ме екен? Аһ, Әлипан! ...Бір кезде қолынан түсірген нәп-нәзік келінің орнына алты-жеті жылдың ішінде тығыршықтанып шыға келген, ойнақшыған жанарымен талайды уәзілетер сымбатты әйел көлденеңдей қалды. Жамағайын қайшысы қол-аяғынан жан кетіп, жыл жарым төсек тартып жатты да, былтыр дүниеден өтті. Артында шикі өкпе де қалмады, шіркін!

«Құдай-ау, құдай, көзің бар ма сенің, егер көзің көріп, құлағың естісе, неге мені азаптайсың?»— деп аңдасаңда дауыс қылып жылап алатын Әлипанға бұлар тіпті не дерін білмейтін, Ұлдай ғана сар төсек боп сарсылған сорлы қайнысының күніне мың өліп, дәрменсіздігінен зардап шегіп, өшіп бара жатқанына күйініп, қасынан шықпайтын. Ақыры Әлипанды да, өзін де құтқарды азаптан. Енді, міне...

Қараңғы үйде ұзақ отырды. Оң жақтағы терезеге қарап еді, өз-өзінен үрейленді. Аяғын әрең басып, кереуетке келіп қисайды. Қанша ұйықтайын десе де көзі ілінер емес. Ойына оралған қай-қайдағы жайттер ұйқысын шайдай ашып жіберді. Өзегін өкініш өртеп, бүкіл тірлігі түкке тұрғысыз мағынасыздықпен өткендей, дәл қазір алладан ақ өлім тіледі. Артынша өз ойынан өзі шошып кетті. «Шынында да өткенімнен не қалыпты менің, қыздай қосылған қосағым оралмады, содан қалған жалғыз Тіржанның бетін қақпай өсіремін деп, екінші рет күйеуге де шықпадым. Мен арсыз өзім ұнатқан еркектің алдында да кішірейе алмай өршеленіп бақтым-ау? Сонда кімге сүйенгенмін, мәңгі-бақи жас, мәңгі-бақи қайратты боп жүремін дедім бе? Осы уақытқа шейін тірі пендеден

бетім қайтпаған, тірі пендеге жалынышты боп көрмеген мен бейбақты қартайғанда ұлының ұятына күйіп өлсін деді ме жаратқан нем. Әйел боп жаратылсам да намыс пен өрлікті сәрік етіп тірлік кешсем, мұның несі айып еді? Әлде осы қырсыққа себеп — шектен шыққан намыс-қойлығым мен өтірік өрлігім бе? Қай кезде қай қатын өрлігімен өрге озып еді, ендеше маған не жорық. Ойлап отырсам, бәрі құрғақ қиял, жалған намыс, әйтпесе мен бейбақтың жеткізген, адалдықпен тәрбиеленген ұлым қайсы? Сүйегінде дәні болса, бүйтер ме еді ол, жетесіздік қой түбіне жетіп тұрған, жетесіздік...»

Кеудесін кере күрсінген Ұлдайдың өне бойын өзінің өткеніне деген өкініш уыты кернеп кетті.— Айһай, шіркін, дүние-ай, сүйенер ұл боп тумаған соң, сүйсіндірер қылықты қайдан іздесін? Тек манағы естігенім жалған болсын... о, жаратқан нем, бір тілегімді бере гөр — елжұртқа күлкі қылмай, дұшпанымның табасына қалдырмай, жалғызымның қызығын тазалығынан бере гөр?..

Тұңғыық ойға батып, құлази берді. Бір сәт бұл азаптан — бұл дүниеден мәңгіге құтылатыны есіне түскенде, жүрегіне әлдекім ине сұғып алғандай тітіркеніп, қиналғанын сезді. Қайтадан Тіржанды есіне алды. Көзін жұмып, ұлының кілең ару қыздардың арасында жүргенін елестетті. Шетінен үлбіреген сұлулардың бәрі ең соңында бір қыздың — Үміттің бейнесіне айналып, манадан бері жанталасқан көңілі тынышталғандай іші жылып сала берді. Ауылға өткен жылы келген дәрігер қыздың ата-анасы жоқ екенін естіп, жақын тарта, соңынан Үміт мұның үйіне қона-жатып, екеуі әбден үйренісіп кеткен.

— Тіржан оралғалы сирек көрінетіні несі екен,— деп ойлады Ұлдай ұйықтап бара жатып. Үнемі жүзінен жылылық есіп тұратын сол қызды ойлаған сайын ет жүрегі елжіреп, ессесін езген ауыр азаптан құтылған сияқта-нады.

Батан бастаған бір топ қария Ұлдайдың үйіне келді.
— Неге келгенімізді ішің сезіп отыр ғой,— дей берген Батан шалдың сөзін Ұлдай үзіп тастады.

— Соны менің естімгенім жақсы болар, құрдас...

— Әй, Ұлдай-ай, баяғы тік мінезіңнен бір айнымайсың-ау, бір айнымайсың,— деп Батан шал үнсіз қалды. Бір кезде қушиған бетінде күлкі ойнап, жымығанда әжімдері тарамданып, жүзін айқұш-ұйқыш сызықтар қаптап кетті.— Есінде ме, өзіңе қырындаған, қылшылдаған жиырма бесімде маған өлең шығарып, абыройымды айрандай төккенің...

Батан-ау, аузың топақ тостағандай,
Ерніңнен сасқан кісі ұстағандай,
Түбіне құлағыңның отын үйіп,
Төбене тамам ауыл қыстағандай...

— Өзіңді қатырған екен,— деп жанындағылар да қозғалыңқырап, манадан бері жіпсіз байлаған ыңғайсыздықтан құтылғандарына риза болған кейіппен күліп алды.— Сонда сен не деп жауап бердің?

Ұлдай-ау, сен де бойдақ, мен де бойдақ,
Арасы екі ауылдың құлан ойнақ,
Сезімсіз жаратылған сенен-дағы
Сезімтал итім артық аламойнақ...

— Шынымен өзің шығарып жауап бердің бе, әлде біреуге шығарттырып алдың ба?..

— Иә, қайран жастық, көзден де, көңілден де бұлдыраған қайран жастық... бұ күнде түк көрмегендей, дүниеге дәл осы тозып-тапталған қалпымызда келгендейміз...

— Сондықтан да,— деп Батан шал тамағын кенеп алды,— саған Ұлдай, тілекпен келіп отырмыз, қай жас-

тың аяғын тұсауға қандай қауқар бар бізде? Бер ризашылығыңды балаңа, Әлипан бөтенің емес, өзің білесің. Әрі көңілдері жарасып қалған екен. Баяғыда мұндайда көңілдері жараспайды деуші еді... Ел жұрт бар, екеуін жараспасаңдар, дұшпаның табаламай ма?

Ұлдай үнсіз. Басын сұлқ түсіріп, ұзақ отырды.

— Ешкімнің зорлығына көнбеген, басыңнан артық ауыз сөз асырмай, жалқы жүрсен де жарқырап-ақ тірлік кешкен Ұлдай едің, жалғызыңды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жеткізіп едің,— деп есік жақта отырған бір кемпір сарнай жөнеліп еді, шалдар жағы «қой әрі, о несі жамандықты бастап» деп жаратпай қалды.

— Бәрі құдайдың құптауымен, жазмыш қой...

— Жалғызыңнан жақын кімің бар, бер батаңды...— деген дауыстар құлағына әлсін-әлсін әлдеқайдан талып естіледі.

— Баласына сөзі өтпей, шешесінен бедел тайыпты, жерге қарап қалыпты демей ме, бер батаңды, ризашылық қыл, ағайыныңды тындасаң...

Ұлдай бойын кенет жинап алды.

— Қинамандар, мені. Жерге қарап қалғаным өтірік пе? Енді несіне мені әурелейсіндер, әлде бір емес, бірнеше рет өлсін дейсіндер ме? Қинамандар!..

* * *

«Қалай басталып еді осының бәрі, қалай? Оң мен түстің арасындағыдай бір түсініксіз сәттен басталған. Шіркін-ай, сол сәтте неге құлақ аспадым анамның ақылына? Ал, Үміт ше! Жүрегім дірілдей тұрып, қыз жүрегінің кілтін ашуға неге талпынбадым? Әлде жанымды қинаған жұмбақ сезімнің азабынан қорқып, арзан қылықтың құрбаны боп кете бардым ба? Сырттай аялап, ішімнен өзімсініп қалған сүйкімді қызға ниетімді білдіріп

үлгермей жатып, үш ұйықтасам ойымда жоқ Әлипанның алдында дәрменсіз жандай абдырағаным қалай?..»

Қалай скенін Тіржанның өзі де түсінбеді. Түсіндіруге мұршасын келтірді ме? Елге күлкі болдың, «жесір әйелдің қолына өзі келіп кірді» деген сөздің байыбына да қазір жеткендей. Әбден шырмалып қалғанда барып есін жныпты-ау. Құтылып көрсін енді, айласы жетсе. Бірақ Тіржанның ежелгі әдеті емес пе еді маңдайы тасқа соғылғанда ғана көзін ашатын. Түрмеде отырған екі жыл оны өмір сабағына үйреткен еді ғой, сондағы үйренгені осы ма? Бөтен ауылдың жылқысын бірнеше адам бірігіп ұрлап, айыпталғаннан кейін бұл дүниеде бәр-бәрінің өтеуі барлығын, сұраусыз ештеңе жоқтығын түсініп, көп жайтты ішіне түйген. «Бұдан кейін қалт кетіп, жаза басам, көзім шықсын» деуші еді. Анасының қасіретті жүзі сай-сүйегін сырқыратып, жан дүниесінің парша-паршасын шығарып, «енді ұрлық қылсам, аяқ-қолым кесілсін» деп ант еткізген. Анасын күрт қартайтып жіберген сол оқиғаны кездейсоқтыққа, санап, Тіржан адал өмір сүруді аңсаған. Әттең, анасының ақ тілегін аттап өтіпті, теріс батаның да мағынасын кеш түсініп, кеш өкініп жүр.

Дәл қазір анасын қатты сағынып кетті. Соңғы кезде Әлипанның үйінен шықпай жұртқа сирек көрінеді. Шешесі науқастанып қалғалы тынышы кете бастаған. Әуелгі кезде қызықтаған әйелдің қылығы да жалықтырды, тым тез еліктіріп әкеткен сезім оты соншалықты тез өшті. Кімнің алдында қалай ақталудың да амалын табар емес.

Ойлап отырса, осы жасына дейінгі тірлігі өкіну мен ақталудан тұрған сияқты. Есін білгеннен бергі сапалы уақыты тек соған сарп болғандай. Бұрын-соңды мән бермеген скен. Мұның бірақ Әлипанға қандай қатысы бар десеңші? Ішкі тілектерінің қабыспағанына қарамастан бәріне көнген өзі емес пе еді. Құшақ жая қарсы ал-

ды, кет әрі демеді, осында тұра берсеңші деді, міне, тұрып жатыр.

Алда-жалда бұл кетем десе, шаужайына жармаспайтын шығар? Пәлен жыл отасқандар да ың-шыңсыз ажырасып жатады, олардың жанында скеуіңкі не, тәйірі.

Дегенмен де аз күннің арасында Әлипанның өзін тырп еткізбей қойғаны қалай!? Аяқ асты келген ой Тіржанның шамына тиіп, бойын ашу кернеді. Жо-жоқ, ешкімді де басына сескірте қоймас, сондықтан дәл осы сәттен бәрінің басын ашып алуы керек. О несі-әй, кім кіммен ойнамаған-күлмеген кезінде. Аз күн сайрандады, қызықтады, жетер. Әттең, өзі тым-тым көрікті, әй, бірақ сұлу әйел кімнен қалмаған...

Оның үстіне, жанашыр дегендегі жалғыз шешесі құптамағаны және шындық. Құдай-ау десеңші, әлгі қатыны өлген таз Шошын да жуырда көрші ауылдан қыз алып қашып келіпті деп естіді-ау. «Бұ жұрттың тазы да, соқыры да әп-әдемі қыздарға үйленіп жатыр, қол-аяғы балгадай менің ұлым ғана көште қалған» деген шеше сөзі түсті есіне. Бұ дүниедегі ең жақын адамын соншалықты азапқа салып қойғанын енді ғана түсінгендей өз-өзіне зығырданы қайнап, тісін шықырлатты. Бір тұрып, бір отырды. Әрлі-берлі адымдай жүрді де кесметтен шешімін тапқандай сыяқ етіп отыра кетті. Бір түрлі еркінен тыс на, қолдары дірілдей бастады.

— Жо-жоқ,— деді тағы да ұшып тұрып,— Жоқ, жетеді... болмас бұлай...

— Не болмас бұлай... әлде, бүлінейін дедің бе... айтпасаң да сеземін, сірә тояттап болғансың-ау бәріне.— Әлипан мұның жолың кес-кестей берді.

— Рас айтасың, тойдым, лықа тойдым,...—Тіржан айғайлап жіберді.

— Ах, солай ма... тоқтай тұр, сабаңа түсерсің... әбден құтырған скенсің сен... әлде шешенді қимайсың ба? Шешеннің есі болса, жалғыз баласынан безер ме! Неге

үлгермей жатып, үш ұйықтасам ойымда жоқ Әлипанның алдында дәрменсіз жандай абдырағаным қалай?..»

Қалай екенін Тіржанның өзі де түсінебеді. Түсіндіруге мұршасын келтірді ме? Елге күлкі болдың, «жесір әйелдің қолына өзі келіп кірді» деген сөздің байыбына да қазір жеткендей. Әбден шырмалып қалғанда барып есін жиыпты-ау. Құтылып көрсін енді, айласы жетсе. Бірақ Тіржанның ежелгі әдеті емес пе еді маңдайы тасқа соғылғанда ғана көзін ашатын. Түрмеде отырған екі жыл оны өмір сабағына үйреткен еді ғой, сондағы үйренгені осы ма? Бөтен ауылдың жылқысын бірнеше адам бірігіп ұрлап, айыпталғаннан кейін бұл дүниеде бәр-бәрінің өтеуі барлығын, сұраусыз ештеңе жоқтығын түсініп, көп жайтты ішіне түйген. «Бұдан кейін қалт кетіп, жаза бассам, көзім шықсын» деуші еді. Анасының қасіретті жүзі сай-сүйегін сырқыратып, жан дүниесінің парша-паршасын шығарып, «енді ұрлық қылсам, аяқ-қолым кесілсін» деп ант еткізген. Анасын күрт қартайтып жіберген сол оқиғаны кездейсоқтыққа, санап, Тіржан адал өмір сүруді аңсаған. Әттен, анасының ақ тілегін аттап өтіпті, теріс батаның да мағынасын кеш түсініп, кеш өкініп жүр.

Дәл қазір анасын қатты сағынып кетті. Соңғы кезде Әлипанның үйінен шықпай жұртқа сирек көрінеді. Шешесі науқастанып қалғалы тынышы кете бастаған. Әуелгі кезде қызықтаған әйелдің қылығы да жалықтырды, тым тез еліктіріп әкеткен сезім оты соншалықты тез өшті. Кімнің алдында қалай ақталудың да амалын табар емес.

Ойлап отырса, осы жасына дейінгі тірлігі өкіну мен ақталудан тұрған сияқты. Есін білгеннен бергі саналы уақыты тек соған сарп болғандай. Бұрын-соңды мән бермеген екен. Мұның бірақ Әлипанға қандай қатысы бар десеңші? Ішкі тілектерінің қабыспағанына қарамас-тан бәріне көнген өзі емес пе еді. Құшақ жая қарсы ал-

ды, кет әрі демеді, осында тұра берсеңші деді, міне, тұрып жатыр.

Алда-жалда бұл кетем десе, шаужайына жармаспайтын шығар? Пәлен жыл отасқандар да ың-шыңсыз ажырасып жатады, олардың жанында екеуінікі не, тәйірі.

Дегенмен де аз күннің арасында Әлипанның өзі тырп еткізбей қойғаны қалай!? Аяқ асты келген ой Тіржанның шамына тиіп, бойын ашу кернеді. Жо-жок, ешкімді де басына секірте қоймас, сондықтан дәл осы сәттен бәрінің басын ашып алуы керек. О несі-әй, кім кіммен ойнамаған-күлмеген кезінде. Аз күн сайрандады, қызықтады, жетер. Әттең, өзі тым-тым көрікті, әй, бірақ сұлу әйел кімнен қалмаған...

Оның үстіне, жанашыр дегендегі жалғыз шешесі құптамағаны және шыдық. Құдай-ау десеңші, әлгі қатыны өлген таз Шошын да жуырда көрші ауылдан қыз алып қашып келіпті деп естіді-ау. «Бұл жұрттың тазы да, соқыры да әп-әдемі қыздарға үйленіп жатыр, қол-аяғы балгадай менің ұлым ғана көште қалған» деген шеше сөзі түсті есіне. Бұл дүниедегі ең жақын адамын соншалықты азапқа салып қойғанын енді ғана түсінгендей өз-өзіне зығырданы қайнап, тісін шықырлатты. Бір тұрып, бір отырды. Әрлі-берлі адымдай жүрді де кенеттен шешімін тапқандай сылқ етіп отыра кетті. Бір түрлі еркінен тыс на, қолдары дірілдей бастады.

— Жо-жок, — деді тағы да ұшып тұрып, — Жоқ, жетеді... болмас бұлай...

— Не болмас бұлай... әлде, бүлінейін дедің бе... айтпасаң да сеземін, сірә тояттап болғансың-ау бәріне. — Әлипан мұның жолын кес-кестей берді.

— Рас айтасың, тойдым, лықа тойдым... — Тіржан айғайлап жіберді.

— Ах, солай ма... тоқтай тұр, сабаңа түсерсің... әбден құтырған скенсің сен... әлде шешенді қимайсың ба? Шешеннің есі болса, жалғыз баласынан безер ме! Неге

үлгермей жатып, үш ұйықтасам ойымда жоқ Әлипанның алдында дәрменсіз жандай абдырағаным қалай?..»

Қалай екенін Тіржанның өзі де түсінбеді. Түсіндіруге мұршасын келтірді ме? Елге күлкі болдың, «жесір әйелдің қолына өзі келіп кірді» деген сөздің байыбына да қазір жеткендей. Әбден шырмалып қалғанда барып есін жиыпты-ау. Құтылып көрсін енді, айласы жетсе. Бірақ Тіржанның ежелгі әдеті емес пе еді маңдайы тасқа соғылғанда ғана көзін ашатын. Түрмеде отырған екі жыл оны өмір сабағына үйреткен еді ғой, сондағы үйренгені осы ма? Бөтен ауылдың жылқысын бірнеше адам бірігіп ұрлап, айыпталғаннан кейін бұл дүниеде бәр-бәрінің өтеуі барлығын, сұраусыз ештеңе жоқтығын түсініп, көп жайтты ішіне түйген. «Бұдан кейін қалт кетіп, жаза басам, көзім шықсын» деуші еді. Анасының қасіретті жүзі сай-сүйегін сырқыратып, жан дүниесінің парша-паршасын шығарып, «енді ұрлық қылсам, аяқ-қолым кесілсін» деп ант еткізген. Анасын күрт қартайтып жіберген сол оқиғаны кездейсоқтыққа, санап, Тіржан адал өмір сүруді аңсаған. Әттең, анасының ақ тілегін аттап өтіпті, теріс батаның да мағынасын кеш түсініп, кеш өкініп жүр.

Дәл қазір анасын қатты сағынып кетті. Соңғы кезде Әлипанның үйінен шықпай жұртқа сирек көрінеді. Шешесі науқастанып қалғалы тынышы кете бастаған. Әуелгі кезде қызықтаған әйелдің қылығы да жалықтырды, тым тез еліктіріп әкеткен сезім оты соншалықты тез өшті. Кімнің алдында қалай ақталудың да амалын табар емес.

Ойлап отырса, осы жасына дейінгі тірлігі өкіну мен ақталудан тұрған сияқты. Есін білгеннен бергі саналы уақыты тек соған сарп болғандай. Бұрын-соңды мән бермеген екен. Мұның бірақ Әлипанға қандай қатысы бар десеңші? Ішкі тілектерінің қабыспағанына қарамастан бәріне көнген өзі емес пе еді. Құшақ жая қарсы ал-

ды, кет әрі демеді, осында тұра берсеңші деді, міне, тұрып жатыр.

Алда-жалда бұл кетем десе, шаужайына жармаспайтын шығар? Пәлен жыл отасқандар да ың-шыңсыз ажырасып жатады, олардың жанында скеуінікі не, тәйірі.

Дегенмен де аз күннің арасында Әлипанның өзіп тырп еткізбей қойғаны қалай!? Аяқ асты келген ой Тіржанның шамына тиіп, бойын ашу кернеді. Жо-жок, ешкімді де басына секірте қоймас, сондықтан дәл осы сәттен бәрінің басын ашып алуы керек. О несі-әй, кім кіммен ойынамаған-күлмеген кезінде. Аз күн сайрандады, қызықтады, жетер. Әттең, өзі тым-тым көрікті, әй, бірақ сұлу әйел кімнен қалмаған...

Оның үстіне, жанашыр дегендегі жалғыз шешесі құптамағаны және шындық. Құдай-ау десеңші, әлгі қатыны өлген таз Шошын да жуырда көрші ауылдан қыз алып қашып келіпті деп естіді-ау. «Бұ жұрттың тазы да, соқыры да әп-әдемі қыздарға үйленіп жатыр, қол-аяғы балгадай менің ұлым ғана көште қалған» деген шеше сөзі түсті есіне. Бұ дүниедегі ең жақын адамын соншалықты азапқа салып қойғанын енді ғана түсінгендей өз-өзіне зығырданы қайнап, тісін шықырлатты. Бір тұрып, бір отырды. Әрлі-берлі адымдай жүрді де кенеттен шешімін тапқандай сылқ етіп отыра кетті. Бір түрлі еркінен тысна, қолдары дірілдей бастады.

— Жо-жок,— деді тағы да ұшып тұрып,— Жоқ, жетеді... болмас бұлай...

— Не болмас бұлай... әлде, бүлінейін дедің бе... айтпасаң да сеземін, сірә тояттап болғансың-ау бәріне.— Әлипан мұның жолын кес-кестей берді.

— Рас айтасың, тойдым, лықа тойдым,...—Тіржан айғайлап жіберді.

— Ах, солай ма... тоқтай тұр, сабана түсерсің... әбден құтырған сенсің сен... әлде шешенді қимайсың ба? Шешеннің есі болса, жалғыз баласынан безер ме! Неге

ол қызықтамайды мені, неге? Түк көрмеген сорлы, не түсінуші еді... есі болса бір баланың соңында бар жастығын құрбандыққа шалып, тұл боп өтер ме... тиіп алмас па біреуге баяғыда...

— Жұмысың болмасын шешемде... тіліңді беземе...

— Бсзеймін, не қыласың маған... бәрібір сені құтқармаймын. Сен мықтап маталғансың маған...

— Тоқтат, келтірме менің жынымды...

— Менің де жыным сенікінен кем емес... тоқтатпаймын... не мені қатын қыларсың, не...

— Не дедің, қайтала деймін, не дедің...— Тіржанның жүзі көгеріп шыға келді де не істерін білмей қораға жүгіріп шыққан. Қолына іліккен балтаны Әлипанға сілтеп қалғанда, әйел бетін қолымен қорғаштай берді. Балта сұқ саусақтарын жанай өтті. Үйді басына көтере шыңғырған әйелдің даусын естіген көршілер лезде жиналып үлгерді.

— Ал, істе енді маған істейтініңді, сайқал...

— Оңып келгенің шамалы еді, соттатамын мен сені... жалынасың әлі маған... жазығым жылы қарағаным ба... кім сені мендей күтіп еді... обалың өзіңе, мені аямасаң, сені мен де аямаспын...

— Басқа пәле тілден екенін сен білмеуші ме едің... білмесең, бұдан былай білетін боласың...

— Көрдіндер ме не істегенін, міне, көріндер, куә болындар...— Әлипан әбден долданып алған,— куә болындар...

* * *

Баласын жауапқа алып кеткелі ешкімге мұңын да шақпады, әдетінше тәңіріне де жалбарынбады, іштен тынды. Тағдырдың тәлкегін үнсіз көтеріп, үнсіз азаптанды. Маңдайына біткен жалғыз ұлдың ел аман, заман тынышта тірідей күйік боп, өзінің жерге қарап қалға-

нына кімді кінәларын білмейді. Бұған дейін айналасындағыларға бірде адуындап, бірде асқақтап тірлік кешсе, өзінің өрлігіне сенетін. Асқақтаса — ұлына сенгені еді. Енді сенетін де, сендіретін де ешкімі жоқ. Кім кінәлі, кім? Мүмкін осы қырсықтың бәріне жалғыздығы себеп шығар!? Кімді кінәласып, кімді қарғасып, баласына әкесін қайтармаған сұм соғысты ма, өмірден тұл боп өтіп бара жатқан жалғыздығын ба? Оп-оңай баласын орға итере салған Әлипанды ма? Қазір әлдекіммен кінәласып жататындай хал жоқ Ұлдайда, тек қорқыныш басым.

Жағдайдың қалай өрбіп, қалай өрістегенін анық білмегенімен жас келіншектің тапа-тал түсте ауданнан адамдар шақыртып, Тіржанмен айыптасқан пысықтығынан үрейді ұшты.

Көзің сәл жұмса жалбыраған Әлипанның бейнесі кетпеді. Сол кезде шошып оянады да, Тіржан мазалайды оны. Сақал-шашы өсіп, қараға оранған өз баласы, тек қана даусы өзгерген бе, қалай? Бөтен дауыспен сөйлейді. Жамандыққа қимайды баласып, қимағандықтан қиналады. Қиналып жатып қайтадан оянып кетеді. Дүние қара түнек боп, жарыққа көзі жетпей, көкірегі сайрайды.

Қыс түскелі үйден шығуды мүлдем доғарды. Терезелердің сыртқы қақпасын тарс-түрс еткізіп, ысқыра соққан жел гу-гулегенде, төрт қабырғадан тамтық қалмайтындай көрінетін. Айдалада жалғыз қалғандай жүрегінің соғуы жиілеп, басы айналып, қас-қағымда дүние аударылып-төңкеріліп жатады. Есін жиғанымен, көз алдынан кетпейтін жалбыр шаш сол әйел қап-қара қолдарымен мұны тұншықтыра жаздап, жанын қинайды.

— Тіржаным, қайдасың... неге қажытасындар мені?.. Соңғы кезде күндіз-түні жаныңда отырған Батан шалды да тапудан қалған.

— Тіржан, жалғызым, күнім, сен неге... қап-қара боп кеткенсің, шашың да өсіп кетіпті ғой... ол ма, ол да қап-қара, әнс, көрдің бе? Мен ғой алақанымды теріс жайдым, жо-жо-о-о-о-оқ... қалай мен жалғызымды қиямын... Біздің үйдің шаңырағы қалайша опырылып түскен жұртым, қайдасың... қолдарыңмен қалқайтып берген шаңырақтың быт-шыты шығып, шашылып қалғанын неге көрмейсіңдер... мынау үйдің қабырғасын көтеріңдер қайтадан... әйтпесе бұл молаға айналады... молаға...— Бірде есінен танып, бірде есі кіріп, не айтып жатқанын өзі де сезбейтін Ұлдайдың дәл осылай қиналғанын Батан шал бұрын көрген емес. Былайғы шақта анау-мынау емес, дардай аты бар өзі қаймығатын Ұлдайдың жігері таусылып, бір уыс боп жатқанына қабырғасы қайысып, әйелдің сандырақтап айтқан әр сөзі бұған шаншудай қадалады.

— Бұл күндері Ұлдайдың қас-қабағына құрақ ұшып жүрген бір адам — Үміт. Облыс орталығындағы дәрігерлік училищені аяқтап, бейтаныс ауылға келгенде, ең алдымен жылы ұшырап, бауырына тартқан Ұлдай болғандықтан ба, әйтеуір жас қыз осы әйелдің әлі тайған шағында жанынан ұзаған жоқ. Бейнебір осы үйдің баяғыдан көңіл жақын туысындай боп кеткенін өзгелер тез аңғарғанымен, өзінің ойы қайтсе де Ұлдайдың бетін бері қарату. Қайғыдан адам қан құсады дегенге бұрын-соңды мән беріп үлгермеген Үміт енді адам баласының қайғыдан тіл тартпай кететініне көз жеткізгендей. Жан азабына жасының да ұлғайғандығы қосылып, ес-түсінен айырылып есеңгіреген әйелдің қиналысына куә болған сайын өзін қиналайды. Аурудың бойынан дәрмен тайған сайын мұның да қолынан күш кетіп, неідей шешімге тоқталарын білмей жанталасып жүр.

«Әлім келер емес, менің шамам жетер емес, не болса да ауданға апару керек» деп іштей қиналып, ойын Батан шалға білдірді.

— Қайдам, әурелемегеніміз жөн-ау, тіпті білмеймін,— деп күмілжіп қалды қарт.

— Саспаңыздар, өзім бірге барамын, тіпті сонда бірге қаламын... ал машинаны бастықтар тауып береді... мен қазір...

Батаң шал Үміттің қалай тез киініп, тез шығып кеткенін де байқамады.

Үміт жүгіре басып бөлімше бригадирінің үйіне жетті. Бригадир жап-жас қыздың әбігерленіп, алқынған түріне таңырқай қарап, «Жағыпардың машинасы бос, қазір қағаз жазып берейін, тіпті мен айтты деп, өзің қолқаласаң да сөзге келмей апарарсың»,— деп шығарып салды мұны.

Бригадирден шығып, шофер жігіт Жағыпардың үйіне тура тартты.

— Қарағым-ай, деп жігіттің шешесі сөйлеп қарсы алды.— Кеш түссе үйде отырмайды. Әлгі Әлипанның үйінен шықпайды деп гу-гу етеді жұрт... «Ойбай, ұрып кетті, соғып кетті»,— деп Тіржанды айдатып жібергенге, шынымен кемтар боп қалған шығар десек, ешқандай пәлесі жоқ, бір-екі күннен соң-ақ қолын байлап алып жүгіріп жүрген... сөйтсем, енді менің балама жабысып жібермейді... дейді... ішінен шықса да, есейген балаңа қайтып тіліңді батырарсың. Өзің сияқты үкідей үлбіреген қыздар емес пе Жағыпарымның теңі.

Ағынан жарылып, ағыл-тегіл жылаған кемпірге Үміт не дерін білмеді. Әлипанның кім екенін білмейтін, Тіржанның жағдайынан кейін ғана назар тоқтатқан, жараланған саусақтарын емдей жүріп танысқан-ды. Жүзбежүз кездескенде сұлу да мүсінді келіншекке ұзақ көз тоқтатқан. Қазір Әлипанның атын естігенде, жүрегі дір етіп, екі беті дуылдап барады.

— Ұлдай дейсің бе, шіркін-ай, десеңші, қиындыққа мойымай тағдыр жүгін нардай көтерген Ұлдай-ақ еді,— деп таңдайын қағып, біраз тамсанып тұрып алды кем-

пір.— Баласының қайғысы ғой мұның бәрі. Алла-тағала Әлипанды да жібермес алысқа. Бір Тіржанның емес, бірнеше азаматтың аяғына шырмалып, обалына қалып жүрген жоқ па? Құдай-ау, баяғыда байымыз ұрсып жатсын, ұрып жатсын, қыңқ демеуші ек, бұ күннің әйелі еркекпен жағаласады да жүреді. Еркекпен жағаласқан жақсылық әкелмейді, шырағым... есінде болсын, болашағың бар баласың ғой... Әйтпесе Әлипан сияқты жұртқа жексұрын болғанның несі жақсы. Тіржаннан таяқ жесе, тәнге түскен жара жазылмай ма? Соққыға жығылса, кінәсі бар шығар, тектен-тек ұрмайды еркек... Соны ел-жұртқа дабыралаудың, куә шақыртудың қажеті жоқ еді... аттан салғанынан абырой алғанын көрерміз әлі. Тіржанның сол қатынға өліп-өшкен ештенесі жоқ-ты, өзі емес пе соңынан қалмай, жүгіріп жүріп тиген. Енді, міне азаматтың басына тағы да іс түскелі отыр. О заман да, бұ заман, қойнында жатқан еркегін соттатқан масқара емес пе, елде жоқ қылық қой бұнысы... Әлипанның несі кетті, бүгін түк көрмегендей судан таза, сүттен ақ, ертең тағы біреудің шылауына байлана салады... жалғанда ешкімнен именбеген ұрғашыны қойсаңшы... Бәрінен де, шіркін, Ұлдайды айтсаңшы, отыз жыл Мұсаның шаңырағын құлатпаймын деп, жеткен жері осы болса, оған тірліктің не сәні қалды...

Асыққанымен, үлкен адамның сөзін бұзып кете алмай әжептәуір уақытын өткізіп алды Үміт. «Әйел қартайғанда қызық екен-ау, өз-өзінен ақыл айтқыш, тіпті менің асыққанымда шаруасы болсайшы» деп ойлады Жағыпардың үйінен шығып бара жатып.

— Жағыпарды енді қайдан іздеймін?— Үміт біраз дағдарып тұрды да Әлипанның үйіне қарай аяңдады. Бірақ ойынан лезде шошып, «уақыт оздырмай, тезірек басқа біреуді іздейін» деп кері бұрылды. «Тіржанның анасы ғой, Тіржанның анасы»,— деп іштей күбірлеп барады.— Құдай-ау, Тіржанға не болды екен? Шіркін, ол

өзінің отты жанарымен қыздардың жүрегін дір еткізетінінен, өзін әлдекім ұнататындығынан мүлдем бейхабар ғой. Әттең, намысым бастырмады, әрі ұят дедім, айтпесе осы қырсықтың бәрінен алдын-ала арашалап алатындай жағдайым бар еді, бірақ өзінің тарапынан еш емеурін байқай алмағандықтан басымды еңкейтпедім... дегенмен де іштей сенуші едім... Әсіресе қадала қарайтын көздері көп нәрссін аңғартушы еді. Үнсіз сендіріп, үміттендірген жанарын қайтып ұмытармын? Ұдайы тіл қатыспасам да соңғы рет кездескенде, бір-бірімізді ұғынысқандай едік. Ол менің өзі үшін бәріне дайын екендігімді, тіпті қыңыр-қисықтығымен, кемшілігімен ақыл-ойымды жаулап алғанын әсте сезер ме? Сынағаны ма, сыр тартқаны ма белгісіз, бірде тесіле ұза-ааа-а-ақ қарап, «қыдырайықшы» деген. Сонда деймін-ау, өзімше бәлсіне қалғаным не десеңші, қайта айналып соқсып, қадірімді артқызайын дедім бе? Неден қаймығып, несіне сырт айналып, қуанышымды білдірмеуге тырыстым? Бәлкі сонда сырласып үлгерсек, басқаша болар ма еді, қайтер еді!

Әттең, соңынан өкінгеннен не пайда? Енді Ұлдайдың бетін бері қаратып, көңіліне титтей демеу бола алсам, соған да шүкіршілік...»

Жағыпарды іздеп таппаған соң, басқа шоферді қолынан жетектеп, Жағыпардың үйіне алып келді. Біқта тұрған машинаны әрі қарап, бері қарап, әр-жерін шұқылап біраз тұрған жігіт Үміттің өтінішін жерге тастай алмай, аудан орталығына апаруға келісімін берді. Алдында «Жағыпардың өзін тауып әкелейін» деп тұр еді, кейін қыздың эп-әдемі түріне сүйсіне көз тастап, үн-түнсіз соңынан ере жөнелгенін аңғарған жоқ. Аяқ астынан көңіл-күйінің көтеріліп жүре бергеніне де мән беріп жатпады.

Екеуі машинамен Ұлдайдың үйінің жанына келіп тоқтады да, Үміт жүгіре басып ішке кіріп кетті. Үй-ішін-

дегілердің жайбаракат отырғанынан секемденіп, состып қалған қыз Батан шалға бұрылды сұраулы кейіппен.

— Апаң сені іздеп жатыр,— деді қарт,— әлсін-әлсін өсіміңді атап шақырды... соған қарағанда, өсін жиған сияқты... тезірек жақындашы жанына...

— Келдің бе, жарығым, кел бе-рі... Сөздері бөлініп-бөлініп шыққанмен, Ұлдайдың даусы ап-анық естілді.

— Келдім, Ұлапа, жаныңыздамын, Ұлапа... машина алып келдім, қалаға барамыз, емделесіз, өзім емдетемін... бірге боламын...

— Айналайын... құдай бағынды ашсын... ризамын саған... бірақ мені сүйреп қайтесің, онсыз да сендерге масыл болғаным жетер...

— О не дегеніңіз, Ұлапа... о не дегеніңіз... мен ештеңе де тындырғаным жоқ сіз үшін,.. бұл менің парызым ғой, Ұлапа. Мен сізді жақсы көремін... сіз... сіз менің анам сияқтысыз...

— Қарағым-ай, қарағым-ай,— деді Ұлдайдың негі кемсендеп, екеуміздің тілсегімізді құдай біліп қосқан-ау, не айтайын... тәуірмін... қартайғанда жан сауғалап қайда барамын? Көптің тілеуі, сенің тілеуің шын болса, әлі көретін жарығым бар шығар... Жалғызбасты әйел үшін өкініштен өртеніп өлгеннен жаман не бар десем де... ретімен келген ажал болса, кімнің жапын кім алып қалар дейсің? Дегенмен аздап жеңілдік бар бойымда... менің дертім белгілі ғой өзіңе... дәрі қонбайтын дерт қой менікі...— Ұзақ демігіп барып, қайтадан Үмітке қарады, ыммен «келші бері» дегендей смеурін танытты. Ойындағысын айтуға батылы жетпегендей, қыздың шашын сипап: «Құдай бағынды көтерсін, айналайын...»— деп күбірлеп жатты.

Бірнеше тәулік пәр татпай қиналған адамның өзіне осынша жылы сөздер айтып, аналық мейіріммен еміргені Үміттің сай-сүйегін сырқыратты. Жанарынан үзіліл

түскен жасты көрсетпей, аурудың тер иісі сіңген көрпесінің шетімен көзін сүртіп алды ешкімге байқатпай.

— Қарағым,— деді Ұлдай әлден уақытта барып,— осы жасымның ішінде ешкімге жөн-жосықсыз еміреніп көрмеген пендемін. Жастайымнан жесір қалдым да адуындау боп кеткенім рас. Несін жасырайын, Тіржанның мына масқарасынан бері өткеніме қапаланып, құса боп жатырмын... мүмкін бірсудің етегінен ұстағанымда, Тіржаным бұл күйге ұшырамас па еді деп те далбасаланамын... қалайда балаға әкеге ұқсас әлдскім керек екен. Айтайын дегенім бұл емес... Айтайын дегенім, егер қарсы болмасаң, осы үйде тұра бер... құдайға шүкір, бөлме жетеді. Өзіңе деген өзгеше мейірім бар бойымда, бөтен пиғыл жоқ, айналайын. Тауым шағылып, жермен-жексен боп жатқанымда, жақсылықты өзіңнен көрдім. Қуатымды қайтып берген әуелі құдай, сосын өзің...

Үміт толқып кетті. Басқа сәтте «жо-жоқ, келіп тұрамын жиі-жиі» дер еді, қазір мұны айтпады. Абдырап біраз тұрды да: «Ендеше мен машинаны қайтарайын... со-сонымен, әлде, нәрселерімді әкелсем бе екен... нә... нә... машина күтіп тұр ғой... әкеліп алайын...»— деп шығып кетті.

— Ұзақ бөгелдің ғой, қарындас... қашан жүреміз?— Шофер кабиннада тыпыршып отыр екен.

— Бармайтын болдық... қазір менің нәрселерімді алып келеміз... мен Ұлапамен бірге тұратын болдым...

— Қызық екен,— деді жігіт басын шайқап,— еркіңіз білсін...

* * *

Сырттап машина даусын естіген Жағыпар жылы төсектен атып тұрып, терезеге жабыса қалды.

— Әй, мынау менің машинам ғой... Қызық екен...

қап, не боп қалды екен...— ұят болды-ау...— Жігіт асығып-аптығып киіне бастады.

Сыртқа шыққанда, машина Ұлдайдың үйінің жапына тоқтай қалды. Жағыпар не істерін білмей, біраз тұрды да өзінің үйіне бұрылды. Артына қарап еді, Әлипан үйінде жаңа жанып тұрған шырақ өшіп қалыпты. Алға адымдағанымен, еркінен тыс күш жігітті қайтадан Әлипанның үйіне алып келді. Есік кілттенбепті. Қараңғы үйге кірген Жағыпар тамағын кенеді. Әлипан селт етіп жауап қатпады. Әлгі әзірде өзі жатқан ортаңғы бөлмеге жақындаған Жағыпар солқ-солқ жылаған үнді естіп, есікке сүйене состиып қалды қимылсыз. Бұдан жарты сағат бұрын жарасымдылықтың, назды қылықтың думаны болып еді деп кім айтады мынау төрт қабырғаны? Ештеңеге түсінбеген Жағыпар әлгінде Әлипан екеуі қатар жатқан кереуетке қарап еді, ешкімді көрмеді. Сөйтсе Әлипан диванға етпетінен түсіп, жылап жатыр. Иығы селк-селк еткен келіншекке батылсыз жақындады. Ақырын ғана оның шашынан сипап, қасына отырды. Әлипан мұны кім деп те білгісі келмегендей көңіл аударар емес. Ешкімнен тайсалмайтын өр көкірек, өзімшіл әйелді Жағыпар танымай тұр.

— Саған не болды...— деп әлсін-әлсін қайталай, екі нығын көмкерген қолаң шашын ніскей беремін деп еңкейгенде, анау жігіттің қолын жұлқып тастады. Орнынан ұшып тұрып, бетін жауып кеткен қалың шашын екі жаққа сілкіп-сілкіп қалды да терезенің алдына сүйеніп, жігітке тесіле қарады. Қолдарын айқастыра салған.

— Сен жалтақ жігітсің,— деді содан кейін,— егер жалтақ болмасаң, «машиннамды біреу айдап барады» деп шыға жөнелер ме едің, артыңа бұрылып, бір ауыз сөз айтуға мұршаң келмей сасқалақтағаның не... тек сен емес, бәрің де сондайсыңдар, жалтақсыңдар... сендер... еркексымақтардың бәрі... сондықтан да шын сүйіп, шын күйодің не екенінен де мақұрымсыңдар...

«Қай еркек көңіліңді қалдырып, жүрегінді суытып еді» деген сөз тілінің үшіне үйірілсе де Жағыпар үндемеді.

— Бұдан былай маңыма жолама.

— Неге?

— Сен де жақсы көргеннен емес, қызыққаннан ғана келесің. Ешқайсыларың да шын ұнатқан емессіңдер мені... кезінде күйеуім ғана шын сүйген мені, әттең опасыз жалған оны да бұйыртпады маған, ал, сендер... білем неге айналсоқтап шықпайтындарыңды... бірақ маған бәрібір... ха-ха-ха-ха-а-а-а... сен сияқтылардың ындының құртатын мынау ғой...— Әлипан қолымен мықының таяғып, жұп-жұмыр аяғын жігіттің тізесіне салды.

— Шыныңды айтшы, менен қаймығасың, ә... сенің орнында болсам, жақтан тартып-тартып жіберер едім, бірақ сенің қолыңнан бұ да келмейді ғой... дегенмен ешқандай әйелді дәл мені сүйгендей сүймегенің, мені құшқандай құшпағаның анық қой, ха-ха-ха... өйткені сен бұрын әйел көрмегенсің, яғни енді сен мені ешқашан, ешқашан... естисің бе... ешқашан ұмыта алмайсың...— Әлгінде жігіт қолын қағып тастаған Әлипан оқыстан Жағыпарды құшақтай алды,— бәрібір, бәрібір мені ұмыта алмайсың деймін... өзің айтшы, рас емес пе!

— Рас... рас...— Кеудесін намыс буып, жаңағы сөздерге ызасы келген жігіттің өңе бойын ашу кернеп, соншалықты жабайылықпен Әлипанды есі кеткенше аймалады.

Осы сәт жігіт көп жайтты үнсіз ұққан.

Әлипанның болмысында өзінің өресі жетпес күдіреттілік барын лажсыз мойындады. Әйел қылығының қайталанбас тәттілігі мен өзінің дәрменсіздігін мойындаған сайын құшағында күйіп-жанып, жанып-күйген Әлипанды жек көре бастады. Жек көрген сайын жабайы ашқарақтықпен оны өзіне икемдей берді.

— Құдай-ау, кім ескерген, өзің енді-енді еркек

санатына қосылайын дегенсің бе...— Әйел жөн-жосықсыз ұзақ күлді.

Жағыпар бойын дереу жиып алды. Даңғарадай бөлмеде есінен танғанша сықылықтаған әйел күлкісі оны мазақтап, жермен-жексен еткендей-ді. Жігіттің ызасы келді: «Мен мұны мазақ етем десем, бұл мені мазақ қылып жатыр, мені... мені мазақ қылғысы келеді...» Әлипанның алдында күштілік көрсетем деу күпірлік екенін іштей түсінді де, әл-дәрменнен айырылған денесін көтере алмай сылқ етіп отыра кетті. Анау әлі күліп жатыр, әлі күліп жатыр, шыны ма, өтірігі ме белгісіз. Әлден уақытта тылды-ау, бірақ орнынап қозғалған жоқ. Манадан бергі күлкіден әлде шаршағандай, әлде жалыққандай кеудесін кере тыныс алды ма, аһ ұрып күрсінді ме, жігіт түсінбеді мұнысын.

Терезеден ұрланып түскен ай сәулесінен бөлме іші бозамықтанып, жігіт көзіне әр нәрсе енді-енді шалынды. Қап-қара шашы жайылып, асқақтықпен шалқасынап жатқан әйел үн-түнсіз. Үнсіздікті тағы да өзі бұзды.

— Кейде мен жалғыздықтан жарылып кете жаздаймын, балам болса, бәлкім мұндай күйге ұшырамас па едім, әй, бұдан да емес, баласы барлардың да кешкен күйбіңін көріп жүрміз... бір ғана қорқынышым бар, ол Тіржан... ал сендер.

— Тіржанды ақтап алуыңа болады ғой.

— Әттең, ол маған қайтып оралмайды, бірақ мен оны ақтап аламын... қайтейін... бәрібір мені сүймейді ол... солай... біреу ұнатса да, өзін ұнатқыза алмайды, біреу ұнату-ұнатпаудың не екенінен мақұрым боп өтсе де өкінбейді.

— Еркек атаулыны өзіңнен басқаға қимайсың-ау, ә...

— Мен өзім ұнатқанды өзгенің бәрінен қызғанамын... Сондықтан да ертеңнен бастап Тіржанды ақтап алуға аттанамын. Қашан босатқанша жанынан шықпаймын... Осы ауылда, неге екенін білмеймін, тұрғым келмейді.

Келін боп түскелі көзім ашылған емес. Босағаны аттаннан күйеуім дертке шалдықты. Жап-жас басыңмен ауру бағып, қайраты қайтқан еркектің қас-қабағын аиду оңай дейсің бе? Мен не көрмедім, бәріне шыдадым. Ендігі шақта көңілімнің қалағанымен жүрейн десем, жұртқа жекесұрынмын, ешкімге керек емеспін, ең аяғы саған да... Бәрің де артық ауыз сөзден қорқасыңдар, ешкімнің көзіне түскілерің келмей, пәк боп көрінсек дейсіңдер... Бір үрейім және бар, ол — Ұлдай. Түптің-түбінде сол кемпірдің қарғысы жібермей ме деп қорқамын. Тіржанды соттатып жіберуге дәтім бармас. Сол кемпірдің өміріне қарасаң, азапқа жақын тұратын жап ба дерсің. Есіп жнып, етегін жапқалы жападан-жалғыз бір үйдің тауқыметін арқалап арпалысқандағы ұтқаны қайсы? Жалғыздықтың азабына өз басым шыдай алмаспын, отқа да түсермін, суға да батармын, бірақ жалғыз қала алмаспын! Ұлдай сияқтыларды аяймын, өмір бақи етегіне намаз оқып, шаңырағын құлатпағанда, кімге жақсы атанғысы келді екен! Жұрты қадірлеп, ағайыны сыйлайды делік, бұдан оның бағы жапып, дәулеті тасыды ма? Онсыз да қысқа ғұмырынды әркімнің қас-қабағына жау-таңдатып өткізгеннің несі сән? Мен жұрттың сөзіне түкірмеймін де, мейлі ауыздарымен орақ орып, орға құлатсын... ағайынның алдарқатқанына және алаңдар жайым жоқ.

Жағыпар Әлипанға таңырқай қарады. Көздерінің ақ-қарасы айқындала жарқ-жүрқ етіп, әйелдің жүзі алаулап тұр. Өп-бойындағы қайсарлықты қазіргі әр қимыл-қозғалысы айқын таңытқан-ды. Ашынғаннан гөрі ағынан жарылып ашылғанға ұқсайды. Сөздері кесек шыққанымен даусы ақырын естіліп, бұған дейінгі жөп-жосықсыз өзеуреуінен титтей нышан қалмаған. Төпсізін сөйлеп емес, тебірсене мұң тарқатып отыр.

«Ызаланғаны, ашынғаны да өзгеше, тіпті сұлу боп көріне ме, қалай өзі». — Жағыпар іштей тамсанды.

— Сонда не істемекшісің?

— Саған күйеуге шығамын... алмасаң, басқа біреуге... бәрібір маған...

Жағыпар үндеген жоқ. Ауыр күрсініп, көзін жұмды.

«Несі бар, мұндай қатынмен қол ұстасып, ғұмыр кешсем, тақияма тар келмес... Қыз айттырып, той жасайтын әкем отырма. Сол тойдың сынын көтеретін кім шығар дейсің ертең? Бірақ шешем қалай қарайды...»

Көзін ашқанда, таң қылаң беріп, үйдің үшіне сәуле жүгіріп үлгеріпті. Тұла бойы тоңазып, таңғы ызғардың бөлмені суытып жібергенін сезді.

— Тұр,—деді Әлипан,— әкеңнің төрінде жатқан жоқсың... Қорадан отын алып кел. Пеш жақпасақ құдайдың қу күні кісі өлтірер.

— Тіліңе тас байланып қалды ма, әй, неге үндмейсің,— деді және Әлипан. ...Қорықпа, аламын десең де саған тимеймін, қорықпа... тимеймін саған...

* * *

Жүрісін қанша тездеткенімен өзіне кішкентайынан таныс сүрлеу жол көз ұшында ішектей шұбатылып созыла берді. Онсыз да нығын жаныштаған ауыр ой еңсесін езіп, әрең сүйретіліп келе жатыр. Тамағы құрғап, демі тұншыққан сияқтанды. Бірақ аялдап тізе бүгуге хошы болмай, қайтсе де жүре бергісі келді. Тынысын тарылтқан әлде күйініш, әлде өкініш пе, әлде үрей, әлде күдік пе, әйтеуір соның бірін де сыртқа шығаруға халі жетпей күрсінейін десе күрсіне, жылайын десе жылай алмай, қиналып барып қос қолымен кеуде тұсын басыңқырай «уһ» деді. Бұдан жеңілдеген жоқ, көкірегін түйнеген күйініш пе, үрей ме... іште қалды. Өткеннен қалған өкінішті емес, ертеңінен елес берген қорқынышы басым сүреңсіз күндерін ойлады.

Күннің жарық сәулесінен бақ тайып, түн әмірі күші-

не енген сайын соқпақтың шектей шұбатылғаны көзге ұрмай, айналаны қараңғылық жайлап бара жатты. Сонда ғана Тіржан өзінің жалғыз емес, Әлипанның де бірге келе жатқанын есіне алды.

Артына қарағысы келгенімен мойнын бұрған жоқ. «Қара бояудың да өзіндік жарығы болады екен-ау,— деп ойлады қою қараңғылыққа көзі үйренген Тіржан,— сірә қараң тірліктің де өзінше сәулесі бар шығар... Яғни менің тірлігімнің де...» Жанарына әр нәрсе әрең шалынып, бүкіл тірлік түнге тұтқындалғанда, Тіржан манадан бергі көңілсіз ойларынан серпілейін деді. Қара түн оған дейін ұрланып келген еркіндігін өзіне қайтарғандай. Еңсесін басып келген өкініш азабынан құтылғандай аяғын алшаң-алшаң басып, артта жоғалған әр адымының ізі ауыр ойдың жүгін де жаншып жатыр. Айнала кеңістіктің ақ, жарығын буып тастаған тып-типыл тыныштық жігітке жақын да жайлы көріне бастады. Көптен аңсап, талайдан күткен бостандығының қадір-қасиетін осы сәтте ғана ұғынғандай. «Ешкімнің қас-қабағын аңдымай, ешкімге көз алартпай, ешкімге көз алартқызбай, тіпті сол көзбен атысып-шабысқаныңды байқатпайтын қою түннің ығында жүрудің өзі бір ғанибет екен-ау,— деп ойлады Тіржан,— шіркін-ай, мынау айсыз түн созыла берсе ғой, созыла берсе ғой... мен де жүре берер едім. Жүре берсем, өткен-кеткеннің бәрін ұмытар ма едім, қайтер едім. Өткен-кеткен деген мен үшін өтелмеген борыш, орны толмайтын өкініш емес пе. Ендеше сол парыздың төлемін сезінбеу үшін, сол өкініштің отына өртенбеу үшін, өзгелердің жер-жебіріне жетпеуі үшін, толып жатқан бәрі-бәрі үшін неге мен мынау қап-қара түннің құшағында тұншықпаймын? Өткенімді былай ысырып, ертең, тіпті ешқашан да ағармайтын келешегім үшін неге мен мынау қара түндей қатып қалмаймын? Келер күнге артатын үмітіңнен айырылсаң, өмір сүріп керегі не?

Тағы да артына бұрылып қарағысы келді, тағы да бұрылып қараған жоқ.—«Дүниеде ешкімге мойын бұрып, жалтақтамаған біреу болса, ол менің шешем еді, ал мен оған есімді жиғаннан жауандаймын. Шешемнің өзгелерден гөрі мықты, өзгелерден гөрі нық екендігін сезгендіктен де мен үнемі оның өзіне ғана арқа сүйейтінмін. Сөйткен шешемнің, жан дегенде жалғыз пана-анашымның осынша өзгеретінін кім болжаған? Отыз жасқа жеткенше еміреңіп, елжіреп келгенде, Әлипанға, бөтені емес, өз қаңының жесірінен соншалықты безініп, соншалықты бүлінер деп кім ойлаған? Аяқ астынан морт кетіп, кездейсоқ ашуланса, теріс бата берер ме еді. Баяғыда қазақтар мұндайды қуана құптап, әмеңгерлік жолы деп, жесірінен оңайлықпен айырылмайды деп жатпаушы ма еді. Сол заманның — сол жағдайдың шет жағасын көріп өскен шешем неден шошынды, неге қаймықты, кімге қырсықты?»

Тағы да артына бұрылып қарағысы келді, тағы да бұрылып қараған жоқ. «Менің де өліп-өшкен ештеңем жоқ еді ғой осы Әлипанға, бәрі де кездейсоқ басталып масқарашылықпен аяқталды. Енді ше? Бәрі де қайтадан басталатын сияқты, тіпті басталған да сияқты. Өз қолымен түрмеге жаптырған Әлипан өз еркімен күні-түні тыным таппай, екі ай, бес ай жүгіріп, соттың алды-артын торуылдап, өзіме де, өзгеге де жалынып жүріп, басымды арашалап алды. Міне, енді не істесем де ерік өзімдікі... Жо-жоқ. Бас еркіндігім мені әлденеге міндеттейді. Әлденеге міндеттемесе екі нығымды жеп келе жатқан не: ана алдындағы ақталмаған борышым ба, балғын бойжеткен Үмітке жеткізе алмай, жетімсіреген сезімім бе? Құдай-ау, бұл борыш ешқашан өтелмейді екен ғой, бұл жетімсіреген сезімнің орны ешқашан толмайды екен ғой, сол, сол екен ғой екі нығымдағы зіл батпан. Әлипан кеше ғана «Жағыпар Үмітке үйленгелі жүр, шешен саған Үмітті алып беремін деп қанша тырысқанымен мұ-

нысынан түк шықпайды. Өздері де пәлен ай бір сен деп тыным таппай жүргенімнің тектен-тек еместігін ұққан шығар. Жоқ, мен сені бәрібір ешкімге бермеймін»,— деп еді-ау. «Сені ешкімге бермеймін» деген сөзді бұрын-соңды ешкімнен естімегендіктен бе, біртүрлі жүрегім жылып қалғандай болып еді».

Тағы да артына бұрылып қарағысы келді, тағы да бұрылып қараған жоқ. «Шынында да әйел құрғыр құрақ ұшып, құлап жатса, қалай шыдарсың? Бұл әйелі құрғырдың қолынан келмейтіні жоқ-ау; төрдегі басымды есікке сүйреп, түрмеге қаматып еді, енді есіктен төрге сүйреп барады. Міне, қайда жатыр әйелі құрғырдың — Әлипаны құрғырдың құдіреті. Бірақ көңілі қаласа өзі құлап, көңілі қалса, өзінді құлатса қайтерсің? Тағы да құздан құлатса, сосын тағы да, тағы құлатса... Қайтып тұра алармын ба? Тұра алмасам-шы...»

Тіржанның басы айналып, жүрегі көкірегіне сыймай, дүрс-дүрс соғып, демін алқына алды. Пәлен пұт жүкті өзі сүйретіп, әрі тартып, бері тартып, орнынан қозғауға әл-дәрмені жетпегендей қары талып, тізесі дірілдеді. Дәл осы сәтте ол меңіреулік пен еркіндіктің арасында таңғажайып ұқсастық барын сезді. Не істеп, не тындыруы өз ықтиярында болғанымен, тіпті басқа кездегі басқаша жағдайды еске алмағанда, мына тұрысының мағынасыздығы сарғая күткен жеке басының бостандығындай боп көрінді оған. Біраз уақыттан бері тағатсыздана аңсағаны еркіндік емес пе еді! Қол жеткен еркіндігі аулына жақындаған сайын тұлабойын езгілеп, өзін әлдеқандай ессіздікке итермелейтін сияқты.

Әрі-сәрі хал кешіп, шарасыздықтан басы қазандай болған Тіржан әлден уақытта беті ауған жаққа тұра жөнелді. Асығып-аптығып, өңс бойы сұстылыққа оранып, жүрегі өрекіп, денесіне ие бола алмай сайтан жел екпінімен ентелеп келеді. Өзін-өзі тоқтатуға шамасы жетер емес. Санасына сыймайтын жұмбақ күштің қамшы-

лауымен ұшып кете жаздап, ұшып түсе жаздап, тастай түннің қай бағытында лағып бара жатқаны өзіне де беймәлім, жанталаса жүгіре берді, жүгіре берді. Қайда, неге? Ұққан жоқ, ұққысы да келген жоқ.

Омақаса құлап түскенін біледі. Құлағының дәл түбінен шыңғырған дауыстан есін жиды: Әлипан да мұны құшақтай сүрінген екен.— Не көрінді саған, не болды саған,— Әлипан еңіреп қоя берді.— Қайғыма қайғы жаммау үшін жүр екенмін ғой сенің соңыңда сорлы басым. Сонда не істе дейсің маған... айыпты болсам алдында, азабын жалғыз өзің емес, мен де арқалап келе жатқан жоқпын ба? Қателесіп қалт бассам, мұның да ауыртпалығы өзімде ғой. Жолдан тайдырып сүріндірсем де қолтығыңнан демеп сүйемелдеген өзім едім ғой. Басыңа іс түскенде, артыңнан кім іздеп барып, қай ағайының араша тұрып еді? Мына маңдай қорлыққа жаратылған ғой... тар маңдай, сор маңдай...

Өз маңдайын өзі пергілеген әйелдің қолынан төмен тартқан Тіржан: «Құдай үшін тоқтай тұршы,— деді әлсіз үн қатып,— басым айналып кеткені... басым айналып барады...»

Әлипан әрең дегенде тыйылды, солығын баса алмай аракідік өксіп қойып, етпетінен сұлап түскен Тіржанның басын көтеріп, кеудесіне сүйенді.

— Басым айналып кеткені,— деді Тіржан,— мынау тастай түннен ажырағым келмейді... таң атпай тұра тұрса екен... Қорқамын... жарықтан қорқамын... таң атпаса екен...

* * *

— Апа, бір ауыз сөз айтсаңызшы, тым болмаса бір ауыз сөз.— Ұлдайдың қатарына ілесер-ілеспесін білмей, біресе оң, біресе сол жағынан шығып, берекесі қашқан Үміттің бұдан басқа айтары да қалмаған тәрізді,— бір ауыз сөз...

Шоққарағай баурайына өрлей сызылған соқпақтың сорабы жазықпен жалғасқанда ғана Ұлдай артына бұрылды: дөңестің үстінен қарағанда бұйығып жатқан аулы оймақтай боп ойда қалып барады екен. Жүрегі шымырлап қоя берді. Жүйке-жүйкесі босап қимастықтан тұла бойы әлсіреп, әлде запыран, әлде зар тамағына тірелді де түйнектеле кептетілді. Бойын игере алмай әлі құрып, екі қолымен екі бүйірін таянып алғанда ғана өзін-өзі ұстап қалды. Жанарына іркілген жасты тыйған жоқ. Биік жотаның баурайында дөңгелеген аулы көзден бұл-бұл ұшып бара жатты. Бірер қадам төмен аттаса оймақтай аулының көзінен таса болатынын ойлап, көкірегіне өксік тығылды.

— Түріңіз бұзылып барады,— деді Үміт жыламсырап. «Бетіңіз қисайып кетті» дегенге дәті жетпеді. Бетін жуган жастан ерні кермек татыды. Анадайда бұлдыраған аулы көзінің алдында бір аударылып, бір төңкерілді.

— Айналайын, сен осы жерде қал, ештеңеге алаңдама.— Ұлдайдың үні жарықшақтанып шықты.— қайтып келемін дедім ғой... Үйге өзің ие бол, өзің...

— Қайтып келесіз ғой,— деп күмәндана тіл қатты Үміт,— тезірек оралыңыз, апа.

— Оралмағанда, қайда барамын... Қырық жыл түтінін түтетіп, қабырғасын күзеткен шаңырағымды сірә де қиып кете алмаспын,— соңғы сөздерін сыбырлап айтты.

Өзінен бір елі қалмай келе жатқан Үмітке әлсін-әлсін қарайлап қатарласа берді де: «Тоқташы,— деді,— сәл аялдайықшы... Сен енді қайта ғой үйге, жүрші, өзім шығарып салайын. Таң да атып келеді, эне... Тезірек үйге жетіп ал. Сырт адамның көзі түссе, суыт жүрісіңнен секем алар. Сұрағандарға «Көксеңгірдегі» ағайындарына кетті дерсің. Сұрамаса, ешкімге ештеңе айтпа».

Ылдимен жүру жеңіл болғанымен, әр адымын санап бара жатқандай басы төмен салбырап, ықылассыз аяң-

даған Үмітті көзімен біраз жерге ұзатып салды. Көз жасына булығып, екі нығы селк-селк еткен Ұлдай жанын жегідей жеп келе жатқан ащы зарын айғайлап айғақтауға айдалада жалғыз қалса да, даусы жетпей іштен құсаланып келеді. Әйел боп әлдекімге мұңын шағып, жылап көрмегендігінен бе, әлсіз боп еркек кіндіктің алдында ашылып-шашылып үйренбегендігінен бе, өзіне ғана сеніп, тәкаппар тірлік кешкен қайран Ұлдай дәл қазіргі жетімек жағдайын басқаны былай қойғанда, мынау жапан түзге жария етуден аулақ. Бір басының қуанышы мен ренішін үнсіз көтеріп, бәріне үнсіз көнгенде, түптің-түбі бетім ауған жаққа лағып кетем деп сірә да ойлады ма! Құдай қосты деп, көңіл жарасқан қосағының шаңырағын құлатпаймын деп шалқайғанда, боздақтан қалған тұяқты жеткіземін деп жетектегенде көргені осы болса, бұған дейінгісі өзін-өзі алдарқату, ар, асқақтық дегені де өзін-өзі үміттендіріп, азап шегу екен ғой. Бүкіл тірлігі жесірлігінің жалғыздықпен шайқасқан қасіреті боп жалғасқанымен, соның бірін дабыраламай тұмшалап, баяғыдан бері іште тұнып, іште қыстыққан бітеу қайғы міне, енді тамағына тас боп тіреліп алған.

Ышқынып барып: «Ой-хой...»— деді. Сонда ғана тынысын тарылтқан түйнек сыртқа лықсып, сарайы кеңіп сала берді де еңіреп жылады. Еңіреген сайын еңкілдеп, еңкілдеген сайын шемен боп қатқан шері тарқап, қайда, неге бара жатқанын сараламастан ұзақ жүрді. «Құлабие» төбесіндегі ескі бейіттердің жанына келіпті. Қалш-қалш етіп, етпетінен түсті. Денесімен жер құшып, саусақтарын топыраққа сүңгітіп жіберді де жұдырығын түйіп алды. Жні-жиі соққан жүрек, құс қанат көңілдің аптыққан демі біразға дейін тыншымай еңтігіп жатты. Топырақты емірене ніскеді. Дір-дір еткен денесі енді-енді сая тапқандай еді... Тұрғысы келгенімен қимылдауға дәрмені жетпеді. «Құдай-ау, бар салмағымды мына қара жерге артсам да екі нығымды тескен не ауыр-

лық? О бастан пешенеме жазылған зіл батпан жазымыштан құтылу мүмкін емес екен-ау, әйтпесе жермен жексен боп, дөңгеленген дүниенің ортасында домалатқан бұ ненің зауалы?..» Ұлдай қос қолымен тағы да топырақты салалай түсті, беті қатпарланып қалса да топырақ дымқылдау екен. Басын көтеріп жоғары қарап еді: жақын маңның бәрі қал-қара боп, одан әрі қара бояу сұйыла түсіп, көзден алыстаған сайын бозамықта-на берді. Тарамыстана тартылып қалған денесі босаңси бастады. Алыстан оттар жылтырап, құлағына еміс-еміс үн естілді.

Тіршілік үні Ұлдай үшін артта қалып бара жатқан сияқтанды. Кеудесін кек кернеп кетті. Кімге кектенгенін, неге ызаланғанын өзі де ұққан жоқ. Жалғанда жалғыз жақынынан титтей жақсылық көре алмай қаңғырып кетіп бара жатқанына ма? Ел басына ауыр сын туғанда, бұдан жаман күнінде де азабына шыдаған алтын бесік аулынан, босағасынан енді заман тыныш, жұрт аманда қашып бара жатқанына ма? Ғұмырында ең болмаса жалқы рет мауқын басып ешкімге еркелей алмағандығына ма? Ата-бабам аруағы, кінәлама мені, менің сүйенер де, сенер де ешкімім жоқ. Күйеуден қызық көрмедім, жалғыздан опа таппадым. Талай жыл үздігіп күтіп, асыққанда жеткен жерім... Ақталуға асығыппын. Жермен жексен болуға асығыппын...

Қалғып кетіп, қайтадан көзін ашты.— О, ғажап барша дүниені жұтып жіберген түн қараңғылығы қайда қалған? Арқасынан езгілеген ауырлықтан енді-енді сейілді. Бозанданып барып, жарық тартқан әлем аясы көгілдір түске малынып тұрып алды. Қауыз жарған таң шапағынан нұрлана түскен жер беті бір көгілдір түстің ғана сан мың түрінен жалт-жұлт етті. Таңғажайып сұлулықтың өзіне тән сиқыры әйелдің бойына қуат дарытқандай болды ма, еңсесін езіп келген ауырлықтан бірте-бірте сейілген Ұлдай айналасына аңтарыла қарап, өзін

сергек сезіне бастады. Есі кіріп, ақылына келген сайын жаңа туған жас таңның салқын да сұлу сұсынан әрі именіп, әрі таң қалып, өзі үшін әлдеқашан семген, әлдеқашан сөнген үміттің болар-болмас ұшқыны жүрегін маздатып, кәрі денесіне күш біткендей жатқан жерінен көтеріле берді. «Ата-бабам аруағы, қуат бере гөр». Орынан тұрып барып, қайтадан құлап түсті. Қаусап қалған денеге қуат дарыды дегені, қарапайым ғана тілегінің кәрі денесін мазақтай қытықтаған алдамшы кекесіні екен. Жас таңның қайталанбас келбеті көзінің жауын алып, көңілін масайтқанымен, Ұлдайдың сырылдаған кеудесі мен мұқалған жігеріне ешқандай құдіреті жүрген жоқ.

Алыста жылтырыған оттар таңның аясында көмескілене жоғалып, түнгі қадір-қасиетінен жұрдай боп, Ұлдайдың жанарына шалынудан да қалды. Еміс-еміс талып жеткен әуен барған сайын күшейіп, мазасыз ызыңға жалғасты. Шыркөбелек айналған жер ме, көк пе, басы ма, Ұлдайдың екі шекесі зіркілдеп, соншалықты тынымсыз ызыңнан құлағы шыңылдады.

Ұлдай үшінші рет тұруға әрекет жасады. Тәңірі тілеуін беріп, әйтеуір бұл жолы құлаған жоқ.

* * *

— Естідіңдер ме, Ұлдай бір мүгедек шалға тиіп кетіпті ғой...

— Қалайша... қартайғанда күйеусіреп не қара басыпты оны...

— Әй, қойыңдаршы, күйеусіреп шықса да, жетімсіреп шықса да дұрыс істеген. Баяғыда сөйтуі керек еді, баяғыда...

— Қора-қопсысын, үйін баласына да, ағайынына да емес, қайдағы бір шөпжелке қызға тастап кеткені қалай?

— Жағыпар енді Үмітке үйленеді дейді...

— Несі бар, үйленсін.

— Енді Тіржан не істер екен? Үйін даулайтын шығар?

— Не істеуші еді, ол баяғыда үйі бар қатынның қолына келіп кірген жоқ па еді!

— Ал, Жағыпардың шешесінде қуаныштан ес жоқ дейді... Ұлдайдың шалға тиіп кеткенін естіген жұрттың біреуі күліп, біреуі күрсінді, біреулері таңдайларын қағып, енді біреулері көздеріне жас алысты.

Он сегіз шақырым

Түс ауа балдақты шал автостанцияға қайтадан келді.

Ауылдарына күніне екі рет қатынауға тиіс автобустың екі көзді төрт қылып, зарықтыратын қыстайғы әдеті. Аудандық ауруханадан шығысымен, таңертеңгісіне үлгерейін деп, осында тұратын қызының үйіне соқпастан бірден автостанцияға бұрылып еді. «Ауа райына байланысты жүрмейді»,— деп хабарланғаннан кейін қызының үйіне барған. Міне, жалғыз аяғын сүйретіп тағы келіп отыр. «Ертеңге дейін шыдаңыз, машина тауып апарып тастармыз»,— деген күйеу баласының сөзіне де құлақ асқан жоқ. Айтқан сөзі мұрнының астынан әрең естілетініне қарап, о баста күйеу баласын тым жасық па деп қалған. Келе-келе ісіне мығым, тиянақты екенін байқағанымен, неге екенін өзі білмейді, алғашында көзіне жағымсыз көрінген күйеу баласына ешқашан іші жылыған емес.

— Қарсаққа автобус бола ма?— деді алақандай тесіктің ар жағында әлдекімге телефонмен сөйлеп жатқан әйелге.

— Болады, болады!

Тұла бойы жеңілденіп сала берді, балдақтарын тықтық еткізіп шапшаңдай адымдады да, анадай жердегі орындыққа келіп отырды.

Ашылып-жабылған сайын сыңси жылаған есікке дамыл таптырмай ерсілі-қарсылы жүгіріскен жолаушыларда тыным жоқ. Бірі кіріп, бірі шығады. «Уһ...» балдақты кісінің жаны енді ғана жәй тапқандай.

Алдынан көлденеңдей өтіп бара жатқан жігіті:— Ура,— деді,— жолымыз жеңіл екен!

— Тоқтай тұр, алдымен жетіп алайық, содан кейін

куанарсың.— Тәмпіш мұрын, сары қыз қасына жайғаса берген жігітке қарай ығыса жақындап отырды.

Қақалып-шашалған дауыс істілді. «Тындаңыздар, Маяк — Көктерек — Қайнар — Петровка — Қарашілік — Викторовка — Қарсақ маршруты бойынша автобус рейсіне билет сатылады».

Жұрт жапатармағай «касса» деген жазуы бар терезеге лап қойысты.

— Мен бірінші тұрғам...

— Жоқ мен!

— Әй, сен әлгінде ғана келдің ғой.

— Жарқыным-ау, несіне аптығасың?

— Неге аптықпаймын, үш күннен бері үйіме жете алмай жүрсем.

— Жалғыз сен бе екен...

Балдақты кісі бірінің алдына бірі кимелеген жұрттың соңын ала жеткені сол еді, «этәй» деген таныс дауысты естіп, елең етті.

— Біз жоқта кетіп қалғаныңыз не?— Қызы анадайдан сөйлеп келе жатыр.— Айтып кетпейсіз бе? Және мына тұрысыңызға жөн болсын, кезексіз-ақ алмайсыз ба билетті.

Қызы бұны алға таман жетелей жөнелді. Әп-сәтте иін тіресіп үлгерген қалың нөпірдің арасынан қалай өтудің амалын таппай қипақтаған әкесіне назар аудармастан алға ентелеп барады. Қайта-қайта «жүріңіз» деп қояды. Бір-екі аттадым дегенше қызы кассаның алдына жетіп қалыпты. Алдыңғы жақ у-шу боп жатты. «Ол мүгедек... оған билет кезексіз берілуге тиіс...»— деген қызының шәңкілдей шыққан үнінен тіксініп қалды. Дереву кейін бұрылып кетті.

— Мүгедек болса, үйінде отырсын.

— Мүгедектердің машинасы болмаушы ма еді?

— Жұрттың бәрі мүгедек қазір.

Қызы бастап, өзгелері қостай жөнелген «мүгедек» деген жексұрын сөзді бірінші рет естіп тұрғандай. Бұрын-соңды мән бермепті: сол аяғынан айырылғалы қай заман, бірақ жанына ауыр тиген жаңағыдай сұмдықты бұған шейін сезініп көрмегені рас-ты.

«Онысы не»,— деп қалды іштей.

— О несі-эй,— даусы қаттырақ шықты.— Мыналардың мүгедек деп тұрғаны мен бе... Иә, иә, мен екен ғой, мүгедек...— Бейнебір жаңа көргендей сол жағында қисайған балдағына тесіле қарап отыр.

— Алыңыз, міне, билетіңіз... мыналарға ерегіскенде, әйтеуір бірінші алдым-ау, бұ жұртты қой, не болса, соған шулап шыға келеді, бір үзім нанға таласқандай сонша жанталасқандарын айтамындағы...

Әкесі үндеген жоқ. Бал-бұл жанған қызының жүзіне тіктеп қарай алмай тұнжыраған қалпы отыра берді.

— Билетті қалтаңызға салыңыз, ал мынаны апама анарып берерсіз.— Буылтықтапқан дорбаны әкесінің қолына ұстаты.

— Бұ не тағы?

— Апам төр көрпе тігіп беремін деген, соның керекжарағы ғой. Ал, өзіңіз неге асықтыңыз, жолда суық тиіп ауырып қалсаңыз...

— Ештеңе етпес, біздің бас ыстыққа да суыққа да піскен бас қой...

Қызы әкесінің нені емексіткенін түсінбесе де әлгіндегі көтеріңкі күйінен лезде арылды.

— Апама үнді шәйін бере алмадым,— деді ақтала сөйлеп,— құрып қалғыр, кейінгі кезде мүлдем түспейді...

— Е, оның несі таң, адамдар не болса содан қайыршылық туғызуға әуес емес пе, қазір жоқтықты қолдан жасап жүрміз ғой...

Қассаның алдындағы жұрт сирей бастады. Билет алған соң қай-қайсының да көңілі орныққандай. Енді бар-

лығының назары сыртта, автобус қашан келеді деп тықыршып жүр.

— Келесі жұманың аяғында біз де барып қалармыз ауылға.— Қызы сөзін одан әрі жалғастыруға батылы жетпегендей, жөткірініп-жөткірініп қойды.— Әлгі... әлгі документтерді дайындап жатырмыз...

— Ретіне келтірсеңдер, дайындандар, маған бәрібір, машинасын бере қалған күнде де оны мінетін өздерің.

— Бәрі дайын, тек сізді машина жүргізе алады деген право керек, соны алсақ...

— Оны қайдан аласындар?

— Ой, әтәй, сіз де қызықсыз, тілін тапса, бұ дүниеде шешілмейтін мәселе бар ма? Соғысқа қатысқаныңыз, аяғыңызды бергеніңіз рас, сіздің орныңызда басқа біреу болса, жүгіріп жүріп, баяғыда алмас па өзінің тиісті үлесін, ал сіз...

Әлденеден қатты жапа шеккендей қызы қабағын түйіп алды.

Кенеттен жұрт есікке лап қойысты. Бұл екеуі де орындарынан тұрып, сыртқа беттеді. Қатарынан екі автобус тоқтай қалыпты.

— Міне, міне, мынаған...— Маңдайын күнбатысқа бұра берген автобуска қызы басқалардан бұрын жетті.

Әкесі асыққан жоқ. Жақындай келе ысырыла шегініп, қолтығынан демей көмектескендерге басын изеп, ішке кірді.

Үшінші қатардағы орындыққа қызы жайғасыпты.— Осы жерге отырыңыз, әтей... ал, мен, кетейін, сізге орын алып қояйын деп... дұрыс болды...

Әлі ішке кіріп үлгермегендердің ара-арасынан қыстырыла қарсы снтелеген қызы әрең дегенде шықты-ау далаға. Басындағы түбіт шәлісі беліне оратылып, шашының ұйпа-тұйпасы шығыпты. Терезенің бергі жағынан өзіне мойнын созған әкесін байқамады, шәлісін

сілкіп-сілкіп, қайта тартып алды да шапшаңдай адым-дады. Қарсы соққан желден пальтосының етегі екі жаққа даландап барады.

Автобус лық толды.— Бәріңде билет бар ма?— Шофер үш қайтара сұрады.

* * *

Тас жолмен жүйткіген автобустың екі жақ қапталынан гуілдеген жел әйнекті тарс-тарс соғады. Жолдың үстін көлденеңінен кестелеп, ерсілі-қарсылы зуылдаған иірім толқындар көз тоқтатар емес.

Әлдеқайдан ышқынып-ышқынып жеткен үн көңілге мазасыздық ұялатқанымен, құлақ құрышын әбден қандырып алғаннан кейін жан-жүйкеге жәйлі тиер біркелкі әуен боп ұласқан. Шартарапқа алып-ұшып ойнақшыған боранды даланың манағы сәттегі сорақы ай-найы бірте-бірте жолаушыларды ұйқыға шақырып, маужырата бастапты. Жағаларын көтере қымтанып, бойларын сиқырлап үлгерген бейжай ызыңға еліте қалғып, бастары анда-санда ербендесіп қалысады.

Орын жетпей түрегеп тұрғандар көрінбейді, сірә, олардың бәрі бірінші аялдамада — Көктеректе түсіп қалса керек. Алға зымыраған автобустың шапшандығы артқан сайын сыртта соққан суық жел де күшейген. Адамдардың ыстық демі салқын әуені әрлі-берлі сызғылап, әп-сәтте буға айналып жатыр. Қырау қатқан терезе әйнегінің, аржағынан жанарға ештеңе шалынар емес, тек жер-көкті билеп-төстеген баяғы сарын келеді құлаққа. Аһылап-үһілеген сол сарынға ілесіп-ілесіп барып, арақидік мотордың гүрілі шарылдай ерекшеленеді. Ішін тартып, ұлыған желдің жанында мотордың гүрілі соншалықты қораш.

Шал өзінен-өзі жымып қойды. Анда-санда оқшау-

лана шыққап мотордың даусы оған катерден қашқан тазыдай елестеп кеткені. Басына төнген қауіптен құтылуға дәрмені жетпей жанталасқан тазының шаңқ-шаңқ еткеніндей естілген үннің көз алдына ап-анық сурет әкелгеніне таң қалды. «Тәйірі-ай,— деді ішінен,— адамның ойына не болса, сол түседі екен, тәйірі-ай».

Даладағы желдің беті кері қайтайын деді ме, әлден уақытта мотордың гүрілі күшейе түсті. Ұзақты күн дес бермей аласұрған боранның баяулап, кілт үзілгелі тұрған әнін өзі жалғастырып әкететіндей. «Дүние кезек... дүние кезек...— Құлағын сыртқа түргенде, тіліне оратылған сөз осы болды.— Дүние кезек дегендей, бірде ит болып қуарсын, бірде ит болып-ақ қашарсын... бірде мотордың мына қотыраш гүріліндей жапан түзді төбене көтерерсің, бірде...»

Белгілі жылдамдықпен жүйткіген автобус село шетіне кіргенде майда жүрісінен жаңылып, қалғып-мүлгігендер оқыс қимылдан бастарын көтере елендесті.

— Бұл қай жер?

— Петровка.

— Бес минут аялдаймыз,— деді шофер,— әрі қарай баратындар қалып қойып жүрмесін.

Қоржындарын арқалай, сумкаларын көтере екі-үш адам есікке беттеді. Автобустың ішін суық ауа кеулей жөнелді.

— Есікті жапсаңдаршы жылдамырақ. Аяқтарын сүйрете алмай жүрген бірөңкей...— Артқы жақтан әлдекімнің ашулана күңкілдегеніне өзгелері мән беріп жатпады.

— Сыртқа бой жазып қайтпаймыз ба?— Мойнын жағасына тығып бүріскен серігі сауалына түсінбегендей шалдың балдағына қарады.

— Жылы орнымызды суытып қайтеміз, отыра берейік те,— деді өз-өзінен ақтала.

— Отырайық ендеше...— Шолақ аяғын іргеге жақып-

датып, сау аяғын соза түсіп үнсіз қалды. Ұйыған арқасын жазып, қозғалып-қозғалып қойды.

— Бұ құдайдың құдіретін айтпа,— деді тағы қозғалып жатып.

— Нені айтасыз, ақсақал?

— Құдайдың құдіретін айтамын.

— А-а-а...— Көз қиығын бұған жүгірте отырып, серігі ұзақ есінеді.

«Бұ құдайдың құдіретін айтамын-ау.— Әлгінде үзіліп қалған ойын жалғастырды.— Қырық бес шақырым жолды жүз жиырма шақырымға созу кімге қажет болды екен. Күні кеше дейін, бұдан он жыл бұрын ба... бәрібір күні кеше ғой, ауданнан ауылға жету үшін дәл осынша сарсылмайтын едік. Тіке жолмен жүргенде, шай қайна-тым уақыттың ішінде ауылдың тұсынан дік ете түсетін-біз. Ол кезде моторы желмен жарысқан мұндай машиналар некен-саяқ қатынаса да ауданмен екі ортада мылығып сергелдеңге түспейтінбіз. Әй, бірақ, қазіргідей сендей соғылысқан адам жоқ еді ғой, сірә, сондықтан да. Ал, мынауымыз не жүріс? Бағыты бір-біріне қарама-қарсы ауылдарды аралап келеміз, аралап келеміз».

Шашырай орналасқан ауылдарды түгел сүзіп шыққанда, басқаны білмейді, өзінің екі шекесі зіркілдей бастайды.

Кесір қылғандай бұл ауылдардың бәрі дерлік тас жолдың бойынан мүлдем әрі орналасқанын қайтерсін. Әрқайсына кіріп шыққан автобус шайқалақтап тас жолға қайта жеткенше, діңкені әбден құртып бітеді. Басыңды автобустың төбесіне әлденеше соғып, дөпеңнің салсалы шығады. Содан кейін өз-өзіңе келіп көр. «Бұ құдайдың құдіретін айтпа, сайрап жатқан тура жолдан тайғызып, бұрыш-бұрышты кездіріп, осынша жерді айналып өтуге мәжбүр қылған. Бұрын отыз жеті тиын беріп, әне-міне дегенше жетіп келетін үйіме жету үшін

енді екі жарым есе артық төлеуім және бұл үшін қосымша азап шегуім керек. Пұлында түк жоқ-ау, әттең көлденең зардабын айтамын-дағы. Тура жолдан айнытып қойған бұ құдайдың құдіреті шынында да мықты екен!?»

Серігінің басы иығын жанай өтіп, омырауын қағамұның балдағына сақ етті. Қапелімде ештеңеге түсінбей ұйқы қысқан көзін жыпылықтата берді. Аңырып біраз отырды да түсіп кеткен тымағын көтерді. Балдақтың тиген тұсы қатты ауыртса керек, сәлден соң басын қос қолымен ұстай алды. Ұйқысы да ашылып, бірден есін жиды. Қабағын түйіп, шалдың балдақтарын оқты көзбен атқанымен, тіл қатқан жоқ.

Орындықтың астына құлаған балдақтарын байқамағандай шал да үндемеді. Маңғаз қалпынан өзгермей нық отыр. «Бұ не ұйқы, қара бастырған» дегендей, серігіне көз қиығын жүгіртіп еді, анау тымағын сілкіп киіп жатты. Содан кейін бүкшендеп, балдақтарды көтерді.

— Жата берсін, қайтесін,— деді шал жақтырмай.

— Сынып қалып жүрсе...

«Рас-ау, сынып қалып жатса, не істер едім». Қасындағы жолаушыға іші жыли бастады.

— Өзің қайда барушы едің?

— Қарашілікке, ақсақал... сонда ағам тұрады, соғым сояды екен, соған шақыртып...

— Е, о не соғым, қыстың бел ортасында?

— Неге дерің бар ма, ақсақал. Реті солай келген шығар...

— Жөн, жөн...— Үнінде бейтанысты әңгімеге шақырғандай сынай бар.

— Шамасы, ақсақал, соғысқа қатысқансыз-ау...— Сұраулы кейіппен әлгі әзірде іргеге өзі сүйеген балдақтарға қарады.

— Иә... қатысқанбыз... қатысқанбыз...— Ұзақ күрсін-

генін аңғармай, бір сөзді әлденеше қайталады,— қатысқанбыз...

— Аяғыңызды сонда бергенсіз-ау?

— Сонда. Басқа қайда дейсің?

— Берлинге шейін жете алдыңыз ба?

— Жоқ... Венгрия жерінен кері қайттым, бір аяғым сонда қалған.

— Бұған да шүкіршілік, ақсақал...— Бейтаныс шешіле бастады,— біздің үйден үш бірдей азамат соғыстан қайтпады ғой, шіркін! Ең үлкен ағамыз Қәстай финдермен соғыста қаза тауыпты, ортаншы ағаларымыз — Мұсабек пен Балтабай немістермен соғыста хабарсыз кетіпті... бәрінің де туыстарға өлеңдетіп жазған хаттарын әлі күнге шейін ауылдың қарттары жатқа соғады. Шіркін, тым болмаса, біреуі тірі оралмады ғой. Кейін, есейгеннен кейін іздедік, Москваға шейін жаздық. Хабар жоқ, әлі хабар жоқ.

— Е-е-е... талай қыршын кетті ғой оралмастан... айтуға тіл жетпейді... ондайды қайтып көрсетпесін адам баласына, бізбен-ақ кетсін пәлесі.

— Біздің әкеміз тоқсанды игеріп дүние салды. Қашан көзі жұмылғанша үш ұлының қазасына сене алмай-ақ кетті ғой. «Іздемейсіңдер, сендердің хат танығандарыңнан не пайда»,— деп, бізге өте-мөте налитын. Шіркін, біреуі оралғанда, мейлі мүгедек, жарымжан болса да, әттең...

— Мүгедек боп дейсің бе?

— Иә, ақсақал, мүгедек боп оралса да арман жоқ еді ғой!

— Қайдам, балам, о да оңай шаруа емес-ау. Деніңнің сау, он екі мүшеңнің түгел болғанына ештеңе, әй, ештеңе жете қоймас!

— Бәрібір, бірақ тірі жүрген жақсы ғой, ақсақал. Кеудеңде шыбын жаның тұрғанда, қалай қиярсың жа-

рық дүниені. Қандай кемтар болсаң да тіршіліктің қадіріне татитын не бар!?

Қарт оған алғаш рет назар сала қарады. Керемет құштарлықпен айтылған оның соңғы сөздерін іштей қайталап шыққанына да мән бермеді.

Тұла бойын мұны мен қуанышы аралас сезім билей бастады. Рас қой: тіршіліктің қадіріне татитын ештеңе жоқ. Мына түрімен — жалғыз аяғымен жетпісті желкелеп келе жатқаны сол тірліктің арқасы емес пе!

— Мәселен, сіздер...— Көршісі сөзін сабақтады.— Сізді айтамын... қандай қиындықты бастан кешсеңіз де бағыңыз бар екен, аман-есен елге оралдыңыз.

— Тәубе дейін, көретін жарығымыз бар екен! Жыл өткен сайын қатарымыз да сиреп бара жатыр. Бір кезде сол сұрапылды көзімен көргендерден ешкімнің қалмайтынын ойласаң...

— Иә, иә, қатарларыңыздың селдіреп, сирей бастағаны рас. Айналып кетейін үкімет те сіз сияқтыларға ерекше қамқорлық жасап отыр ғой. Бәрі дұрыс. Өзіңіздің жеке меншік машинаңыз бар шығар, ақсақал?

Сұрағына жауап тоспай әңгімесін жалғастырды.— Біздің ауылда өзіңіздей, жо-жоқ, екі балдақпен емес, бір балдақпен жүреді... жуырда ғана үшінші машина ауыстырды. Бір тиын ақша төлемейді, қайда екенін білмейміз, жоғары жаққа шығар, жазып-жазып, ретін табатын көрінеді. Бәрі дұрыс қой... айналып кетейін үкімет біледі ғой кімдерге не жасайтынын... бірақ кейде, әлгі кісіні айтамын, тым-тым асыра сілтейді. Соғысқа қатысқан жалғыз өзі сияқты, міндетсімейтін есігі жоқ. Тірлігіне қарап отырып, өзің ұяласың.

«Жеке меншік машинаңыз бар шығар деді-ау, тіпті сол құрғырдың менде жоқтығына күмән туғызсайшы. Қызық! Соғыстан оралған алғашқы жылдары мұндайды ешкім ойламайтын, ал кейіннен ойлағанмен, құнтта-

мады. Қазір ше? Кім көрінгенді мазалап, кез-келген мекеменің табалдырығын тоздыруға дәті жетпес. Ержетіп үлгерген балаларының: «Өзіңе тиесілі ырысыңнан бекерге қашасың, неге қуынбайсың, неге арызданбайсың»,— деп ренжитіні мұның шамына тиетін. Әне, өздері-ақ бәрін реттеп жатқан көрінеді. Алса екен сол «бұған тиесілі машиналарын», құлағыма тыныштық болар еді. Бұл жұрттың бәрі алдын-ала ақылдасып қойғандай, ойларының бір жерден шығатынын қайтерсің. Менен басқаның бәрі мүгедектерге үкімет тегін машина беруге тиіс екенін және оны қалай алу керектігін біледі.

Қалың ойға шомған қарт серігінің соңғы сөздеріне құлақ түрмеп еді.

— Үндемей қалдыңыз ғой, ақсақал, әлде маған ренжіп...

— Жо-жоқ, шырағым, жәй әншейін, есіме әлденелер оралып...

— Артық кетсем, айыптамаңыз, ақсақал. Әлгіндегіні көңіліңізге ауыр алдыңыз ғой деймін.

— Не... нені?

— Әлгі біздің ауылдағы әріптесіңіз туралы жаман айтқаным, аяғынан айырылып, соғысқа қатысқан жалғыз өзі сияқты дегеніме... емініп бармайтын жері жоқ дегеніме... Кім білсін, бәлкі дұрыс та шығар?

— Е-е-е...— Ыңылдай әндеткен даусынан шалдың дәл қазір нендей емеурін танытып отырғанын аңғару қиын еді.

Бұдан әрі әңгімелерінің қиюы кеткендей екеуі де томаға тұйық қалды.

Тас жолдан оң жақтағы сорапқа еңістеген автобус аяғынан сүрінген аттай тағы да кібіртіктей берді. Қасындағылардың мойнын соза елендескендерінен-ақ шал өздерінің Қарашілікке жақындағандарын ұқты.

Бұл өзі баяғыда, атышулы орта мектебі бар ірі ауыл

болатын. Осы маңның ойы-қырынан Қарашілікте кезінде оқымаған жан жоқ шығар, сірә. Шамалауынша, аудандағы қазіргі мекеме басқарып, шот қаққандардың көбі кезінде Қарашілік мектебін бітіргендер. Қайбір жылдары баласын оқытамын дейтіндердің ат арытын, Қарашілік пен екі ортада жолды тоздыратыны шалдың әлі күнге есінде.

Қазір бастауыш кластары бар ма, жоқ па білмейді, кезінде дүрілдеген даңқының ізі де қалмаған шүйкедей ауыл. Жергілікті тұрғындарының біразы арғы Петровка, одан қалды бергі Викторовкаға көшіп, кәсіп қылып алаңдар ештеңе қалмағаннан кейін, соңғы он бес жылдың ішінде ауыл сәнінен мүлдем айырылған.

Біреп жылда өзгелерін де басқа совхоздарға көшіріп әкетеді деген қауесет бар. Жалғыз Қарашілік емес, бір кездегі Сүйін, Олжай, Өзекті, Бұлақ сияқты елді мекендердің бұ күнде жұрты да қалмай, әр жерге сіңісіп кеткенін шал жақсы біледі. Ескі жұрттарының орны қазір жайқалған егін.

Ұсақ ауылдарға соқпастан, бұрылыссыз тартылған тас жолдың мәнін енді түсінгендей, таңдайын қағып-қағып қойды. «Түптің-түбінде бәріміз де сол тас жолдың іргесіне көшетін шығармыз, әйтпесе қол созым жерге тас жолды соза салу сөз бе, тәйірі» деген ой қылаң етті.

Әне-міне дегенше, автобус тоқтап үлгерді.

— Ал, отағасы, келдік, міне. Ағамның үйі — менің үйім! Қонакасыңызды жеп кетіңіз,— деп жылы ниет танытқан жолсерігіне риза боп, рақметін айтып қала берді.

Автобустан содан басқа түскен де, мінген де ешкім шалынбады.

«Жалғыз адам үшін осынша айналуға мәжбүрсің»,— деп күңкілдеген шофер тас жолға қайтадан жетуге асыққандай рулін шұғыл бұрып жібергенде, ішіндегілер орындарынан сырғып-сырғып түсті.

Викторовкаға жеткенде жолаушылардың түгелі дерлік түсіп қалды. Ұзынынан-ұзақ созылған селоның басынан аяғына шейін үш аялдап, шетіне шыққанда, автобустың ішінде шалмен бірге үш адам отырды.

Екеуін де мана, автостанцияда көрген: тәмпиш мұрын сары қыз бен көзі жыпылықтап, айналасына алақ-жұлақ қарай беретін жігіт. Боп-боз жанарының сұғанақтығын шал жақтырмаған. «Кімнің жамағатысындар» дегендей, оларға көз қиығын жүгіртіп өтті. Бұрын-соңды ауылда кезіктірмеген, танымайды екен. Сірә, мектепке жаңадан келген мұғалімнің туыстары шығар деп ойлады.

Сайраған жол таусылып, енді сол жақта шиырланған сораппен төменге беттегенде, мотордың гүрілі өзгеріп шыға келді. Күні бойғы жылдамдығынан жаңылған автобустың жүрісі де зілдене түсті.

Мотордың қақалып-шашалғанынан-ақ шалдың көңілін секем билеп, терезеден сыртқа үрейлене қарады.

Күн батқалы кашан, бірақ төңірек жап-жарық. Аппақ қардан басқа көзіне түк шалынбады.

Құлаққа қысқы кеште терезені пергілеп, гөй-гөйлетіп жөнелген жел әуезі үзік-үзік жетіп жатыр.

Автобус кілт тоқтады.

— Әрі қарай бармаймын.— Шофер артына бұрылып қараған да жоқ.

Шал «неге» деп сұрап үлгермей, тәмпиш мұрын сары қыз: «Біз Викторовкада қалсақ қайтеді, ағатайымның үйіне соқпай өте шыққанымызға өзім де ыңғайсызданып отыр едім»,— деді. Даусында қуаныш бар.

— Эттеген-ай, ә?— Шал шоферға біртүрлі қиыла қарады.

— Әрі қарай бармаймын.

Ешкім жауап қатпады. Жанарын тайдырып әкеткен шофердің желкесіне неліктен тесіле қалғанын түсінбеді. Әйтеуір тап қазір мынау тоңмойын желкеге тәуелділігін,

қазір мынау тоңмойын желке қалай қисайса өзінің де солай қисаюға мәжбүр және бұған дайын екенін ұққанда, шарасыздықтан жерге шырт түкірді.

Шофер оқыс қимылмен жалт бұрылды, бірақ тіл қатқан жоқ. Шал да айылын жимастан шофердің бетіне бақшия қадалып тағы бір түкірді.

— Мен бармаймын дедім ғой.

— Бізді орталықтағы аялдамаға жеткізіп салсаңыз,— деді қыз бен жігіт қосарлана.

— Неге бармайсың— деді шал анау екеуіне жақтырмай қарап.

— Көрмей тұрсындар ма, жолды қар басқан, бұдан әрі жүре берсең, тіпті қиын... Қалың қар...

— Шырағым-ау, бататындай емес дәл мына жер. Сен қырсықпа.

— Маған емес, анау бастықтарыңа айт. Он сегіз шақырым жолды тазалап қою совхоздың міндеті, толып жатқан тракторлары бар, неге аршып тастамаған?

— Сен бәрін әдейі істеп тұрсың. Теп-тегіс жолға әбден кәнігіп, жаман үйренгенсің.

— Қалай үйренсек те, кейін қайтамын. Қаласың ба, әлде...

Шофер автобустың алдыңғы есігін ашты.

Суық ауа лап қойып, желдің азынаған гуілі күшейе естілді. Қай-қайсының да денелері тітіркеніп қалысты. Әрі жылы әрі жарық автобустың ішін ешқайсысы да қия алмайтын сияқты.

— Қалсандар, орталыққа апарып тастаймын, әйтпесе қайтадан ауданға жүріңдер.— Шофер есікті жауып, машинасын бұрып үлгермей: «Әй, көргенсіз, тоқта!»— деген өктем үннен селт етті.

— Ең әуелі, билетімнің құнын қайтар.— Түсуге ыңғайланып, балдақтарына қол созды.

— Қалайша? Ауылдарыңның іргесіне әкеп салдым, қалғаны он сегіз шақырым.

— Сол он сегіз шақырымның пұлын бер деп тұрмын саған. Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп дәндеген екенсің. Неге біздің жағдаймен санаспайсың?

— Біздің кім? Жалғыз-ақ адам... өзіңіз ғана...

— Сонда не, жалғыз адам — адам емес пе!

Шал асықпай шофердің ұсынған тиынын санады. Содан кейін балдақтарын тарс-тарс еткізіп, есікке беттеді.

* * *

Бұрылып алып зырлай жөнелген автобусты көзімен ұзатып салған қарт балдағына сүйеніп, орнынан тап-жылмай біраз тұрды. Алақанына уыстай қысқан тиындардың өзін бөгеп тұрғанын сонда ғана түсінді. Саусақтарын жаза түсіп еді, темір тиындар қолын қарып әкетті. Бәріне тиындар кінәлідей, шашып жіберді.

Қалтасынан биялайын суырып жатып есіне түсті, қызының берген түйіншегі автобуста қалыпты. Соны алып жүрерлік жағдайының жоқтығына қарамастан «қап, ұмытшақтығым-ай, қалай тастадым екен» деп өкініп тұр. Бәрінен бұрын әлгі тоңмойын желкенің мәз болатыны жанына батыңқырап кетті.

Шолақ тонының етегін көтеріп әкеткен жел бірден есін жиғызды. Өзінің қайда тұрғанын да түсінбегендей жан-жағына елегізі көз жүгіртті.

Қол созым жерде жарықтары жылт-жылт еткен үлкен село жатыр. Оның орта тұсында бұның ағайындарының үйі бар. Қайсысына барса да есіктері ашық, құшақ жайып қарсы алатындары анық.

Алдыңғы беткейге қарап еді түтеп тұр екен. Кейін қарай бұрылғанын өзі де байқамай қалды. Бірақ әлгінде есіне түсірген туыстарының өзі екі ай төсек тартып жатқанда, халін біліп, ауруханаға ат ізін салмағаны ойына

оралып, адымын қайтадан бәсеңдетті. Мұнысы тіпті өкпелегендігі де емес, осы ғұмырының ішінде ағайынға жеке басының салмағын артып базыналық қылғаны кемде-кем. Бірақ қазіргі пұшайман түрін соларға көрсеткісі келмей тұр ма, өз-өзінен жалғыз аяғы шегіншектей берді.

Тәңіріне сыйынып, тәуекелге бел буды. Балдақтарын ұстап екі-үш қадам алға жылжыды.

Шамдарының сәулесі жымың-жымың етіп, көңілін алаңдатқан жаққа қайтсе де қарамауға тырысты. Көз қиығын бір рет салса, самаладай жарықты қимайтын сияқтанды. Қимады дегені кері бұрылу ғой...

Біраз жерге шейін артына қарамауға дәті шыдағанымен, биік бағаналардан айналасына нұр шашқан электр жарықтары әжептәуір жерге ілесіп кеп, бірте-бірте көмескі тартты. Ешнәрсені бажайламай жүріп кеткен шал жер-көкті астастырып жіберген ақ қардың сірескен беті көкшіл түске еніп, қоюланған сайын өзінің алдынан шыққан түннің қандай да әміріне құлдық ұруға дайын екендігін сергектікпен түйсінді. Енді көңілі қалған сәтте де кері қайрылмайтынына сенді.

Пимасының табаны сықырлап, ағаш балдақтардың дыбысы тым тықыр, қатқылдау естілді. Желдің саябырлаған сыңайы байқалды. Енді балдақтардың тықылы мүлдем өктемденіп, бүткіл даланы басына көтерді. Қанша тырысқанымен, заты ағаш емес пе, икемге көнер түрі көрінбеді. Икемге келтіремін деп әрекеттенгенімен ыңғайлы жүрісінен жаңылып, аяғы шатаса берді. Амалсыздан әуел бастағы аяңына салды.

Манадағыдай емес, өн бойына жылу тарап, үстіндегі киімдері ауырлай түскендей. Әбден жылынып алғаннан кейін бе, күні бойғы дамылсыз соққан боранның түнге ешқандай қатысы қалмаған тәрізді. Аракідік құрғақ қардың көпіршіктері жоғарыға қалқып ұшып, қайтадан сол орнына ұп-ұсақ боп үгітіле қонақтап жатыр.

Жолды қар басыпты дегені шофердің сылтауы боп шықты. Ештеңе жоқ, әлгіндегі автобустың осы жолмен бұдан да сорақы кезінде талай-талай жүріп өткенін көрген. Мәселе адамында болып тұр ғой. Нұсқасын ұрайын, ұсқынсыз неменің. Он екі мүшесі сау болғанда ғой, ұсқынсыз неменің шодырайған желкесінен нұқып отырып ауылға жетелеп келер ме еді, шіркін, қайтер еді? Бармаймын дегеніне, оп-оңай түсе қалғанын қайтерсің. Бойдан қуат қайтқаннан кейін қайратынан не пайда. Қайратына мінген түрі міне ғой. Әйтпесе жарты жанын сүйретіп, ауруханадан шыққан адам жаяу жүре ме?!

Әттең әлгі тоңмойын бұдан тым жеңіл құтылды-ау. Бәрінен де жанына сол батып келеді. Алғашында жолды қар басып қалды дегеніне шынымен нанған. Және мотордың да қақала бергені рас-ты. Таспадай тілінбегенімен, бұ жолдың да біркелкі теп-тегіс екені көзге ұрып тұр. Ал, әлгі нұсқасын ұрайын, ұсқынсыз неме, мені алдап соққанына мәз боп бара ма екен?

Жолға жақын тұсынан селдірей басталып, бірте-бірте қалыңдаған ағаштар қайысқан орманға ұласады. Өзі келе жатқан жолдың бойына бірде бауырлай, бірде алыстай аулына шейін жалғасып, қайыңы мен қарағайы араласқан қалпы Түкті тауының етегіндегі сыңсыған орманға барып сінеді.

Бірақ оған жеткенше қашан!? Әзірге орман мұны шеті мен шегіне бойлатпай келеді. Бірақ бұ да болса, жапына сая, ну ағаштың қасында аяз беп желдің мысы кәдімгідей басылып, дүние атаулы жуаси қалады екен. Балдақтарының да тықылы өзгеріп, бағанағы басына шапқан дарақы үнінен сап тыйылыпты. Әлдеқайдан сумаңдай жеткен желдің үп еткен лебіне дейін ағаштар қағып алып, бойларына дарытқандай. Өзгелермен салыстырғанда орманның тірлік-тынысы соншалықты паң, сыбдырлап-сыбырлағанына шейін сұсты.

Аспанда жұлдыздар самсап тұр. Шал адымын шапшаңдатып, біраз жерді игеріп тастадым-ау деп, жоғарыға көз тастаса, сол жұлдыздар сол баяғы нүктесінен бір елі жылжымайтынын қайтерсің. Автобустан түскен бетте маңдай алдынан жарқырап, жетіқарақшы қарсы алып еді, әлі қарсы алып келеді. Не жақындатпайды, не алыстатпайды. Жұлдыздарға қараса, шал орнынан қозғалмай бір жерді таптап тұра берген.

Енді жанарымен аспанды сүзбеуге тырысты. Жанарымен аспанды сүзсе, қауқарсыз қалғаны жанын жегідей жейтінін түсінді. Шалқақтаған тірлік тек қана мұның дәрменсіздігін айғақтап, мойнын созған сайын одан әрмен аспандай түседі екен. Жұлдыздарға қарағаны не теңі еді! Еңсесі езіліп, алға басқан аяғы кері тартқандай. Осы келе жатқаны өзіне мәнсіз бірдеңедей көрініп, жүрісін мүлдем баяулатты. Түрегеп тұрған қалпы тоқтап еді, екі қолтығы удай ашыды. Әлі бір рет те аялдамағаны есіне түсіп, балдақтарын сүйрете жолдың жиегіндегі оппы қарға жақындады. Бәрінен бұрын титығына жеткен — қолтығы. Балдақ қатты батса керек, отыра бергенде біреу біз сұғып алғандай ауырып, жанына батқандықтан даусы да шығып кетті.

Әбден жайғасқанда білді, денесі салдырап, қатты шаршапты. Балтырынан әлдене шанши жүгіріп, аяғы сырқырап қоя берген соң қолын апарып еді, тізесінен жоғары кесілген санына тиді. Жо-жоқ, сау аяғы да емес сырқыраған, сонда қайсы? Ойпыр-ай, кесілген аяқтың орны сыздағанын кім көрген?! Сүрініп-қабына оршынап көтерілді. Өзін-өзі күштеп тұрды, әйтпесе жантайған жерінен қозғалуға тіпті де құлқы жоқ еді. Аздап көз шырымын алсам деген ойдан бәрібір арыла алмай түрегелді.

Бір алласына сиынып, тұлабойының түршіккеніне қарамастан, жанарын тарс жұмып, жүріп кеп кетті. Бас-

тапқыда қоян-қолтығынан сан мың ине қатарынан шаншылағандай шыбын жанын көзіне көрсетіп барып, әрең дегенде басылды-ау. Үш-төрт қадамнан кейін бәріне де көндікті.

Көнбегенде не істесін! О баста терісіне сыйғызбаған ашудың қызуынан алды-артып бағдарламастан шығып кетті. Енді қайткен жағдайында да намысына тырысып бағар. Көзсоқырлықпен де біраз нәрсе тындыруға болатынын қазір сезіп келеді. Бірақ алда-жалда әлдекім кездесе қалып, өзін көлігіне отырғызып әкеткен күнде мына сорлы түрінен ұяттан күйіп өлер еді.

Қанша шаршап-шалдықса да мүсәпір қалпында ешкімді жолықтырсам деп тұрған жоқ. Еңбектесе де, итшілесе де үйіне бір жетіп құлар. Жетіп бір құлармын-ау десе де, артына бұрылып зарыға қарады. Түннің мезгілсіз уағында кім жүрсін. Қарайған титтей де ноқат көрінбеді.

Ағаштар да шалқая ұзарып бара жатты. Жолдың бетін кесе-көлденендеген оппа қар да жиі ұшыраса берді. Көбік қарға малтығып, пимасының іші де қарға толғанына қарамастан жүрісін бәсендетпеді. Сәл-пәл жүрісінен жаңылса, мүлдем қозғала алмай отырып қалатын сияқты. Орман алысқа шалқайған сайын балдақтарының тықылы қайтадан үдеді. Бұтақтарын қар жапса да ағаштар анадайдан қарауытып, көңілге үрей ұялатады. Шалға бірақ бәрібір. Ну орман оған бала кезінен осындай пандығымен, сұсымен қымбат. Жол бойынан ағаштардың алыстағанына қатты қуанды. Ауылға жақындаған тұсында ағаштың қатары селдірей-селдірей көзден тасаланып, ізі мүлдем жоғалатын.

«Шіркін, тағы бір бел ассам»,— деп ойлады. Енді бір белден асса, аржағында — Қарсақ. Түтін түтеткен елу шақты үй. Ең шетіндегісі бұныкі. Шет демекші Қарсақтағы үйлердің бәрін шеткі деуге саяды. Өйткені үйлер

тік көшемен емес, дөңгелене орналасқан. Бірақ осы жол тура үйіне аппаратыны анық.

«Шіркін» дегізген соңғы белес шалға шынында да тым қиынға соқты. Қос балдақ пен жалғыз аяққа мұншалықты салмақ бұрын-соңды түсіп көрді ме екен. Есінде жоқ. Тіпті аяқ-қолы сау шағында да дәл осындай жаяу жүрген-жүрмегенін білмейді. Бәлки талай-талай жүрген шығар. Денің сау кезінде адам ондайға көңіл бөледі деймісің. Бес жыл соғыста Европаны жаяу аралағанын әдейі есіне алмай тұр-ау. Оның жөні бөлек қой. Жаяу жүргенімен, жалғыз қалып көрген емес.

Не де болса, тыныстап көрейінші деді. Балдақтарын бірден суырып алуға аяншақтанып, аз-кем тұрды. Оның үстіне аяғы бүгіле қоймады. Денесінен әл тайып, буын-буыны сырқырады. Сол балдағына сүйеніп, екіншісін төмен қоя бергенде, тепе-теңдігінен айырылып қалды. Екі балдағы да анадай жерге ұшып кетіп, өзі жолдың шетіне шалқасынан түсті.

Жетіқаракшы дәл төбесінен төне түсіп, төңкеріліп бара жатты. Жалма-жан жанарын аспаннан аударып әкеткен. Сау аяғына таман оңталанды. Тәубесіне келіп, жамбасы тиді-ау деген жерге үш қайтара түкірді. Сонда ғана біршама жеңілдік тауып, кеудесін көтеруге дәрмені жетті.

Ең алдымен түлкі тымағын іздеді. Ғұмырында терлемейтін шашы суланып, жалаңбас қалған аралықта суық аязға қатып үлгеріпті. Саусақтарымен самай тұсын шашырата уқалап, тымағын киді. Үш тағандап, ақсаңдай еңбектегенінің арқасында балдақтарын да жинап алды. Ербең-ербең қимылдап, екі қолымен жерге сүйене берді. Бүкіл салмағын қолтығындағы балдаққа артқанда, тағы да шыңғырып жібере жаздады. Екі балдағы бейнебір екі қанжардай елестеп кетті. Аһ! Тістерін шықырлатты. Ай, жаным-ай! Үнін шығармаймын деп тілін тістелей

бергенін аңғармады. Сүйегімді айдалада қалдырып, ит құзғынға жем қыла көрме деп тәңіріне жалбарынды. Ит-құзғынға жем болсам, ел-жұрттың мазағына ұшыраймын-ау деді.

Бәрінен де гөрі артындағы жалғыз ұлы жұрттың табасына қалып жүрер деп қорықты. Пайғамбар жасынан асқан әкесі қаңғырып өліпті дегеннен масқара не бар.

Неңдей түлен тұртті мені бүгін? Мұның аяғы қайда апарып соғар екен? Көлденең кесепатыңнан сақтай гөр, құдайым. Мықтылық көрсетіп, өзіңді мұқатайын деген ойдан аулақ едім, қырсығыңнан сақтай гөр, құдайым. Кейбіреулердің өз бойларына сыймайтын қылыққа баратыны неліктен екен деп талай таң қалған. «Ғаріп әліңді, құмырсқа жолыңды біл» қағидасымен осы жасына шейін момақан тірлік кешкенде, көрген қорлығы жоқ сияқты еді. Сол жолынан аяқ асты қалай тайқып кетті? Ғаріптік жолын білгенмен, өзін қызының айдай әлемге күні кеше жариялап айғайлағанындай мүгедекпін деп те есептемейтін.

Сөйтсе, рас, мүгедек, бұ дүниеде екі аяғымен жерді тең баспағаннан соң, қалғанының құны бір тиын екен. Аяқтарын тең басқандарға жарасар жайттың ешқайсысы бұған үйлеспейді екен. Әркімнің өз бойына лайықты пішілген пешенесі бар. Бұл соны мойындағысы келмеді. Маңдайына жазылған жазмышынан озамын деді. Ыпырас, құмырсқа жолыңды біл, ғаріп әліңді біл.

Таңғы тыныштықты тілгілеп, аппақ даланың ұйқы-тұйқысын шығара көкке шапшыған жел барған сайын үдете соқты. Шалдың алдында жер дүние шайқалып-шайқалып кетті. Ұзақты түн демін ішіне бүккен боранның тынысы кенеттен кеңейіп, араны ашылғандай даланың апшысын қуыра жөнелді. Содан кейін құйқасын шымырлатқан запыран сарын басталды. Азынай уілеп

алып, тағы да сақылдай күліп, төбе шашын тік тұрғызды.

Шал бойын жиып алды.

Әне, әне, оймақтай аулы қылтиды. Түтеген боранның арасынан әрең шырамытқан үйі бір ағарып, бір қарайды.

* * *

Ертеңіне балдақты шалдың баласы шарқ ұрып, әкесін аудандағы ауруханаға жеткізетін машина іздеді. Тіл-аузы байланған қарт басын шайқап, «бармаймын» деп қанша ымдаса да кемпірі мен ұлы құлақ аспады.

Көлік таппай амалы таусылып тұрғанда, айы оңынан туып, үш тәулік бойы қарасын көрсетпеген автобустың келе қалғаны.

— Мен ауру тасымаймын,— деді шофер,— бірақ ақшаны көп берсеңдер, апаруға да болады, өзі жас па, кәрі ме еді, мүмкін жолды көтере алмайтын шығар.

— Тура жолмен жүрсеңіз, жарты-ақ сағат уақыт қой.

— Сендердің тура жолдарыңмен қашаннан машина жүретін еді?— Шофер мысқылдай күлді.

Не істерін білмей, далбасамен айта салған сөзінің мәнісін жігіт енді түсінді. Шынында, қыстың қыраулы көзі түгілі жаздың жайма шуағында да талай жылдан бері ескі сүрлеумен машина жүрмейтінін қалайша ескермеген?!

Басына оқыстан бір ой түскен ол жоғалғаны табылғандай, үйіне қарай тұра жүгірді. Ештеңеге түсінбеген шофер «бұ несі?» дегендей, жанындағыларға негімсініп нұсқай, жігітті көрсетіп басын шайқады.


Түс ауа шанаға жегілген пар ат ауданға апаратын ең қысқа жолға беттеп, ескі сүрлеумен жүйткіп баратты.

Шананың үстінде үшеу. Кемпірі шалын орап жатқыз-

ған тұлыпты қымтап, әлсін-әлсін бетіне үңіледі. Ұлы тіс-
теніп алыпты, божыны кіжіне тартқылап, аттарды аяу-
сыз қамшылайды.

Мұның бәрінен бейхабар шал, сонау ерте-ертеде,
қылшылдаған шағында өздері салған жол, қирап-мү-
жілгеннен кейін де өздері талай жөндеген жол, аядай
аулын сонау ерте-ертеде үлкен жер — үлкен өмірмен
тұңғыш табыстырып-жалғастырған жол, бірақ келе-келе
көз бен көңілден тасаланып, ұмыт қалған қазіргі ескі
сүрлеу — ауданға тура апаратын тіке жолдың үстінде
сапар шегіп бара жатқанын мүлдем сезген жоқ.

М. Топтаев. Мәдениет және өнер
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі



210030194548

МАЗМҰНЫ

Жуас	5
Шамның жарығы	22
Күннің алтын сынығы	40
Сондай бір сәтті күн	64
Ұзақ атқан таң	83
Он сегіз шақырым	112

Магира Кожаметова
ЗОЛОТОЙ ОСКОЛОК СОЛНЦА
р а с с к а з ы
(на казахском языке)

Редактор *А. Бупежанова*
Рецензент *Т. Иманбеков*
Художник *Л. Харламова*
Худ. редактор *Н. Бубэ*
Техн. редактор *Т. Габдулина*
Корректоры: *А. Аскарғалиева, К. Жумагулова*

ИБ № 1630

Сдано в набор 11.02.80. Подписано в печать 22.07.80.
Формат 70×108¹/₃₂. Бумага тип. № 1. Гарнитура
литературная. Печать высокая. Печ. л. 4,25. Усл.
п. л. 6,0. Уч.-изд. л. 5,66. УГ14281. Тираж
10 000 экз. Заказ № 466. Цена 35 коп.

Издательство «Жалын» Государственного комитета
Казахской ССР по делам издательств, поли-
графии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата,
пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения
полиграфических предприятий «Кітап» Государст-
венного комитета Казахской ССР по делам изда-
тельств, полиграфии и книжной торговли, 480046,
г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

